

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh National Pedagogical University named after Abay

ХАБАРШЫ

ВЕСТНИК

BULLETIN

«Юриспруденция» сериясы
Серия «Юриспруденция»
Series «Jurisprudence»

№4(54), 2018

Алматы, 2018

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
ХАБАРШЫ
«Юриспруденция» сериясы
№4(54), 2018

Бас редактор:
ТӨЛЕУБЕКОВА Б.Х. з.ғ.д., профессор

Бас редактордың орынбасары:
Бурибаев Е.А. з.ғ.д., проф.

Редакциялық алқа мүшелері:

Сабикенов С.Н.

з.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі, проф.,

Әбдіқанов Н.А. з.ғ.д., проф., Солтүстік Қазақстан облыстық Сотының төрағасы,

Цепелев В.Ф. з.ғ.д., РФ ИМ академиясы профессоры (Мәскеу),

Муратова Н.Г. з.ғ.д., проф.,

Казан мемлекеттік университеті, «Қылмыстық іс жүргізу» кафедрасының меңгерушісі (Казан),

Джон Берк. доктор права, «Таллинн» университетінің ректоры (Эстония),

Арабаев А.А. з.ғ.д., проф., Баласағұн атындағы ҚҰУ, Заң институты Ғылым орталығының меңгерушісі (Қырғызстан),

Хлус А.М. з.ғ.к., доцент, Беларусь мемлекеттік университеті (Минск),

Самарин В.И. з.ғ.к., доцент, Беларусь мемлекеттік университеті (Минск),

Айтмұхамбетов Т.К. з.ғ.д., проф. (Астана),

Сулейманов А.Ф. з.ғ.д., доцент (Алматы),

Шевцов Ю.Л. з.ғ.к., доцент, Беларусь мемлекеттік университеті (Минск),

Шелухин С.И. доктор PhD,

Джон Джэй Нью-Йорк университетінің профессоры (АҚШ),

Ежевский Д.О. з.ғ.к., доцент,

Ресей халықтар достастығы университеті конституциялық құқық және конституциялық сотта іс жүргізу кафедрасының доценті (Мәскеу)

Жауапты хатшы:

Калкаева Н.Б. з.ғ.к., қ.проф.

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2018

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген N 10111 – Ж

Басуға 05.02.2019. қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 8. е.б.т.
Таралымы 39 дана. Тапсырыс 553.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

Бас редактордың колонкасы.....	6
Колонка главного редактора.....	7
Editor's Column.....	8
90-летию Казахского национального педагогического университета им. Абая посвящается. Бейбитов Мурат Садыкович – доктор юридических наук, профессор.....	9

КОНСТИТУЦИОННОЕ ПРАВО
CONSTITUTIONAL LAW

Мейірбекова Г.Б., Жарболова А.Ж. ҚР Президентінің заң шығармашылық қызметінің реттелуі және жүзеге асырылуы	10
Меирбекова Г.Б., Жарболова А.Ж. Регулирование и осуществление законотворческой деятельности Президента РК.....	
Meirbekova G.B., Zharbolova A.Zh. Regulation and implementation legislative activity of the President of Kazakhstan.....	

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ
ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО
CIVIL LAW

Белхожаева Д.Ж. Деликтілік міндеттемелер үшін жауапкершілік мәселелері.....	14
Белхожаева Д.Ж. Проблемы ответственности за деликтное обязательство.....	
Belkhozhaeva D.Zh. Problems of responsibility for the delictual obligation	
Қараходжаева Д.М. Перспективы регулирования института вещных прав в сфере проводимых в Узбекистане инновационных преобразований	18
Қараходжаева Д.М. Ўзбекстандағы инновациялық қайта құрулар аясындағы заттық құқықтар институтын реттеу перспективалары	
Karakhodzhayeva D.M. The prospects of regulation of institute of the real rights in the sphere of the innovative transformations which are carried out in Uzbekistan	

АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСС
ГРАЖДАНСКИЙ ПРОЦЕСС
CIVIL PROCEEDING

Мейірбекова Г.Б. Мемлекеттік тілдің мәні және оның Қазақстан Республикасында реттелуі мен қолданылуының кейбір мәселелері	23
---	----

Казахский национальный педагогический университет имени Абая
ВЕСТНИК
Серия «Юриспруденция»
№3(53), 2018

Главный редактор:
ТОЛЕУБЕКОВА Б.Х.
д.ю.н., профессор

Зам. главного редактора:
Бурибаев Е.А.
д.ю.н., проф.

Члены редколлегии:

Сабикенов С.Н. д.ю.н., академик НАН РК, профессор,
Абдиканов Н.А. д.ю.н., проф., председатель Суда СКО,
Цепелев В.Ф. д.ю.н., профессор Академии МВД РФ(Москва),
Муратова Н.Г. д.ю.н., проф., зав. кафедрой «Уголовный процесс» Казанский государственный университета (Казань),
Джон Берк. доктор Права, ректор университета «Таллинн» (Эстония),
Арабаев А.А. д.ю.н., проф., заслуженный юрист КР, заведующий центром науки Юридического института КНУ им. Ж.Баласагына (Кыргызстан),
Хлус А.М. к.ю.н., доцент, Беларусский государственный университет (Минск),
Самарин В.И. к.ю.н., доцент, Беларусский государственный университет (Минск),
Айтмухамбетов Т.К. д.ю.н., проф. (Астана),
Сулейманов А.Ф. д.ю.н., доцент(Алматы),
Шевцов Ю.Л. к.ю.н., доцент, Беларусский государственный университет (Минск),
Шелухин С.И. доктор PhD, профессор Нью-Йоркского университета Джон Джэя (США),
Ежевский Д.О. к.ю.н., доцент кафедры конституционного права и конституционного судопроизводства Российского университета дружбы народов (Москва)

Ответ. секретарь:
Калкаева Н.Б. к.ю.н., асс. проф.

© Казахский национальный педагогический университет
им. Абая, 2018

Зарегистрированов Министерстве культуры и информации Республики Казахстан
8 мая 2009 г. N 10111 – Ж

Подписано в печать 05.02.2019.
Формат 60x84 1/8. Объем 8. уч.-изд.л.
Тираж 39 экз. Заказ 553.

050010, г.Алматы, пр.Достык, 13.
КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат» Казахского
национального педагогического университета
имени Абая

Мейрбекова Г.Б. Значение государственного языка и некоторые проблемы его регулирования и применения в Республике Казахстан
Meirbekova G.B. The importance of the state language and some problems of its regulation and application in the Republic of Kazakhstan

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ
КРИМИНОЛОГИЯ
УГОЛОВНОЕ ПРАВО
КРИМИНОЛОГИЯ
CRIMINAL LAW CRIMINOLOGY

Алимханова К. Формирование казахстанского законодательства по вопросам ответственности за медицинские правонарушения.....28
Алимханова К. Медициналық құқық бұзушылық үшін жауапкершілік бойынша қазақстандық заңнаманы қалыптастыру мәселелері
Alimkhanova K. Formation of Kazakhstan legislation on liability for medical offenses.....
Архарова Ж.Е. Себепті байланыс және қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі37
Архарова Ж.Е. Причинная связь и множественность уголовных правонарушений
Arkharova Zh.E. Causal relationship and plurality of criminal offences
Бижанова А.Р. Қылмыстық жазаның орындалу және өтелу жағдайы жайлы42
Бижанова А.Р. О состоянии отбывания и исполнения уголовного наказания
Bizhanova A.R. About the state of serving and execution criminal punishment
Бопабаев Е.Ч. Құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіптілігінің мәнін қазіргі заманда түсіну49
Бопабаев Е.Ч. Современное понимание сущности общественной опасности правонарушения
Vorabaev E. Ch. Modern understanding of the essence of the social danger of the offense.....
Ботпаева А., Сайлибаева Ж.Ю. Уголовно-правовая характеристика кражи по уголовному кодексу РК54
Ботпаева А., Сайлибаева Ж.Ю. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне сәйкес ұрлықтың қылмыстық сипаттамасы
Botpaeva A., Sailibaeva Zh.Yu. Criminal characteristic of theft under the criminal code of the Republic of Kazakhstan
Даубасов С.Ш., Белхожаева Д.Ж. Салық төлеуден жалтарғаны үшін қылмыстық жауаптылық мәселелері57
Даубасов С.Ш., Белхожаева Д.Ж. Актуальные проблемы реализации уголовной ответственности за уклонение от уплаты налогов
Daubasov S.Sh., Belhozhaeva D.Zh. Actual problems of realization of criminal liability for evasion of taxes

Kazakh National Pedagogical university
after Abai

BULLETIN

Series of «Jurisprudence»
№4(54), 2018

Editor in chief:

TOLEUBEKOVA B.Kh.
doctor of law, professor

Executive Editor:

Buribayev E.A.
doctor of law, professor

The editorial board members:

Sabikenov S.N. academician, doctor of law,
professor;

Abdikanov N.A. doctor of law, professor,

Tsepelev V.F. doctor of law, professor (Moscow),

Muratova N.G. doctor of law, professor (Kazan),

John Burke. doctor of law (PhD)(Estonia),

Arabaev A.A. doctor of law, professor (Kirgistan),

Hlus A.M. candidate of law., associate professor
(Minsk),

Samarin V.I. candidate of law., associate professor
(Minsk),

Aytmukhambetov T.K. doctor of law,
professor (Astana),

Suleimanov A.F. candidate of law. (Almaty),

Shevtsov Yu.L. candidate of law.,

associate professor (Minsk),

Cheloukhine S. PhD, professor law police science
and criminal justice John Jay College of criminal

Justice The City University of

New York,

Yezhevsky D.O. candidate of law.,

associate professor (Moscow)

Answer secretary:

Kalkayeva N.B. candidate of law.,
associate professor

© Kazakh National Pedagogical university after
Abai, 2018

The journal is registered by the Ministry of
Culture and Information RK
8 May 2009. №10111 – Ж

Signed to print 05.02.2019

Format 60x84 1/8.

Volume 8. publ.literature

Edition 39 num.

Order 553.

050010, Almaty, Dostyk ave., 13.

KazNPU after Abai

Publishing house «Ulagat» Kazakh National
Pedagogical university after Abai

Есімбаев Ә.Қ. Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтарға құқықтық сипаттама62

Есимбаев А.К. Правовая характеристика уголовных правонарушений против экологической безопасности

Esimbaev A.K. Legal description to criminal offences against to ecological safety 62

Келесов С. Характеристика личности корыстно-насильственных преступников и ее типология66

Келесов С. Пайдақорлық-зорлық қылмыскерлерінің тұлғасына сипаттама және олардың типологиясы

Kelessov S. Characteristic of the identity of mercenary and violent criminals and her typology

Молдабек Д. Қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату институтының мәні73

Молдабек Д. Сущность института освобождения от уголовной ответственности и наказания

Moldabek D. The essence of the institute of exemption from criminal liability and punishment

Рахымбердина Г.М. Алаяқтықтың объектісі мен объективтік белгілері 78

Рахымбердина Г.М. Объект и объективные признаки мошенничества

Rakhymberdina G.M. Object and objective signs of fraud

Шмадияров Б.П. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының алдын алуды және олардан сақтандыруды құқықтық реттеу83

Шмадияров Б.П. Правовое регулирование предупреждения преступности несовершеннолетних

Shmadiyarov B.P. Legal regulation of crime prevention of minors

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСС УГОЛОВНЫЙ ПРОЦЕСС CRIMINAL PROCEEDING

Аллахвердиева В.К. Субъект реализации судебной власти в досудебном производстве по уголовному делу88

Аллахвердиева В.К. Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізудегі сот билігін іске асыру субъектісі.....

Allakhverdiyeva V.K. The subject of realization of judicial authority in pre-judicial criminal proceedings.....

Аманов С. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысының жалпы шарттары.....91

Аманов С. Общие условия стадии досудебного производства.....

Amanov S. General terms and conditions of the procedure production stage.....

Мейранов С. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтатудың процесуалдық салдарлары.....98

Мейранов С. Процессуальные последствия приостановления досудебного производства.....

Meuranov S. Procedural consequences of the suspension of analyzable production

Нуртаева А. Место и значение института защиты в суде с участием присяжных заседателей.....	103
Нуртаева А. Алқабилердің қатысуымен сотта қорғау институтының орны мен мағынасы.....	
Nurtayeva A. Seat and value of institute of protection in court with participation of jurors.....	
Тыныбекова З. Правовая природа вновь открывшихся обстоятельств в уголовном процессе.....	106
Тыныбекова З. Қылмыстық процестегі жаңадан ашылған мән-жайлардың құқықтық табиғаты.....	
Tunybekova Z. The legal nature of newly discovered facts in criminal proceedings.....	

**ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ
ПРАВООХРАНИТЕЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ
LAW-ENFORCEMENT ACTIVITY**

Тұрлыханқызы Қ. Алдын ала тергеу сатысында прокурорлық қадағалау.....	110
Турлыханқызы К. Прокурорский надзор на стадии предварительного расследования.....	
Turlykhanqyzy K. Prosecutor's supervision at the stage of preliminary investigation.....	

**БІЛІМ БЕРУ ҚҰҚЫҒЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЕ ПРАВО
EDUCATIONAL LAW**

Абдраимов А. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік механизмі негізінде білім беру мекемесінің инновациялық дамуы	116
Абдраимов А. Инновационное развитие образовательного учреждения на основе механизма государственно-частного партнерства	
Abdraimov A. Innovative development of the educational institution on the basis of the mechanism of public-private partnership	
Белхожаева Д.Ж., Байсымакова Д.С. Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру әдістерін жетілдіру	121
Белхожаева Д.Ж., Байсымакова Д.С. Совершенствование методики преподавания самостоятельной работы студентов	
Belkhozhaeva D.Zh., Baysymakova D.S. Improvement of the technique of teaching independent work of students.....	
Авторский указатель за 2018 год	125



Бас редактордың колонкасы

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев 2018 жылдың 5 қазанында «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» тақырыбында өз Жолдауын жариялады. Қоғамда жоғары сұранысқа ие құжатты Қазақстан тұрғындарының барлық топтары бірауыздан түсіністікпен қабылдап, мақұлдады. Аталмыш Жолдаудың Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті үшін өзектілігі еліміздің оқытушыларының өмірі мен қызметтеріне қатысты әлеуметтік сұраныстарын қанағаттандыруға мақсатты түрде бағытталғанымен анықталады.

Университетте оқытушы мамандығын дайындау мәселесі әрқашан ең жоғарғы деңгейде жүзеге асырылатын. Педагогикалық білім беру флагманы – Абай атындағы ҚазҰПУ осы жылдың қазан айында өзінің 90 жылдық мерейтойын атап өтті. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев өз құттықтауында университетке ең ізгі тілектерін білдірді. Білім беру саласында кәсіби сапалары бойынша әлемдік стандарттарға сай оқытушыларды дайындауда университет келешекте де жаңа идеялардың бастамашысы болып қала беретініне сенімін білдірді.

Мемлекет басшысы жаңа форматтағы оқытушыларды дайындау перспективаларын дамытуда 2019 жылы «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау туралы мақсатын алға қойды. Мұндай жобаны дайындау – өте күрделі, бірақ орындалатын тапсырма. Заңның басты бағыты оқытушылар мен мектепке дейінгі дайындау ұйымдарының қызметкерлеріне барлық ынталандырмаларды жасауды, жүктемені қысқартуды, күтпеген тексерулер мен сәйкес емес функциялардан қорғауды қарастыратын ҚР Президентінің нұсқауларына сәйкес болуы тиіс.

Біздің университет ұжымы Мемлекет басшысының идеясын қабылдап және аталмыш жобаның дамуына үлес қосты. Ағымдағы жылдың қазан айының соңында ҚР БЖҒМ-не «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасының университеттік нұсқасы жіберілді. Университет басшылығы Т.О. Балықбаев атынан жоба бойынша жұмыс жасауға қажетті жағдай жасалды.

Әрине, жобаны жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасуда. Қазақстан Президентінің педагогикалық қызметтің беделін жоғарылатудағы негізгі идеясын сақтап қалу – университеттің педагогикалық ұжымының абыройлы ісі болып табылады. Хабаршының редакциялық алқасы болашақ Заң құрлымы мен мазмұнына қатысты өз ұсыныстары мен кеңестерін білдіру арқылы Қазақстанның барлық оқытушыларын жобаны жетілдіруге атсалысуға шақырады. Сіздің жолдаған пікірлеріңіз Хабаршының 2019 жылдың бірінші нөмірінде міндетті түрде жарияланатын болады. Материалдарды ұсыну бойынша біздің мекен-жайлар мен ережелер журналдың соңында берілген. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасына қатысты барлық мәселелер тегін жарияланады.

Ізгі ниетпен,

Бас редактор



Б.Х.Төлеубекова

Колонка главного редактора

Глава государства Н.А. Назарбаев 5 октября 2018 года обнародовал свое Послание под актуальным названием: «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни». Документ высокой общественной востребованности воспринят всеми слоями населения Казахстана с пониманием и одобрением. Для Казахского национального педагогического университета им.Абая значимость данного Послания определяется его целевой направленностью на решение социальных запросов, связанных с жизнью и деятельностью учительского корпуса страны.

Задача подготовки учительских кадров университетом всегда решалась на самом высоком уровне. Флагман педагогического образования, КазНПУ им.Абая в октябре уходящего года отметил свой 90-летний юбилей. Самые теплые пожелания университету в своем поздравлении отразил Президент Республики Казахстан – Лидер Нации Н.А. Назарбаев. Он выразил уверенность в том, что университет и впредь будет инициатором новейших идей в деле подготовки учителей, отвечающих по своим профессиональным качествам мировым стандартам в области образования.


В развитие перспектив подготовки педагогов нового формата Глава государства поставил задачу принять в 2019 году Закон Республики Казахстан «О статусе педагога». Задача разработки такого проекта – сверхсложная, но выполнимая. Главное направление закона должно соответствовать установкам Президента РК о том, что в нем должны быть предусмотрены все стимулы для учителей и работников дошкольных организаций, сокращение нагрузки, ограждение от непредвиденных проверок и несвойственных функций.

Коллектив нашего университета воспринял идею Главы государства и внес свой вклад в дело разработки такого проекта. В конце октября этого года университетский вариант проекта Закона РК «О статусе педагога» был направлен в МОН РК. Благодаря высшему руководству университета в лице Т.О.Балыкбаева были созданы надлежащие условия для работы над проектом.

Безусловно, работа по усовершенствованию проекта продолжается. Сохранить главную идею, высказанную Президентом Казахстана относительно поднятия престижа педагогической деятельности, – дело чести всего педагогического коллектива университета. Редакционная коллегия Вестника приглашает всех учителей Казахстана принять участие в разработке проекта путем внесения своих предложений и рекомендаций по структуре и содержанию будущего Закона. Ваши отклики обязательно будут опубликованы в первом номере Вестника за 2019 годы. Наши адреса и правила представления материалов даны в конце журнала. Все, что касается проекта Закона РК «О статусе педагога», будет опубликовано на безвозмездной основе.

С наилучшими пожеланиями,

Главный редактор



Б.Х.Толеубекова

Editor's Column

On October 5, 2018 Nursultan Nazarbayev, the head of State promulgated his Message “Growth of the welfare of Kazakhstan: an increase in income and quality of life”. The high public demand document is perceived by all segments of the Kazakhstan population with understanding and approval. For the Kazakh National Pedagogical University named after Abay, the significance of this Message is determined by its focus on social needs related to the life and work of the country's teachers.

The task of training university teachers has always been solved at the highest level. The pedagogical education flagship, KazNPU named after Abay in October of the outgoing year celebrated its 90th anniversary. The President of the Republic of Kazakhstan - Leader of the Nation Nursultan Nazarbayev expressed the warmest wishes to the university in its congratulations. He expressed confidence that the university will continue to be the initiator of the latest ideas in the teacher training of international standards in education in their professional qualities.


In order to develop the prospects for training new format teachers of the, the Head of State set the task of adopting in 2019 the Law of the Republic of Kazakhstan “About the teacher status”. The task of developing such a project is very complicated, but executable. The main direction of the law should be in line with the Presidential directives that should provide all incentives for teachers and workers of pre-school organizations, reducing the workload, protection from unforeseen inspections and unusual functions.

Our university staff accepted the idea of the Head of State and contributed to the development of such a project. At the end of October of this year, the university version of the draft Law of the Republic of Kazakhstan “About the teacher status” was sent to the MES RK. Thanks to the top management of the university in the person of T.O. Balykbaev, appropriate conditions were created for working on the project.

Of course, project implementation work is going on. Maintaining the main idea expressed by the President of Kazakhstan regarding raising the prestige of pedagogical activity is a matter of honor for the entire teaching staff of the university. The Vestnik editorial board invites all teachers of Kazakhstan to take part in the development of the project by making their suggestions and recommendations on the structure and content of the future Law. Your feedback will surely be published in the first issue of the Vestnik for 2019. Our addresses and submission rules of the materials are given at the end of the journal. Everything related to the draft Law of the Republic of Kazakhstan “About the teacher status” will be published free of charge.

Best wishes,

Chief editor



B.Kh. Toleubekova

90-летию Казахского национального педагогического университета им.Абая посвящается

Бейбитов Мурат Садыкович – доктор юридических наук, профессор



Бейбитов Мурат Садыкович родился 13 апреля 1954 года в городе Аягуз Восточно-Казахстанской области.

В 1981 году окончил юридический факультет Казахского государственного университета имени С.М.Кирова (ныне – имени аль-Фараби). Доктор юридических наук (с 2008 г.), профессор (с 2009г.).

Трудовая деятельность:

С января 1973 г. по апрель 1974 гг. – секретарь судебного заседания суда г. Аягуз, ВКО. С 1974 г. по 1976 г. служил в Военно-Морском Флоте СССР (Петропавловск-Камчатский).

С 1981 по 2002 гг. - преподаватель, старший преподаватель, доцент, заведующий кафедрой, декан юридического факультета Казахского национального педагогического университета имени Абая.

В 2002 – 2005гг. - проректор по учебной работе Института повышения квалификации судей и работников судебной системы при Верховном Суде РК. С 2006 года по 2016 год – директор Института правосудия Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан, с 2016 года по 2017 год – ректор Академии правосудия при Верховном Суде РК, с 2018 года – главный эксперт Центра военно-стратегических исследований РК.

Область научных интересов: право, судебная система, образование, военное дело. Тема кандидатской диссертации «Самоуправление в высших учебных заведениях». Тема докторской диссертации – «Институт конституционного контроля: проблемы теории и практики». Автор свыше 100 научных трудов, в том числе монографии «Институт конституционного контроля Республики Казахстан: эволюция и проблемы модернизации» (2005 г.), 6 учебных пособий «Самоуправление в высших учебных заведениях» (1997 г.), «Қазақстан Республикасының экология құқығы» (2007г.), «Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (Жалпы бөлім)» (2009 г.) "Особенности правосудия для несовершеннолетних: международные стандарты и практика" и др. Член авторского коллектива по разработке научного проекта на тему «Анализ эффективности исполнения государственного оборонного заказа РК» (Астана, 2018 г.). Руководитель защищенной кандидатской диссертации, свыше 40 магистерских диссертаций по специальности «Юриспруденция».

В 2007 г. входил в состав Экспертного совета Комитета по контролю и аттестации МОН РК (2007 г.), в 2007-2010 гг. – член Диссертационного совета по защите докторских диссертаций при КазГЮУ. Являлся также членом Квалификационной комиссии при Высшем Судебном Совете РК, Координационного Совета Верховного Суда РК, Учебно-методической секции по группе специальностей «Право»; редколлегии журнала "Государственная служба и государственное управление".

В составе рабочей группы Верховного Суда РК посетил следующие зарубежные страны:

Китай (г. Пекин, 2007 г.); Индия (г.Дели, Агра,2007 г.); Бельгия (г.Брюссель, 2007 г.); Франция (гг.Париж, Бордо, 2008 г.); Германия (г.Бремен, 2008); Чехия (г. Прага, 2003 г., 2010 г.); Королевство Марокко (г.Маракеш, 2009 г.), США (г.Вашингтон, 2010 г.), Турция (Анкара, Стамбул) и др. Имеет награды: Орден «Құрмет» (2010 г.); Юбилейная медаль «Астананың 10 жылдығы» («10-летие Астаны») (2008 г.); Нагрудный знак «15-летие Конституции Республики Казахстан» (2010 г.); Грамоты от Председателя Верховного Суда РК, Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан и др.

КОНСТИТУЦИОННОЕ ПРАВО CONSTITUTIONAL LAW

УДК: 342.52

МРНТИ: 10.15.35

Г.Б. Мейірбекова¹

*¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Құқықтану кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
e-mail: Meirbekova67@mail.ru*

А.Ж. Жарболова²

*²Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Заң факультеті, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
e-mail: Aygerim.Zharbolova@kaznu.kz*

ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЗАҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ РЕТТЕЛУІ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасында заң шығару өкілеттігін беру институтының негізінде Республика Президентінің заңдар шығару қызметінің мәні ашылып, оның маңызы қарастырылған. Сонымен қоса, тиісті институттың тәжірибеде орын алу жағдайлары сараланып, заң шығару өкілеттігін беру институтының реттелу жағдайына талдау жасалған, онда орын алған құқықтық кемістіктер қаралып, автордың жеке көзқарастары баяндалған.

Түйін сөздер: Президент, Парламент, құқық шығармашылығы, заң, заң күші бар жарлық, жарлық, өкім, өкілеттік беру, құқықтық норма, құқықтық қатынас, конституциялық бақылау

Г.Б. Мейірбекова¹

*¹ассоциированный профессор кафедры Юриспруденции Института Истории и права КазНПУ имени Абая, Республика Казахстан, г.Алматы
e-mail: Meirbekova67@mail.ru*

А.Ж. Жарболова²

*²ассоциированный профессор кафедры «Теории и истории государства и права, конституционного и административного права» юридического факультета, КазНУ им. аль-Фараби, г.Алматы.
e-mail: Aygerim.Zharbolova@kaznu.kz*

РЕГУЛИРОВАНИЕ И ОСУЩЕСТВЛЕНИЕ ЗАКОНОТВОРЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕЗИДЕНТА РК

Аннотация

В статье рассмотрены вопросы правового регулирования института делегирования законодательного полномочия Президенту РК, его суть и значение. Автором статьи проанализировано состояние правового регулирования института делегирования законодательного полномочия Президенту, определены правовые пробелы данного института, соответственно автором даны предложения по развитию, усовершенствованию данного института.

Ключевые слова: Президент, Парламент, правотворчество, закон, указ, имеющий силу закона, указ, распоряжение, представительство, правовая норма, правовые отношения, конституционный контроль.

G.B. Meirbekova¹

¹associate professor Chair of jurisprudence Kazakh National Pedagogical University by name of Abai, Republic Kazakhstan Almaty
e-mail: Meirbekova67@mail.ru

A.Zh. Zharbolova²

²associate professor of cathedra of «Theory and history of state and law, constitutional and administrative law», faculty of law, al-Farabi Kazakh national University, Republic Kazakhstan, Almaty
e-mail: Aygerim.Zharbolova@kaznu.kz

REGULATION AND IMPLEMENTATION LEGISLATIVE ACTIVITY OF THE PRESIDENT OF KAZAKHSTAN

Abstract

The article discusses the legal regulation of the institute delegation of legislative powers to the President of Kazakhstan, its essence and meaning. Author of the article analyzes the state of the legal regulation of the delegation of legislative powers to the President, identified legal gaps of the institution, respectively the author given proposals for the development, improvement of the institution.

Keywords: President, Parliament, lawmaking, law, decree having the force of law, decree, order, representation, legal norm, legal relations, constitutional control

ҚР Конституциясының 61 бабының 1 тармағына сәйкес заң шығару бастамасы құқығы Республика Президентіне, Парламент депутаттарына, Үкіметке тиесілі және тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады. Президенттің заң шығару жөніндегі бастамасының мәні оның халықтың еркін білдіретін заңдарды қабылдау жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыруында. Президенттің заң шығару бастамасы нәтижесінде республика халқының еркі заңи сипатқа ие болады, құқық субъектілері арасында туындайтын негізгі қоғамдық қатынастарды реттеуге арналған жалпыға міндетті жүріс-тұрыс ережесіне айналады және ең бастысы ол заңдар республиканың құқықтық жүйесінің негізін құрауы мүмкін.

Президенттің заң шығаруымен қоса жалпы құқық шығармашылығы – жарлық, заң, заң күші бар жарлық, өкімдер шығаруы мәселесі бүгінде өзекті мәселелердің қатырынан орын алған. 1995 жылғы Конституция бойынша Президенттің құқық шығармашылығы маңызды, жалпы мемлекеттік маңызы бар қатынастарды қамтиды. Президенттің құқық шығару қызметінің арналымы – жарлық, заң, заң күші бар жарлық, өкімдер шығару болғандықтан, ал бұл актілер – саясатты байқатудың, экономиканы тұрақтандырудың және қоғамды басқарудың негізгі құралы болатындықтан Президенттің құқық шығармашылығы маңызды мәселесі болып табылады. Өйткені, Президенттің құқық шығармашылық қызметі мемлекеттік тәуелсіздік рухында, құқық-

тық және демократиялық мемлекетті қалыптастыру, экономиканы дамыту мүддесінде актілерді шығаруға арналған. Өз кезегінде, мұндай актілер қоғамда, мемлекетте заңдылық пен конституциялық құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қол жеткізеді.

1995 жылғы ҚР Конституциясында бірінші рет заң шығару өкілеттігін беру негізінде Республика Президентінің заң шығаруы бекітілген болатын. Бұл Конституцияда Президенттің заң шығаруы мәселесі конституциялық тұрғыда алған рет реттелгенімен, заң актісін шығаруға құқық беру қатынасы оған дейін де орын алған еді. Ашып айтсақ, 1993 жылы 10 желтоқсанда 12-шақырымдағы Жоғарғы Кеңес «ҚР Жоғарғы Кеңесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» заң қабылдады. Сондай-ақ, Жоғарғы Кеңес сол күні «ҚР Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру» туралы заң қабылдап, Республика Президентіне уақытша заң күші бар актілер шығару өкілеттігін берді. Президенттің заң күші бар актілер шығару құқығы мерзімінен бұрын өзін-өзі таратуына байланысты 12-шақырымдағы Жоғарғы Кеңестің өкілеттігі тоқтатылған сәттен басталып, 1994 жылы наурыз айында сайланған «13-шақырымдағы Жоғарғы Кеңестің» бірінші сессиясына дейін жалғасты. Алайда, оның заңсыз (нелегитимный) деп танылуына байланысты Президенттің заң күші бар жарлықтар шығару құқығының мерзімі әлі біткен жоқ деп есептелді және сол се-

белгі Конституциялық Соттың 1995 жылдың 11 наурызындағы қосымша анықтамасы бойынша жаңа жоғарғы өкілді органның бірінші сессиясы жұмысын бастағанға дейін Президенттің аталмыш актілерді шығару құқығын жүзеге асыруды жалғастыруға құқылы болып танылды [1]. Байқап отырғанымыздай, тиісті актінің негізінде Республика Президенті екі рет заң шығару өкілеттігін иеленді. Осы екі рет заң шығару құқығына ие болған кезеңдерде Республика Президенті қысқа мерзім ішінде 188 заң күші бар актілер қабылдады. Сол тұста елде қалыптасқан өте күрделі ахуал құқықтық саладағы серпілістің қажеттілігін туындатты. КСРО мен Қазақ КСР-нің ескі заңдары жұмыс істемеді, өйткені, осы заңдар бағытталып жасалған сол кезеңдегі (90-жылдардың басында) әлеуметтік-саяси жүйе болған жоқ. Мемлекетіміз тығырыққа тірелген осы кезеңде Н.Ә. Назарбаев ел алдындағы, халық алдындағы, келешек ұрпақ алдындағы және тарих алдындағы дербес жауапкершілігін сезіне отырып, жоғарыда аталған 188 заң күші бар актілер қабылдауға тәуекел етті. Оның ішінде мойнына алуына тура келді. Парламент жоқ кезде заң күші бар Жарлықтармен құқықтық реттеу саласындағы кем-кетіктердің орнын толтыруға, нарық шаруашылығын қалыптастыру үшін аса қажет деген экономикалық заңдар пакетін қабылдауға тура келді. Соның нәтижесінде еліміздің шаруашылық кешенінің үзіліссіз жұмысы қажетті заңдылық негіздермен қамтамасыз етілді. Бұдан басқа, конституциялық нормаларды тезірек іске қосу мақсатында Президенттің жарлықтарымен конституциялық заңдардың басым көпшілігі қабылданды», - деген еді Президент [2. 411-412 бб.].

Заң шығару өкілеттігін беру институтының Қазақстанда реттелуіне келсек, бұл институт атап кеткеніміздей алғашқы рет 1995 жылы Конституцияда бекітіліп, онда Парламент Президентке оның бастамасы бойынша әр Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің дауысымен бір жылдан аспайтын мерзімге заң шығару өкілеттігін беруге хақылы екендігі анықталды [3. 53-бап 4) тармақ]. 1996 жылы 20 мамырда қабылданған Парламент регламентіне сәйкес Президенттің бастамасы тиісті мәселе бойынша палаталадың бірлескен отырысын шақыратын Мәжіліс төрағасына енгізіледі және бастамасын қарау мерзімін Президенттің өзі анықтауға құқылы [4]. Байқап отырғанымыздай, өкілеттік берушіліктің ерекшелігі мынада: берілген қызмет тиісті органға оның тікелей міндетіне орай тән болмайды. Кеңестік үлкен энциклопедияда

заң шығару өкілеттігін берушілік Парламенттің өкілдігі бойынша үкіметтің заң күші бар нормативтік актілерді шығаруы ретінде анықталады. Олай болса, бұл дегеніміз заң қабылдау құқығы өзінің тиісті құзіретіне сәйкес заң шығару құқығына ие емес мемлекеттік органға немесе белгілі бір тұлғаға беріледі. Заңнамада Президентке заң шығару өкілеттігін беру институтына қатысты жоғарыда аталғаннан өзге ешбір мәнжай анықталмаған. Тиісінше оның кемшілігі де осында, яғни толық реттелмеуінде. Президентке заң шығару өкілеттігін беру және оның негізінде Президенттің заңдар шығаруы қатынастарын реттеуде келесідей мәселелердің құқықтық реттеу аясынан тыс қалғанын көреміз: Президентке заң шығару өкілеттігін беру жағдайлары, Президенттің өкілеттік беру негізінде заңдар шығару қызметінің аясы, Президенттің заң шығару өкілеттігін жүзеге асыру кезінде Парламентпен арақатынасы, Президенттің заң шығаруына берілетін заңның нысаны (Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, конституциялық және жай заңдар), Президент шығарған заңдардың конституциялығын тексеру, Парламенттің Президентке заң шығару өкілеттігін беруде қабылдайтын актінің нысаны, т.с.с. Көріп отырғанымыздай Президентке заң шығару шығару өкілеттілігін беру жеткіліксіз, үстіртін реттелген. Өз кезегінде мұндай толық реттелмеушілік оған қатысты біраз сұрақтарды туындатып, оған жауап беруді талап етеді.

Анықтауды қажет ететін мәселенің бірі – Президентке заң шығару өкілеттігін беру жағдайлары. Біздіңше заңнамада Президентке тиісті өкілеттікті беру жағдайлары бекітілгені дұрыс. Себебі, бейбіт уақытта, қалыпты даму жағдайында Президенттің заң шығару қызметін жүзеге асыруы Парламент үшін, жалпы заң шығармашылығы қызметі үшін тиімді емес, Парламенттің Президентке бағыныштылық жағдайларын туындатуы мүмкін. Сол себепті де Президенттің заң шығару өкілеттігін жүзеге асыруы мүмкін деген жағдайларды анықтап алған жөн болар. Әрі бірінші жағдай ретінде соғыс жағдайы бекітілгені қажет. Себебі соғыс жағдайы мемлекеттік биліктің қызметіне, елдің құқықтық жүйесіне тікелей әсер етіп, түрлі заңдық қатынастарға қозғау болады. Сондықтан осындай кезде жылдам әрі жауапты қадамдар жасауда Президенттің халықтың қауіпсіздігін ескере отырып соғыс жағдайынан алып шығуға ықпал ететін әрі сол қиын кезеңге қатысты қажетті заңдарды дер кезінде қабылдағаны дұрыс.

Президентке заң шығаруға өкілеттік берудің келесі жағдайына мемлекетте төтенше жағдай-

дың енгізілуін жатқызуға болады. Төтенше жағдай кезінде республиканың демократиялық институттарына, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, оның азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қауіп төнгенде және мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған жағдайларда оларды жылдам реттеу үшін Президентке заң шығару өкілеттігін берген абзал. Оның төтенше жағдайда заң шығару өкілеттігіне ие болуы арқылы тиісті қатынастарды жылдам реттеуі ең бір дұрыс, қажетті шешім.

ҚР Президентінің заң шығару өкілеттігіне ие болуының тағы бір қажетті шарты – Парламенттің заң шығару арқылы реттелуді талап ететін қатынастарды бекітіп үлгермеуі және белгілі бір заң жобасы бойынша палаталардың келісімге келе алмауы, жобаның Парламент қабырғасында ұзақ жүруі.

Заңнамада реттеуді қажет ететін келесі бір мәселе – Президенттің тиісті мерзімде заң шығару қызметінің аясы. Конституцияда көрсетілгендей өкілеттік берілген жағдайда Президенттің заң шығару қызметі бір жылдан аспайтын уақытта жүзеге асырылады. Ал нақты қандай қатынастар бойынша Президент заң шығарады, ол мәселе көрсетілмеген. Олай болса, заңнамада бұл мәселе реттеліп, Президенттің тиісті мерзім аралығында заң шығаруының аясы нақтыланғаны дұрыс.

Жауапсыз, түсініксіз қалған, тиісінше реттеуді қажет ететін мәселенің келесісі – Президенттің заң шығаруына берілетін заңның нысаны, түрі. Бізге заңның үш түрі белгілі – Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң, конституциялық заң және жай заң. Президентке заң шығару өкілеттігін берудің қазіргі реттелу жағдайы оған аталған заңдардың қай түрін шығаруға құқық берілетіндігін анықтаймайды. Тиісінше, Президент өкілеттік берілген жағдайда қандай заң қабылдайды деген сұрақ туындайды.

Президенттің өкілеттік беру негізінде заң шығаруы институтын реттеуде назардан тыс қалған негізгі маңызды мәселе – Президенттің

шығарған заңдарының конституциялығын тексеру. Президенттің өкілеттік беру негізінде шығаратын заңдарының Парламенттің шығаратын заңдарындай заңдық күші бар, нормативтік құқықтық актілер иерархиясында екеуі қатар орналасқан. Конституциялық шектеушілік берілмегендіктен, Президент қабылдаған заңдар Парламенттің заң шығару өкілеттігінің барлық мәселелеріне қатысты болуы мүмкін. Егер Президент, заңнамада анықталған т.б. субъектілер Парламент қабылдаған заң конституцияға қайшы келеді деп есептесе, онда оның конституциялығын тексеру мәселесі бойынша Конституциялық Кеңеске жүгіне алады. Тиісінше Конституциялық Кеңес оны тексеріп, Конституцияға қайшы деп, анықтауы мүмкін. Ондай заңдар күшіне енбейді немесе қолданымдағы заң болса күшін жояды. Ал, Президент қабылдаған заңдардың Конституцияға сәйкес келмейтіндігі жөнінде мәселе бойынша қандай да бір субъектінің Конституциялық Кеңеске жүгіну мүмкіндігі қарастырылмаған. Себебі 72-бапта Президент шығарған заңдардың ҚР Конституциясына сәйкестігін Конституциялық Кеңестің қарауы, тексеруі жайлы жазылмаған, ол тек Парламент қабылдаған заңдардың Конституцияға сәйкестігін қарай алады.

Сонымен, тиісті заңнаманы саралаудан байқайтынымыз: Президенттің өкілеттік беру негізінде заң шығару қызметі заңнамада толық реттелмеген. Президенттің заң шығаруы институтының маңыздылығы заңнамада орын алған кемістіктерді (пробел) толықтыруды қажет етеді. Бұл маңыздылығымен қоса қажетті шара. Себебі, Президент өкілеттік беру негізінде заңдар шығару арқылы мемлекеттің, қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандырады, ең бастысы қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық дағдарысқа ұшырамауының, саяси жүйеде орын алуы мүмкін тоқыраушылықтың, мемлекеттік механизмде іркілістің туындауының алдын алады. Президенттің заң шығару қызметі маңызды, жалпы мемлекеттік маңызы бар қатынастарды қамтиды. Тиісінше, ол бүгінде өзекті мәселелердің қатарынан орын алған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кенжалиев З.Ж., Ким В.А. Қазақстан Республикасында Конституциялық заңнаманың дамуы. Екінші бөлім. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
2. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздігіміздің бес жылы. – Алматы, Қазақстан, 1996.
3. ҚР 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Конституциясы. – Алматы: Жеті жарғы, 2016.
4. Қазақстан Республикасы Парламентінің регламенті 1996 жылғы 20 мамырдағы қаулысымен бекітілген.

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ
ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО
CIVIL LAW

УДК: 347.42
МРНТИ:10.27.61

Д.Ж. Белхожаева¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, аға оқытушы, Алматы қаласы, Қазақстан

E-mail: dinar_15@list.ru

ДЕЛИКТІЛІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Осы мақалада деликтілік міндеттемелер бойынша моральдық зиян үшін жауапкершілік мәселелері қарастырылады. Мақалада автор отандық азаматтық құқықтағы моральдық зиян институты үшін тағайындалатын жауапкершілік негіздері бойынша орын алған кемшіліктер мен ақтандақтарды зерттеуге көңіл бөлген.

Түйін сөздер: азаматтық құқық, зиян, моральдық зиян, моральдық зиянды өтеу, міндеттеме, жауапкершілік, деликтілік жауапкершілік.

Д.Ж. Белхожаева¹

¹КазНПУ имени Абая, ст.преподаватель, г.Алматы, Казахстан

E-mail: dinar_15@list.ru

ПРОБЛЕМЫ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЗА ДЕЛИКТНОЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВО

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы деликтного обязательства и деликтной ответственности в гражданском праве. Статья содержит выводы автора по наиболее существенным особенностям, пробелам, коллизиям в механизме правового регулирования института возмещения морального вреда в отечественном гражданском праве.

Ключевые слова: гражданское право, вред, моральный вред, возмещение морального вреда, обязательства, ответственность, деликтная ответственность.

D.Zh. Belkhozhaeva¹

¹KazNPU of Abay, the senior lecturer, Almaty, Kazakhstan

E-mail: dinar_15@list.ru

PROBLEMS OF RESPONSIBILITY FOR THE DELICTUAL OBLIGATION

Abstract

Article is devoted to consideration of institute of legal regulation of compensation of moral harm in civil law. Article contains the author's conclusions on the most essential features, gaps, collisions in the mechanism of legal regulation of institute of compensation of moral harm in domestic civil law.

Keywords: civil law, harm, moral harm, compensation of moral harm, obligation, responsibility, delictual responsibility.

Жұмыстың өзектілігі ҚР азаматтық заңнама-сына құқықтық талдау жасайтын болсақ, азаматтың моральдық зиянның өтелуін талап ету құқығына барлық жағдайда ие болмайтындығы жөнінде қорытындыға келуге болады. Жұмыс-

тың мақсаты азаматтық құқықтағы моральдық зиян институты үшін тағайындалатын жауапкершілік негіздері бойынша орын алған кемшіліктер мен ақтандақтарды зерттеу және осы институттың мәнін ашып көрсету болып табылады.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін төмендегідей біздер төмендегідей міндеті деликтілік міндеттемелер бойынша моральдық зиян үшін жауапкершілік мәселелерін қарастыру болды.

Жұмыстың әдістемелік негізін жалпы ғылыми диалектикалық танымдық әдістерімен қатар, салыстырмалы-құқықтық талдау әдістерді құрайды.

Мұндай құқық заңмен көзделген жағдайлар немесе моральдық зиянды келтіргені үшін жауапкершіліктің туындау негіздері орын алған жағдайда ғана пайда болады.

Жалпы ереже бойынша, моральдық зиянды өтеу жөніндегі міндеттеме бір мезгілде төмендегі шарттар орын алған жағдайда туындады:

1. жәбірленушінің моральдық зиянды басынан кешіруі/моральдық зиянның болуы;
2. зиян келтірушінің құқыққа қайшы іс-әрекеті;
3. құқыққа қайшы іс-әрекет пен моральдық зиян арасындағы себепті байланыс;
4. зиян келтірушінің кінәсі.

Аталған шарттардың әрқайсысын жеке-жеке қарастырайық.

Азаматтың моральдық зиянды басынан кешіруі – адамның психикалық аясында жан азабы мен тән азабы түрінде көрініс табатын теріс өзгерістер. Моральдық зиянның өзіне тән ерекше белгілерінің бірі болып аталған өзгерістердің адамның психикалық санасына және оның нысаны субъектінің психикасына тікелей байлынысты болатындығы табылады. Мәселен, адамның көз жасының ағуы тән қиналуы, қайғының ең көп таралған реакциясы болып табылады, алайда көз жасының ағуы моральдық зиянның келтірілуінің жанама дәлелдемесі ғана бола алады. Сол сияқты егер адам өзіне терең жан азабының және/немесе тән азабының келтірілуіне қарамастан, оны сыртқа шығармайтын болса (мысалы: көз жасы арқылы және т.б.), бұл оған моральдық зиянның келтірілмегендігінің дәлелдемесі бола алмайды. Себебі қазақ халқы «бес саусақ бірдей емес», – деп айтқандай, әрбір индивидтің, жеке тұлғаның психикасы және сыртқы теріс әсерге жауап беру реакциясы әр түрлі.

Сондықтан, біздің көзқарасымыз бойынша, зиян келтіруден туындайтын аталған міндеттемелерге «моральдық зиян презумпциясы» қағидасы қолданылуы тиіс. Осы қағидаға сәйкес «өзіне қатысты құқыққа қарсы әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) жасалған кез-келген еке тұлға, егер зиян келтірушімен өзгеше/керісінше дәлелденбесе, моральдық зиянды шеккен тұлға ретінде танылады». Бұл ереженің жәбірленушінің пози-

циясын едәуір жеңілдететіндігін атап өте отырып, зиян келтірушінің аталған презумпцияны теріске шығара алатындығын ескеру қажет.

Мәселен, зиян келтіруші жәбірленушінің ақыл-есінің кемдігі салдарынан ар-намысына кір келтіретін мағлұматтардың теріс сипатта екендігін саналы түрде сезіне алмағандығын дәлелдеген жағдайда, моральдық зиян келтіргені үшін туындайтын азаматтық құқықтық жауапкершіліктен босатылады. Осыған байланысты моральдық зиян презумпциясының қазақстандық заңнамадан тікелей туындамайтындығын атап өту қажет. Керісінше, ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексіне сәйкес әр талап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс [1].

Зиян келтіру фактісін дәлелдеу үшін ҚР азаматтық заңнамасы ерекше ережелерді белгілемейтіндіктен, ҚР АІЖК-нің бекітілген қағида толық көлемде қолданылады. Сондықтан қазақстандық заңнаманың әрпіне сүйене отырып, жәбірленуші соттың істі өзінің пайдасына шешуі үшін өзіне моральдық зиянның келтірілуін дәлелдеуі тиіс еді. Алайда қазақстандық соттардың тәжірибесін зерттеудің нәтижесінде соттардың іс жүзінде моральдық зиян презумпциясын қолданатындығын және құқыққа қарсы әрекеттің жасалғандығын анықтаған соң, моральдық зиян келтірілді деп есептеп, оның ақшалай нысандағы мөлшерін анықтайтындығын байқадық. Біздің көзқарасымыз бойынша, соттардың өз тәжірибесінде моральдық зиян презумпциясын қолдану дұрыс, алайда болашақта, аталған қағида заңнамалық деңгейде бекітілуді қажет етеді.

Моральдық зиян келтіргені үшін туындайтын жауапкершіліктің екінші критерийі – құқыққа қарсы әрекет. Іс-әрекеттердің құқыққа қайшылығы – дегеніміз олардың объективті құқық нормаларына қарама-қайшы келуі. Қазіргі кезде мемлекетіміздің халқының құқықтық мәдениеті мен сауаттылығының төмен деңгейі зиян келтірушіге моральдық зиян үшін туындайтын жауапкершіліктен құтылып кетуіне қолайлы жағдай тудырады.

Мәселен, ҚР Конституциясының 18 бабының 3-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттарымен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті [2]. Алайда басым көпшілік жағдайларда әкімшілік органдардың қызметкерлері өздерінің заңмен белгіленген міндетін және Ата

заң ережелерін бұза отырып, мүдделі тұлғаларға тиісті ақпаратты беруден бас тартады. Осы және т.б. жағдайлардың жиі кездесетіндігіне қарамастан, сотқа заңсыз әрекеттер арқылы келтірілген моральдық зиянды өтеу туралы талаппен жүгінетін тұлғалар көп емес. Жоғарыда аталып өткендей, мұның ең бірінші себебі ретінде – халықтың құқықтық мәдениеті мен сауаттылығының төмендігін атауға болады.

Осыған байланысты кез-келген құқыққа қайшы әрекеттің моральдық зиянды өтеу түріндегі азаматтық құқықтық жауапкершіліктің туындауы үшін негіз бола алмайтындығын атап өту қажет. Мұндай әрекеттердің міндетті белгісі ретінде азаматтардың жеке мүліктік емес құқықтары мен игіліктерін бұзу табылады. Аталған мүліктік емес құқықтар мен игіліктер абсолютті және тұлғаның жеке басымен тығыз байланысты болып табылатындықтан, олар қандай да бір азаматтық құқықтық мәмілелердің нысанасы бола алмайды, тиісінше моральдық зиян келтіруден туындайтын міндеттемелер де тараптардың арасында жасалған азаматтық құқықтық шарттардың негізінде туындамайды.

Моральдық зиян үшін туындайтын жауапкершіліктің үшінші шарты – құқыққа қарсы әрекет пен моральдық зиян арасындағы себепті байланыс. Сондықтан құқыққа қайшы іс-әрекет жан немесе тән азабы түріндегі теріс салдардың туындауының қажетті және міндетті шарты/критерийі болу тиіс. Яғни, себепті байланыс – бұл жасалған құқыққа қайшы әрекеттің моральдық зиянның келтірілуіне тікелей әкеліп соқтыратын негізгі себебі. Осыған байланысты нақты бір жағдайларда себепті байланыстың бар не жоқ екендігін анықтау қиындықтарға әкеліп соқтыратындығын атап өту қажет. Мәселен, қоршаған ортаның теріс әсерінің салдарынан пайда болған ауру түріндегі денсаулықтың нашарлауынан келтірілген моральдық зиянды өтеу кезінде ең бірінші кезекте, ауру мен теріс әсердің арасындағы себепті байланысты анықтау қажет. Ол үшін «төмендегі жекелеген мәселелерді шешу керек: аурудың немесе денсаулықтың өзге де нашарлауына әкеліп соқтырған зиянды заттарды және оның әрекет етуінің медициналық аспектілерін анықтау, оның организмге түсуінің уақыты мен жолдарын белгілеу, аталған заттың қандай да бір эмиссияның қайнар көзіне жататындығын анықтау» [3, 30 б].

Жалпы ереже бойынша моральдық зиян келтіргені үшін жауапкершілік зиян келтірушінің кінәсі болған жағдайда ғана туындайды – бұл төртінші шарт. Кінә, яғни зиян келтірушінің өзі-

нің құқыққа қайшы іс-әрекеттері (әрекет және әрекетсіздік) мен олардың салдарына психикалық қатынасы, қасақаналық және абайсыздық нысанында көрініс табуы мүмкін. Мұндағы қасақаналық – дегеніміз құқық бұзушы тұлғаның өз іс-әрекетінің қоғамға қауіпті екендігін ұғынып, оның қоғамға қауіпті зардаптарының болатындығын алдын-ала білуі және ол зардаптардың болуын тілеуі (тікелей қасақаналық) немесе зардаптардың болуын тілемесе де, оған саналы түрде жол беруі (жанама қасақаналық). Осыған байланысты қылмыстық құқықпен салыстырғанда азаматтық құқықта қасақаналықтың түрін анықтаудың маңыздылығы төмен екендігін, сондықтан біздің жағдайымызда бұл тек моральдық зиян өтемінің мөлшерін анықтауға ғана әсерін тигізуі мүмкін екендігін атап өту керек. Абайсыздыққа келіп тоқталатын болсақ, ол менмендік және немқұрайдылық нысанында көрініс табуы ықтимал. Олардың арасындағы айырмашылық мынада: менмендік кезінде тұлға іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігін алдын-ала біле отырып, бірақ бұл зардаптарды жеткілікті негіздерсіз, жеңілтектікпен болғызбау мүмкіндігіне сенеді; ал немқұрайдылық кезінде тұлға өз іс-әрекетінің қоғамға қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екендігін алдын-ала білмейді, бірақ тиісті ұқыптылық пен сақтық болғанда, ол зардаптарды болжап білуге міндетті және мүмкіндігі болады. Азаматтық заңнамамыздың абайсыздықты да түрлерге бөлмейтіндігіне қарамастан, оның жай немесе өрескел нысанда көрініс табуына байланысты әр түрлі құқықтық салдардың туындауын қарастырады.

ҚР-ның азаматтық заңнамасы барлық жағдайда кінәні моральдық зиян үшін жауапкершіліктің міндетті белгісі ретінде анықтамайтындығын атап өту қажет. ҚР АҚ-нің 951 бабының 3-тармағына сәйкес моральдық зиян зиян келтірушінің кінәсіне қарамастан мына жағдайларда өтеледі [4], егер:

1) зиян азаматтың өмірі мен денсаулығына жоғары қауіптілік көзі арқылы келтірілсе;

2) зиян азаматқа оның заңсыз сотталуының, заңсыз қылмыстық жауапқа тартылуының, бұлтартпау шарасы ретінде заңсыз қамауға алуды, үйде қамауда ұстауды немесе ешқайда кетпеуі туралы қолхат алуды қолданудың, қамауда ұстау, психиатриялық емдеу мекемесіне немесе басқа емдеу мекемесіне орналастыру түрінде әкімшілік жазаны заңсыз қолданудың салдарынан келтірілсе;

3) зиян ар-ожданына, қадір-қасиеті мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер тарату арқылы келтірілсе;

4) заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда өтеледі.

Ар-намыс, қадір-қасиет және іскерлік беделге қолсұғушылық арқылы келтірілген моральдық зиян мәселесі ҚР АҚ-мен қатар 1992 жылы 18-желтоқсанда қабылданған «Сот тәжірибесінде азаматтар мен заңды тұлғалардың ар-намысын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін қорғау жөніндегі заңдардың қолданылуы туралы» ҚР Жоғарғы Сот Пленумының №6 Қаулысымен реттеледі. Қаулыға сәйкес:

Ар-намыс – адамға берілген қоғамдық баға, оның рухани және әлеуметтік қасиеттерінің өлшемі;

Қадір-қасиет – адамның өз қасиеттеріне, қабілеттеріне, дүниетанымына, өзінің қоғамдағы маңызына өзі іштей беретін бағасы;

Іскерлік бедел – адамның іскерлік (өндірістік, кәсіби) қадір-қасиетіне қоғамдық пікір беретін тұрақты оң баға.

ҚР АҚ 143 бабы ар-намысқа, қадір-қасиетке және іскерлік беделге кір келтіретін мағлұматтарды теріске шығару жолымен жеке және заңды тұлғаларды қорғауды көздейді. Осыған байланысты белгілі бір мән-жайлардың бар/жоқтығын білдіретін ақпаратты немесе тұжырымды мағлұматтар деп түсіну қажет. ҚР АҚ 143 бабы тұлғаның моральдық баға беруге тұратын қасиеттері, сапалары, іс-қимылдары туралы жалған мағлұматтарға, яғни айналадағылардың көз алдына тұлғаның моральдық бағасын кемітетін жалған мағлұматтарға қарсы қорғануда ғана қолданылады. Сонымен, заң, біріншіден, ар-намысқа, қадір-қасиетке іскерлік беделге кір келтіретін мағлұматтарға қарсы; екіншіден, жауапкер таратқан; үшіншіден, шындыққа сай келмейтін жалған мағлұматтар таратудан қорғануды көздейді. Заңдарды сақтау, қоғамның моральдық қағидалары тұрғысынан қарағанда қоғамдық пікірдегі немесе жекелеген азаматтардың пікірлеріндегі азаматтың немесе ұйымның ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітетін, шындыққа сай келмейтін мағлұматтар кір келтіретін мағлұматтар болып табылады.

Ар-намысқа, қадір-қасиетке және іскерлік беделге кір келтіретін мағлұматтарды тарату бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланып, оларды баспасөзде жариялауды, радио, теледидар арқылы хабарлауды, әр түрлі ұйымдарға, лауазымды адамдарға немесе ең болмағанда бір адамға арналған қызметтік және өзге міндеттемелерде, жария сөздерде, мәлімдемелерде баяндауды білдіреді. Мұндай мағлұматтарды басқа тұлғаларға хабарлауды да ар-намысқа, қадір-қа-

сиетке және іскерлік беделге кір келтіретін мағлұматтарды тарату деп түсіну керек. Осыған байланысты белгілі бір тұлғаның қылмыс құрамының белгілерін қамтитын әрекеттері жөнінде тиісті құқық қорғау органдарына ақпарат беру ар-намыс пен қадір-қасиетке кір келтіретін мағлұматтарды тарату болып танылады ма,-деген заңды саул туындайды. Аталған мәселені шешу ерекше маңызға ие, себебі заң талаптарын сақтайтын азаматтар құқық қорғау органдарына оларды хабарлаудан бас тартуы мүмкін. Мұндай ақпараттарды көрінеу жалған жеткізу ҚР ҚК көзделген көрінеу жалған сөз жеткізу құрамын құрайды [5]. Алайда, біздің қарастырып отырғанымыз – «адал сөз жеткізу» – мұндай сөз жеткізуден тартыну қоғамдағы қылмыстылықтың жойылуына септігін тигізбейтіндігі сөзсіз, сондықтан осы жағдайға құқықтық зерттеу жүргізіп, ерекше тоқталу қажет.

Азаматтың жасалған немесе жасалайын деп жатқан қылмыстар туралы ақпаратты қабылдауға және алынған мәліметтердің негізінде қылмыстық істі қозғау туралы мәселені шешуге уәкілетті органдар мен лауазымды тұлғаларға ауызша немесе жазбаша жүгінуі ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» заңының негізінде қызмет ететін мемлекеттік қызметкерге жүгіну болып танылады. Аталған заңға сәйкес мемлекеттік қызметкер азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етуге, және қызметтік міндеттерін орындау барымында өзіне белгілі болған азаматтардың жеке өмірі, ар-намысы мен қадір-қасиетіне қатысты мәліметтерді жарияламауға міндетті.

Лауазымды тұлғалар үшінші тұлғаларға, соның ішінде арызда көрсетілген тұлғаға өздеріне белгілі болған мәліметтерді жариялауға құқылы емес, сондықтан аталған әрекеттер орын алған жағдайда мемлекет (ҚР АҚ 923 бабы бойынша) ҚР АҚ 143 бабының негізінде жәбірленушіге моральдық зиянды өтеуге міндетті болады. Біздің көзқарасымыз бойынша, лауазымды тұлғаға мұндай мәліметтерді жеткізудің өзі мағлұматты тарату болып есептелмеуі тиіс. Себебі лауазымды тұлғаның көкілеттілігіне мәліметтердің шындыққа сәйкестігін тексеру кіреді, ал ҚР Конституциясымен кепілдік берілген кінәсіздік презумпциясы аталған лауазымды тұлғаны хабарланған мәліметерге, олар тиісті дәлелдемелермен бекітілгенге дейін, сенбеуге міндеттейді. Сондықтан аталған жағдайда арызда көрсетілген тұлғаның ҚР АҚ 143 бабының негізінде моральдық зиянның өтелуін талап ету құқығы туындамайды ҚР АҚ 143 бабына сәйкес азаматтық іс-

терді карауда мына жағдайларды жан-жақты анықтау қажет: оларды теріске шығару жөнінде талап қойылған мағлұматтар таратылған ба; олар азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиетіне, заңды тұлғаның іскерлік беделіне кір келтіре ме; бұл мәліметтер шындыққа сай келе ме.

Қорыта келгенде, азаматтық заңнамамыз азамат немесе заңды тұлға өзінің ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтарды, егер ондай мағлұматты таратушы адам олардың шындыққа сай екендігін

дәлелдей алмаса, сот арқылы теріске шығаруды талап етуге құқылы екендігін бекітеді. Бұл орайда талап қоюшы/жәбірленуші таратылған мәліметтердің шындыққа сай келмейтіндігін дәлелдеу міндетінен босатылса, жауапкер/зиян келтіруші, керісінше, мұндай мағлұматтардың шындыққа сәйкес келетіндігін дәлелдеген кезде ғана, моральдық зиянды өтеу түріндегі азаматтық құқықтық жауапкершіліктен босатылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі. – Алматы: Юрист, 2018.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы – Алматы: Юрист, 2018.
3. Петровский С.В. Возмещение морального вреда по гражданскому законодательству // Законность. – 2012. – №7. – С.30.
4. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі – Алматы: Юрист, 2018.

УДК: 347.2/3

МРНТИ: 10.27.55

Д.М. Караходжаева¹

¹Заведующий кафедрой «Бизнес право»

Ташкентского государственного

юридического университета, доктор юридических наук, профессор

ПЕРСПЕКТИВЫ РЕГУЛИРОВАНИЯ ИНСТИТУТА ВЕЩНЫХ ПРАВ В СФЕРЕ ПРОВОДИМЫХ В УЗБЕКИСТАНЕ ИННОВАЦИОННЫХ ПРЕОБРАЗОВАНИЙ

Аннотация

Характеризуются суть и значение вещных прав в современном правовом порядке рыночного типа, а также вопросы переосмысления на законодательном уровне рассматриваемого института вещных прав с учетом современных инновационных веяний и потребностей экономики.

Ключевые слова: вещное право, право собственности, инвестиция, предпринимательство, инновация, самовольная постройка.

Д. М. Караходжаева¹

¹Ташкент мемлекеттік Заң университеті, «Бизнес құқық» кафедрасының меңгерушісі, профессор, заң ғылымдарының докторы

ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУЛАР АЯСЫНДАҒЫ ЗАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАР ИНСТИТУТЫН РЕТТЕУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Аңдатпа

Заттық құқықтарды мәні мен маңызын сипатталады, сондай-ақ қаралып отырған мәселелер заңнамалық деңгейде қазіргі заманғы инновациялық экономиканың қажеттіліктерін ескере отырып және құқық институтының ойсыз да жайылып заттық құқықтарды қайта қарастыруды нарықтық үлгідегі тәртіп.

Түйін сөздер: заттық құқық, инвестиция, кәсіпкерлік, жаңартпа, меншік құқығы, өз бетімен салынған құрылыс.

*D. M. Karakhodzhayeva'
'Head of the department "Business right"
The Tashkent state
legal university,
doctor of jurisprudence, professor*

THE PROSPECTS OF REGULATION OF INSTITUTE OF THE REAL RIGHTS IN THE SPHERE OF THE INNOVATIVE TRANSFORMATIONS WHICH ARE CARRIED OUT IN UZBEKISTAN

Abstract

Characterized the essence and significance of property rights in the modern market order, as well as issues of rethinking at the legislative level of the institution of property rights taking into account modern innovative trends and the needs of the economy.

Key words: property law, property rights, investment, entrepreneurship, innovation, unauthorized construction

Институт права собственности и иных вещных прав, общепринято рассматривается, как один из ключевых в цивилистике. В этой связи, в любой развивающейся стране эта сфера подлежит регулированию в приоритетном порядке. Также было и Узбекистане, где в первые годы независимости был принят ряд Законов и иных нормативных актов, установивших правовое поле для отношений, возникающих в обозначенной сфере.

Однако далее, почти двадцать лет указанное направление находилось в некой законотворческой стагнации. Текущий год в Узбекистане был объявлен «Годом поддержки активного предпринимательства, инновационных идей и технологий», что ознаменовалось кардинальными правовыми реформами в сфере вещных прав.

Среди них, настоящим прорывом, задавшим дальнейшее направление реформ, явился Указ Президента Республики Узбекистан «О мерах по кардинальному улучшению инвестиционного климата в Республике Узбекистан» от 1 августа 2018 г. за №УП-5495, в котором был реализован ряд мер, направленных на либерализацию экономики и обеспечения защиты, имущественных прав как отечественных, так и зарубежных инвесторов.

См.: Национальная база данных законодательства, 02.08.2018 г., № 06/18/5495/1611
<https://regulation.gov.uz/ru/document/956>

Было обозначено внедрение новых механизмов по предоставлению земельных участков: долгосрочная аренда участка сроком до 50 лет для несельскохозяйственной деятельности, реализация права постоянного владения участка для строительства объектов недвижимости.

В обеспечение положений данного Указа планируется разработка и принятие порядка предоставления в аренду земельных участков, а также внедрение права частной собственности на земельные участки с выработкой правовых механизмов введения их в гражданский оборот.

Так, 17 октября 2018 г. вынесен на обсуждение проект Постановления Президента Республики Узбекистан «О мерах по поэтапному внедрению права частной собственности на земельные участки несельскохозяйственного назначения», в котором обозначено, что начиная с 1 июля 2019 года юридические лица Республики Узбекистан смогут приватизировать земельные участки, на которых расположены принадлежащие им на правах собственности здания и сооружения, объекты производственной инфраструктуры, а также прилегающие к ним земельные участки в размерах, необходимых для осуществления своей деятельности, с учетом применяемых технологических процессов, градостроительных норм и правил. Что касается граждан, то они будут вправе приватизировать земельные участки, выделенные им для индивидуального жилищного строительства и обслуживания жилого дома.

Планируется, что принятие данного проекта позволит Республике стать более привлекательной для иностранных вложений и мобилизовать внутренние инвестиции в экономику, устранить устаревшие нормы земельного законодательства, а также будет способствовать вовлечению земельных участков в гражданский оборот.

Стоит отметить, что ранее 20 апреля 2018 Президент Узбекистана подписал Указ «О дополнительных мерах по социальной поддержке граждан и проведении разовой общегосударственной акции по признанию права собствен-

ности на самовольно построенные жилые помещения».

В указе отмечается, что проведенная органами землеустройства и кадастра инвентаризация недвижимого фонда республики выявила системные упущения и серьезные недостатки в вопросах обеспечения законности в сфере индивидуального жилищного строительства, особенно в сельской местности.

В частности, несмотря на наличие законных механизмов приобретения и строительства жилья, тысячи граждан на протяжении многих лет незаконно возводили индивидуальное жилье на самовольно занятых земельных участках. Имеются многочисленные факты сговора фермерских и дехканских хозяйств по незаконному предоставлению земельных участков гражданам для жилищного строительства за определенную плату.

См.: Национальная база данных законодательства, 21.04.2018 г., № 06/18/5421/1092.

Исходя из этого была объявлена общегосударственная разовая акция по признанию права собственности на жилые помещения физических лиц, возведенные на самовольно занятом земельном участке или без получения разрешения на строительство.

При этом, устанавливается, что до 1 мая 2019 года право собственности на жилое помещение, возведенное до момента принятия настоящего указа на земельном участке, не отведенном для этих целей, или без получения разрешения на строительство, признается за лицом, добросовестно, открыто и непрерывно владеющим этим объектом как своим собственным имуществом.

Таким образом, рыночная экономика неизбежно рано или поздно ставит вопрос о рассмотрении земельных участков в качестве основного вида недвижимости. При реализации крупных проектов важен не только операционный доход, но и капитализация бизнеса, которая полноценно не возможна без привязки недвижимости к земельному участку.

Очевидно, что с момента изначально принятой позиции законодателя, не допускающей частной собственности на землю прошло много лет. Происходящие в стране ныне реформы направлены на привлечение технологий, развитие инноваций и освоение капиталов.

При этом особенностью правового регулирования вещных прав на землю, как объекта является то, что это осуществляется нормами одновременно двух отраслей права: гражданского и

земельного. Так, если гражданское право регулирует отношения, возникающие в результате совершения сделок с землей, то такие вопросы, как отнесение земель к категориям, охрана земель, ведение мониторинга земель, землеустройство, перевод земель из одной категории в другую и иные, основанные на отношениях между физическими или юридическими лицами с одной стороны, и государственными органами с другой стороны, регулируются наряду с земельным правом, нормами административного права.

В этой сложной системе особенно важно наличие ясной картины, четких и исчерпывающих определений, избежание противоречий, равно как и разграничение «сфер влияния» различных нормативных актов.

В силу, этого заслуживает внимание, то обстоятельство что сейчас на стадии обсуждения находится вопрос о признании утратившими силу законов Республики Узбекистан «О собственности в Республике Узбекистан» и «Об аренде», которые в настоящее время содержат не актуальные трактовки, которые сегодня не только не соответствуют законодательству, но и духу времени. Существенная часть норм устарела, либо дублируются в ряде иных актов (Гражданский кодекс, Семейный кодекс, Жилищный кодекс и т.д.).

В частности, обозначены как устаревшие, такие конструкции, как «хозяйственное объединение предприятий и организаций», «кооперативное имущество», «собственность коллективного предприятия» и др.

Применяемые до сегодняшнего дня договорные конструкции использования земельных участков не соответствуют современным реалиям. Возможное применение конструкции вещного права застройки, вместо договора аренды, имеет явные экономические преимущества, поскольку оно может выступать предметом залога, что открывает возможности для банковского кредитования строительства соответствующего объекта. В свою очередь длительный срок такого института, как право застройки, допускает снос старого здания и возведение нового с учетом быстрого развития строительных и иных технологий.

Применение системы вещных прав в подобных аспектах участниками гражданского оборота, именно на уровне вещного права, которое имеет более стабильный и защищенный режим регулирования пользования чужим имуществом, крайне необходимо в сфере землепользования. Отсутствие должной последовательности в

гражданско-правовом оформлении развивающейся рыночной ситуации способствует сохранению ее «полурыночного», переходного право-порядка.

Ситуацию осложняет определенная конкуренция норм Гражданского и Земельного кодексов. Синхронизация их норм является чрезвычайно важной мерой, равно как и в иных актах, регулирующих регистрацию прав на недвижимость.

В связи с обозначенными противоречиями и планируется признание Закона Республики Узбекистане «Об аренде» также утратившим силу.

Таким образом, современные условия и изменения, происходящие в обществе указывают на несовершенства и призывают приложить усилия для устранения недостатков, продолжая реформирование гражданского законодательства в области вещных прав. Это во многом зависит от ясного представления о существе и значении вещных прав в современном правопорядке рыночного типа.

Следует также заострить внимание на то, что в отечественном Гражданском Кодексе отсутствует прямое легальное определение категории вещных прав. Приведенный в ст.165 ГК Республики Узбекистан перечень вещных прав является не исчерпывающим, поскольку законодатель позволяет применение формулировок «в частности», а также в содержании самого Раздела II ГК Республики Узбекистан имеются и другие отсылки к иным вещным правам, помимо указанной выше статьи.

См. подробнее: Суханов Е.А. Проблемы вещного права в современном российском праве // Журнал российского права. – 2016. – №4. – С. 36.

Там же. – С. 38.

Представляется, что такой прием законодательной техники является упущением и требует доработки. Полагаем, что при регламентации вещных прав должна быть система, которая носит замкнутый характер и является более логически выстроенной. Именно такой подход позволит избежать разночтений в толковании правовой природы рассматриваемых прав.

В частности, детализировать на законодательном уровне такие основания завладения чужим или бесхозяйным имуществом, к которым можно отнести сбор общедоступных вещей, приобретение движимых вещей, от которых отказался собственник, обращение в собственность нево-стребованной находки приобретательная давность на движимые и недвижимые вещи

(в частности на объекты незавершенного строительства). Учитывая изменения темпа жизни, расширение информационных возможностей и ускорение социальных связей в обществе представляется целесообразным уменьшение сроков приобретательной давности.

Избранный в настоящее время путь инновационного развития экономики, свидетельствует о возможности нахождения путей для постепенной гармонизации права Узбекистана, современным доктринам регулирования вещных отношений, принятых в развитых странах. Так, имеются предпосылки того, что сначала отечественная цивилистическая доктрина, а затем и законодатель утвердятся в необходимости и важности расширения перечня вещных прав на уровне гражданского кодифицированного законодательства, подробной регламентации владельческих отношений и переосмысления института завладения имуществом.

Теоретическое осмысление института вещных прав во многом «потеряло» из-за отсутствия положительной динамики в отечественном законодательстве многие десятилетия.

Это свидетельствует о том, что настало время для переосмысления на законодательном уровне рассматриваемого института вещных прав с учетом современных инновационных веяний и потребностей экономики. Важно создание полноценной системы вещных прав, отвечающей потребностям участников гражданского оборота, отражение на уровне кодифицированного акта формулировки базовых положений вещного права в общей части Гражданского Кодекса.

Закрепление в кодексе понятия вещного права, а также правил, отражающих признаки вещных прав, позволит законодателю создать право-порядок иного уровня, представляющий собой результат обобщения теоретико-правовых положений о вещном праве, а также правоприменительной практики.

Целью предлагаемых изменений является предоставление участникам гражданского оборота, прежде всего гражданам, широких возможностей по выбору вещного права, на котором приобретается имущество или которым собственник обременяет свое имущество, с учетом потребностей данных лиц. Сегодня крайне важно осознание необходимости поиска путей оптимизации законодательства о праве собственности и иных вещных правах, что позволит достичь намеченных целей либерализации экономики. Применение гибкого подхода и постепенное восприятие правовых институтов, ис-

пользуемых в других правовых семьях, их адаптация, а также шаги по отказу от консерватизма приведут к успеху в вопросах гармонизации законодательства.

Назрела необходимость системного преобразования доктринального опыта и материалов судебной практики в материю правовых норм Гражданского кодекса. Хочется верить, что планируемые изменения норм Гражданского кодекса Республики Узбекистан о праве собственности и вещных правах повысят эффективность правовых норм и позволят решить существующие проблемные вопросы

Учитывая происходящие изменения в обществе экономики нашей страны, привнесение инноваций во все сферы современной жизни, предлагается формирование обособленной, органичной, внутренне согласованной системы правового регулирования вещных правоотношений в гражданском законодательстве, устанавливающей специальные правила в отношении возникновения, изменения, прекращения, осуществления и защиты вещных прав; формулировка об-

щих начал правового регулирования вещных прав непосредственно в Гражданском кодексе (признаки, система, виды и способы защиты вещных прав; особенности приобретения, прекращения и осуществления вещных прав); иерархическое строение общих и специальных правовых норм; гармонизация гражданского законодательства в русле разграничения предмета регулирования между гражданским и земельным законодательством по вопросам возникновения, осуществления и ограничения вещных прав на земельные участки, которые по мере развития гражданского оборота могут позиционироваться как важнейший объект имущественного оборота.

Детальная разработка правового регулирования вещных прав путем подготовки законопроекта о внесении изменений в ГК Республики Узбекистан свидетельствует о достижении нового, качественно иного уровня в правовом регулировании вещных прав, что, несомненно, является шагом вперед в развитии науки гражданского права.

Список использованной литературы:

1. *Гражданское право. Общая часть. Учебник. Под ред. Х.Р. Рахманкулова. – Т.: ТГЮИ, 2010. – 899 с.*
2. *Гражданское право. Особенная часть. Учебник. Под ред. Х.Р. Рахманкулова и И.Б. Закирова. – Т.: ТГЮИ, 2009. – С. 864.*
3. *Суханов Е.А. Проблемы вещного права в современном российском праве // Журнал российского права. – 2016. – №4. – С. 36.*
4. *Комментарий к Гражданскому кодексу Республики Узбекистан (часть вторая). Профессиональные комментарии. Т. 1. – Т.: Министерство юстиции Республики Узбекистан, Vektor-Press, 2010. – С.768.*
5. *McKendrick Ewan. Contract Law: Text, Cases, and Materials. – Oxford Academ, 2014. – С.450.*
6. *Cees van Dam. European tort law. Oxford University Press (2013) Second Edition published in 2013.*

**АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСС
ГРАЖДАНСКИЙ ПРОЦЕСС
CIVIL PROCEEDING**

УДК: 342.31

МРНТИ: 10.51.01

Г.Б. Мейірбекова¹

*¹Абай атындағы ҚазҰПУ, «Құқықтану» кафедрасының қауымдастырылған профессоры
e-mail: Meirbekova67@mail.ru*

**МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МӘНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА
РЕТТЕЛУІ МЕН ҚОЛДАНЫЛУЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Аңдатпа

Мақала мемлекеттік тілдің мәнін ашып, оның Қазақстанда реттелуі мен қолданылуының кейбір мәселелерін қарастыруға арналған. Тиісінше мақалада мемлекеттік тіл ұғымының түсінігі талданып, оның мәні, реттелу жағдайы, өмірде жүзеге асырылу тәжірибесі сараланған. Автор мемлекеттік тілдің қолданылу аясына талдау жасай отырып оны жетілдірудің кейбір мәселелерін қарастырған.

Түйін сөздер: мемлекеттік тіл, ресми тіл, азаматтық парыз, заң шығару тілі, сот ісін жүргізу тілі, мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы, заң шығару қызметі

Г.Б. Мейірбекова¹

*¹ассоциированный профессор кафедры «Юриспруденция» КазНПУ имени Абая
e-mail: Meirbekova67@mail.ru*

ЗНАЧЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО ЯЗЫКА И НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЕГО РЕГУЛИРОВАНИЯ И ПРИМЕНЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация

Статья посвящена анализу правового положения государственного языка в РК. Здесь рассматривается сущность государственного языка, состояние правового регулирования и применения на практике закона о языках в Республике Казахстан.

Ключевые слова: государственный язык, официальный язык, гражданский долг, язык законодательства, язык судопроизводства, государственный орган, орган местного самоуправления, законодательная деятельность.

G.B. Meyrbekova¹

*¹the associated professor of Jurisprudence department of Abai KazNPU
e-mail: Meirbekova67@mail.ru*

**THE IMPORTANCE OF THE STATE LANGUAGE AND SOME PROBLEMS OF ITS
REGULATION AND APPLICATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

Abstract

This article analyzes the legal status of the state language in the Republic of Kazakhstan. Here we consider the nature of the state language, state regulation and practical application of the language laws in the Republic of Kazakhstan.

Key words: state language, official language, civil duty, language of legislation, language of legal proceedings, state body, local self-government body, legislative activity.

Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңның 4 бабының 2 тармағына сәйкес мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Мемлекеттік тіл Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, ұйымдарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмыс және іс қағаздарын жүргізу тілі болып табылады, орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады [1].] Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі болып табылады. Қазақ тілінің мәртебесі мен қолданылуы еліміздің конституциясымен ерекше аталып өтілген.

Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің реттелуі және қолданылу мәселесі мемлекетімізде өзекті мәселелердің қатарынан орын алған. Қазақ тілінің бүгінде өзектіленуі оның шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесін иеленуімен ғана шектелмейді. Ең алдымен, қазіргі қазақ тілінің ахуалының өзі, оның дамуы мен қолданылуы жағдайы, оған байланысты туындаған проблемалар ғалымдардың, мамандардың, жалпы қоғам тарапынан айрықша көңіл бөлуді қажет етеді.

Әдетте, мемлекет негізін құраушы әрі жердің байырғы иесі болып саналатын халықтың тілі мемлекеттік тіл болып бекітіледі. Бірақ ұзақ уақыт отар болып, өз тілін ұмыта бастаған кейбір елдерде отарлаушы елдің тілі мемлекеттік тіл болып бекітілген [2]. Мысалы: Үндістанда мемлекеттік тіл ағылшын тілі болса, хинди тілі тек тұрмыстық тіл деңгейінде қалып қойған. Марокконың, Алжирдің мемлекеттік тілі араб тілі болғанымен, ресми тіл ретінде француз тілі онымен бірдей дәрежеде қолданылады. Үш ғасырға жуық Ресейдің қол астында болып келген қазақ елінде де мемлекеттің негізін құраушы ұлттың тілі - қазақ тілі тұрмыстық деңгейге түсіп, ұмыт қалудың аз-ақ шегінде қалған еді.

Қазақстанда мемлекеттік тіл мәртебесін мемлекеттің этникалық бөлігі қазақ ұлтының тілі – қазақ тілі иеленеді. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін иеленетіндігі мемлекеттің Негізгі Заңы – Конституцияда, тілдер туралы заңда анық та нақты бекітілген. Қазақ ұлты, қазақ тілі – Қазақстан Республикасы мемлекеттігінің басты белгісі. Олай дейтін себебіміз, Қазақстан мемлекеті өзге де мемлекеттер секілді тарихи тұрғыдан алғанда қазақ этникалық қауымының мемлекеті ретінде пайда болды. Тиісінше, біздің еліміз Қазақстан қазақ елі болғандықтан, оның тілі – мемлекеттік тіл болып табылады. . Қазақ КСР-інің 1937, 1978 жылғы Конституцияларынан

да қазақ тілі туралы әңгіме жабулы қалпында қалды. Еліміз КСРО деп аталатын үлкен Одақтың қалың құрсауынан босап, егемендігін жариялап, тәуелсіз ел атанып, шет мемлекеттерімен дербес қарым-қатынасқа емін-еркін түсе алатын жағдайға жеткеннен кейін ғана тілімізді өркендетіп, әлемдік аренаға танытуға мүмкіндік туды.

1993 жылы қабылданған тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясында қазақ тілі мемлекеттік тіл болып бекітілді. 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциямен қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде мәртебесі танылды, сонымен қатар, орыс тілі де ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылатын тіл мәртебесін иеленді. 1996 жылы 4 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасының тіл саясаты тұжырымдамасы» мақұлданды. Қазір Қазақстан барлық ғылым-білім, мәдениет, техника салаларын мемлекеттік тілге көшіру кезеңін бастан өткеруде [3].

Әлемде қалыптасқан заңдылық бойынша «мемлекеттік тіл» мәртебесін иеленген тілдің шынайы түрде мемлекеттік тіл ретінде жан-жақты дамуы үшін және оның қолдану аясын кеңейту үшін мемлекет тарапынан белгілі бір уақытқа жоспарланған жан-жақты бағдарламалар жасалады. Әрі мемлекеттік тіл әрдайым мемлекеттің қорғауында және оның қамқорлығында болады. Демократиялық қоғамда белгілі бір тілге мемлекеттік мәртебеге беру оның басқа тілдерге қысымшылық көрсету болып табылмайды.

«Мемлекеттік тіл» деген ұғымның мәніне тоқталар болсақ, ол тиісті тілдің өз елінде, өз жерінде кең қанат жаюымен, сол елдің азаматтарының осы тілде толық 100%-ға сөйлеп, оны құрметтеуімен, мемлекеттік билік тармақтарында мемлекеттік тілді толық меңгерген басшылардың болуымен, шекпенді шенеуніктердің сол елдің азаматтарының алдында мемлекеттік тілде жауапкершілікте болуымен және т.б. белгілерімен сипатталады. Мемлекеттік тіл – ол көпұлтты (көптілді) мемлекетте халықтың ұлттық құрамына қарамай іс қағаздарын, мектеп пен жоғары оқу орындарында оқыту, мәдениет, баспасөз бен байланыс (почта, телеграф т. б.) орындарында, құқық қорғау мен әскер бөлімдерінде, сот істерін жүргізуде, т. б. міндетті деп саналатын саяси-құқықтық қасиеті бар мәртебелі тіл. Ең алдымен, мемлекеттік тіл - осы мемлекеттің барлық заң актілері қабылданатын тіл. Бұл – ресми шараларда, қызметтік хат-хабарда, іскерлік қарым-қатынаста қолданылатын міндетті тіл. Мемлекеттік тіл елдегі сот ісін жүргізудің негізгі тілі болып табылады. Бұған қоса жеке

және заңды тұлғалар арасындағы жазбаша түрде мәмілелердің барлығы міндетті түрде мемлекеттік тілде жазылуы қажет. Мемлекеттік тілде елдің дипломатиялық өкілдіктерінің қызметі жүзеге асырылады, халықаралық шарттар жасалады, ресми қабылдаулар өткізіледі. Мемлекеттік бұқаралық ақпарат және коммуникация құралдарында мемлекеттік тілдің қолданылуы міндетті болып табылады. Қазіргі қазақ тілінің құқықтық жағдайы Конституцияда нақты реттелгенімен, оның қолданылу аясының, өкінішке орай, өсуі байқалмай келеді. Еліміздің тәуелсіздік алғанына 20 жылдан асып кетсе де, мемлекеттік тіліміздің мәртебесі «ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылатын» тілдің көлеңкесінде қалып келеді. Ұзақ жылдар бойы шешімін таба алмай келе жатқан мемлекеттік тіліміздің мәселесі қазіргі қоғамдағы ең қордаланып қалған мәселенің біріне айналып отыр.

Мемлекеттік тіл туралы сөз болғанда, ол мемлекетті құрайтын оның барлық құрамдас бөліктерімен бірге қаралу керек, олардан бөле жара оқшаулап қарауға болмайды өйткені, солармен бірігіп және жарасымды әрі бір бағыт пен бір мақсатта жұмыс істегенде ғана мемлекеттік тіл өзінің қажетті орнын таба алады және бүкіл мемлекетке және қоғамға пайдалы қызмет атқара алады. Осы тұрғыдан алғанда «мемлекеттік тіл» ұғымы – осы мемлекеттің ойлау, сөйлеу және жазу тілі деген мағынаны береді. Мемлекетте жүріп жатқан және болашақта іске асатын барлық іс-шаралар мемлекеттік тілде жоспарланып, ой елегінен өткізіліп, сөздік баламасын иеленіп, қағазға түсіп жазылуы тиіс. Профессор З.Ж. Кенжалиев атап кеткендей, мемлекеттік тілдің төл мағынадағы ұғымы осы [4].

Қазақстан Республикасының тіл туралы заңында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі және оның қолданылу аясымен қоса мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы болып табылатындығы және Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар: Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға; Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға; қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті екендігі реттелген [1].

Тіл туралы заңның осы бабы қазақ тіліміздің мәртебесін айқындай түседі. Бірақ осы бапта көрсетілген міндеттер мен талаптар толығымен орындалып жатыр ма деген заңды сұрақ туындайды. Мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу саласында мемлекеттік тіліміздің қолданылуы толық 100%-ға іске асып жатыр ма? Мысалға алып қарайтын болсақ, біздегі заң шығарушы орган – Парламент заңды қай тілде қабылдайды? Әрине, орыс тілінде. Кезінде Мәжіліс депутаты Оразкүл Асанғазы мемлекеттік тілдің күйіне қарап «Тәуелсіздігінің 20 жылдығын тойлаған Қазақстанда бірде-бір заң қазақ тілінде жазылған жоқ!» – деп ашына айтқан еді. Қазақстанда мемлекеттік тілде заңның қабылданбауы ащы да болса шындық. Заң шығару мемлекеттік тілде жүзеге асуы керек болса, онда парламенттегілердің мемлекеттік тілде заңдар қабылдауы Конституцияға қарсы әрекет істегені ме? Тәуелсіз еліміздің 25 жылдан астам уақыт ішінде заңдарын мемлекеттік тілде емес, орын тілінде қабылдауы тіліміздің өз жерінде өгейдің күйін кешкенін көрсетеді. Мемлекеттік тілді білу – Республика азаматтарының парызы болып саналса, онда не себепті көпшілік халық әлі күнге дейін мемлекеттік тілді 25 жылдан астам уақыт ішінде меңгере алмай келеді?! Мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу саласында отырған мемлекеттік тілді меңгермеген лауазымды тұлғалар мемлекеттік тілді дамытуы, қамқорлықпен қарауы тиіс болса, онда қандай жолмен бұл міндеттерін жүзеге асыра алады?

Еліміздің тәуелсіздік алғанына 25 жылдан асып кетсе де мемлекеттік тіл мәселелерінің толыққанды шешілмеуінің кесірінен, орыс тіліне ресми түрде тең қолданылатын тіл мәртебесі берілуі әсерінен, конституциямызда қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін иеленсе де қоғам мемлекеттік тілдің шынтуайтында қай тіл екенін толыққанды ұғынбай келеді. Атап кеткеніміздей конституциямызда орыс тілі мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады деп көрсетілген. Осы «тең қолданылады» деген бірауыз сөздің әсерінен қоғам орыс тілін екінші мемлекеттік тіл деп қате түсінуі де.

ҚР-сы Конституциялық Кеңесінің 2007 ж. 23 ақпандағы қаулысында Конституцияның 7 бабының 2-тармағы (... орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады деген норма) «орыс тіліне екінші мемлекеттік тіл мәртебесі берілетінін білдірмейді» деп анықталған болатын. Қаулыда «Негізгі Заң қазақ тіліне жария-

құқықтық маңыз бере отырып, оның мәртебесінің үстемдігін айғақтайтындығы» нақтыланды. Біздіңше барлық проблема ҚР Конституциялық Кеңесінің тиісті қаулысының тиісті нормасының талаптарының әлі күнге дейін жүзеге аспауында, әлі күнге дейін мемлекеттік тілдің жария-құқық саласында қолданылуының айрықшылығы не басымдылығын бекітетін заң қабылданбағандығында. Егер мұндай заң қабылданған болса, онда тілдер туралы Конституция нормасы мен қағидаларын жүзеге асыруға байланысты туындап отырған барлық проблемалар мен пікір-таластарды болдырмауға немесе жоюға болар еді [2, 70 б].

Мемлекеттік тіліміздің реттелуі үшін мемлекеттік заңдарымызды баршаға түсінікті етіп қабылдап, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеруіміз керек. Барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар мен оның басшылары қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін іске асыруда негізгі жауапкершілікті өз мойнына алулары керек. Қазақ тілін білу, оны қолдану мен насихаттау өкімет органдары тарапынан көтермеленіп отыруға тиіс. Өйткені қазақ тілін менгеру – қазақстандық патриотизмнің құрамдас бөлігі [3, 217 б].

Қазақстан Республикасының тіл туралы Заңының 18-бабында: «Баспасөз бен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі Қазақстан Республикасы баспа басылымдары мен бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тілдің, басқа да тілдердің қолданылуын қамтамасыз етеді. Қажетті тілдік ортаны жасау және мемлекеттік тілдің толыққанды қолданылуы мақсатында, олардың меншік нысанына қарамастан, телерадио арналары арқылы берілетін мемлекеттік тілдегі хабарлардың көлемі уақыт жағынан басқа тілдердегі хабарлардың жиынтық көлемінен кем болмауға тиіс» деп көрсетілген. Алайда, отандық телеарналардың ішінде орыс тілді арналар қазақ тілді арналардан көптігі жағынан басымдылық деңгейде. Тек «Қазақстан», «Мәдениет» арналары ғана таза мемлекеттік тілде ақпарат таратады. Демек, тіл туралы заңның 18-бабындағы ережелер толығымен орындалып жатыр деп айтуға негіз жоқ.

Жоғарыда атап өткендей Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабының 2-ші тармағында: «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деп көрсетілген. Өркениеті дамыған көптеген елдердің мемлекеттік тілімен ешқандай тіл тең дәрежеде қолданылмайды. Өйткені ондай елдердің мемлекеттік тілдері біреу-ақ! Ал біздің

конституциямыз мемлекеттік тілмен қоса басқа да тілді тең дәрежеде қолдануға мүмкіндік береді. Еліміздегі орыс тілді халық орыс тілін екінші мемлекеттік тіл ретінде бағалауда. Осы жағдайлардың кесірінен мемлекеттік тіліміз өз жерінде толыққанды қолданылмай келеді. Біздің мемлекеттік тіліміз біреу болса, онда не себепті басқа да тілдер онымен тең дәрежеде қолданылуы керек?! Сондықтан, конституциядағы «орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген сөздері алынып тасталуы керек деп есептеймін! Жоғарыда атап өткендей, қазақ тілі – мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Сондықтан, осы аталған мемлекеттік билік тармақтарында мемлекеттік тілді толық меңгерген лауазымды тұлғалар болуы тиіс. Мемлекеттік қызметке міндетті түрде мемлекеттік тілді меңгерген азаматтардың қабылдануы туралы талаптар мемлекеттік заңдарда көрініс табуы керек. Бұл қазақ тіліне деген құрметтің бір көрінісі болар еді. Сонымен қатар, мемлекеттік тілдің тиісті жерде, әрі дұрыс қолданылуын бақылайтын мемлекеттік бақылау органдары құрылуы керек деп есептейміз.

Қортындылай келгенде, барша Қазақстан халқы конституциямен белгіленген мемлекеттік тілімізді 100%-ға меңгеріп, құрмет тұтуы керек. Мемлекеттік тілді барлық азаматтардың арнайы белгіленген көлемде менгеруі үшін жағдай туғызу керек. Осы мақсатта халық топтарының этникалық, демографиялық, кәсібі ерекшеліктеріне сәйкес мемлекеттік тілді міндетті және ақысыз оқыту орталықтарын ұйымдастыру қажет. Барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес мектеп жасына дейінгі мекемелерде, жалпы білім беретін мектептерде, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілді оқытудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету керек, мұның өзі жеке адамдар арасындағы қарым-қатынасты, іскерлік қарым-қатынастағы және қазіргі заманғы іс жүргізуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді [5, 430 б].

Мемлекетімізде ертеден бері өмір сүріп келе жатқан қожайыны, әрі байырғы халқы қазақ ұлты болғандықтан, сол ұлттың тілі мемлекеттік тіл мәртебесін иеленуі заңды нәрсе. Біз, қазақ жастары, мемлекетіміздің келешегі, болашағы ретінде патриоттық сезімімізді көрсете отырып, қазіргі қазақ тіліміздің шешімін таба алмай келе жатқан көптеген мәселелерін дұрыс шешілуіне, тіліміздің қолданылу аясының кеңеюіне атсалысуымыз керек. Оның ең қарапайым, әрі ең әуелгі жолы – қоғамдық ортада барынша қазақша сөй-

леу, орыс тілді ағайындарымызды қазақ тіліне баулу. Мемлекеттен тілімізді өркендету үшін бөлініп жатқан миллиондаған қаржының тиісті мақсатта жұмсалып, жымқырылмауына мемлекеттің өзі бақылау орнатуы тиіс. Тілі жоғалған елдің мемлекеті де жоғалады. Сондықтан, мемлекетіміздің ең бірінші нышаны – мемлекеттік тілімізді сақтау, оны құрметтеу барша қазақстандықтардың қасиетті парызы.

«Мемлекеттік тілді игеру – мемлекет азаматы болып өмір сүруді үйрену деген сөз, өзің өмір сүріп отырған мемлекетке және сол мемлекетті құрған халыққа «азаматпын» деп берген уәденді орындау деген сөз», – дейді профессор З.Ж. Кенжалиев. Ол өз пікірін келесідей жалғастырады: «Ал, мемлекет азаматы болып өмір сүру – есті әрі құқық және әрекет қабілеттігі толық орнаған адамның Алла алдындағы, мемлекет алдындағы

және өзгелерге берген уәделерін орындау деңгейінде және шеңберінде өмір сүру деген сөз... Аллаға деген сенімнің бойыңа сіңіп, иман тілін меңгерсең, онда Жаратқан алдындағы пенделік уәденді орындағаның, ал, ана тіліңді меңгергенің – ата-ана, ұлтың, туған жер – Отаның, одан қалды отбасың, үрім-бұтағыңның алдындағы борышыңа берік болғаның. Мемлекет тілін меңгеруің – осы мемлекеттің азаматы болған кезде берген уәденді орындауың. Әрине, азаматтардың көбісі өздерінің осындай уәделері бар екендігін ... анық біле де бермеуі мүмкін, білсе де толық мәніне бара бермейтіндігі және сондықтан, орындауға құлықсыз келетіндігі айқын. Бірақ, берген уәденді білмеу не ұмыту – оны орындаудан ешкімді азат етпейді. Сондықтан, құрметті Қазақстан мемлекетінің азаматтары, уәденің аты уәде, уәдемізді орындайық» [4].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы 1997 ж. 11 шілдедегі №151-І Қазақстан Республикасының заңы (2013.03.07 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). // Источник: ПАРАГРАФ, 26.09.2013
2. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. Бас редактор Ә. Нысанбаев. - Алматы, «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. – 1998
3. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2017.
4. Кенжалиев З. Конституцияның тіл туралы талаптары немесе ашық хаттың астарына үңілсек. // Заң газеті, 23 қыркүйек 2011 ж.
5. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Ғылымтану. Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын – Павлодар: ҒӨФ «ЭКО», 2006. - 430 б.

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ
КРИМИНОЛОГИЯ
УГОЛОВНОЕ ПРАВО
КРИМИНОЛОГИЯ
CRIMINAL LAW
CRIMINOLOGY**

УДК: 347.965
МРНТИ: 10.77.51

К.Алимханова¹

*¹магистрантка 1 курса по специальности «6М030100 - юриспруденция»
Института истории и права КазНПУ им.Абая*

*Научный руководитель: Сайлибаева Ж.Ю. к.ю.н., ст.преподаватель кафедры юриспруденции
Института истории и права КазНПУ им.Абая
e-mail: zhanel.sailibayeva@mail.ru*

**ФОРМИРОВАНИЕ КАЗАХСТАНСКОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА ПО ВОПРОСАМ ОТВЕТ-
СТВЕННОСТИ ЗА МЕДИЦИНСКИЕ ПРАВОНАРУШЕНИЯ**

Аннотация

Правовая охрана народного здоровья – это прежде всего наличие юридической ответственности за нарушение специальных правил по здравоохранению, гигиене, санитарии, сохранению среды обитания людей. Ее содержание - обеспечение нормативными средствами охраны их здоровья, получение гражданами медицинской помощи, защита (в том числе и уголовно-правовыми средствами) их долголетней жизни в условиях возможно достижимого уровня психического и физического здоровья.

Ключевые слова: медицинские правонарушения, уголовная ответственность, административная ответственность, медицинский проступок, медицинское преступление.

К.Алимханова¹

*¹Абай атындағы ҚазҰПУ-нің тарих және құқық институтының «6М030100 - Құқықтану»
мамандығы бойынша 1 курс магистранты*

*Ғылыми жетекшісі: Сайлибаева Ж.Ю. – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің тарих және құқық
институтының заң ғылымдарының кандидаты, заңтану кафедрасының аға оқытушысы.
e-mail: zhanel.sailibayeva@mail.ru*

**МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК БОЙЫНША ҚА-
ЗАҚСТАНДЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Аңдатпа

Халықтың денсаулығын құқықтық қорғау – бұл, ең алдымен, арнайы денсаулық сақтау, гигиена, санитария, адамдар өмір сүретін ортаның арнайы ережелерін бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің болуы. Оның мазмұнын олардың денсаулығын қорғауды, азаматтардың медициналық көмек алуын (оның ішінде қылмыстық-құқықтық құралдармен), олардың психикалық және физикалық денсаулығының деңгейіне сәйкес ұзақ өмір сүру мүмкіндігін нормативтік амалдармен қамтамасыз ету.

Түйін сөздер: медициналық құқық бұзушылық, қылмыстық жауапкершілік, әкімшілік жауапкершілік, медициналық теріс қылық, медициналық қылмыс.

*K. Alimkhanova*¹

¹1th-year magistracy in the specialty "6M030100 - jurisprudence" of the Institute of History and Law of KazNPU named after Abai

*Scientific director Sailibaeva Zh. Yu. - Candidate of Juridical Sciences, Senior Lecturer of the Department of Jurisprudence of the Institute of History and Law of KazNPU named after Abai
e-mail: zhanel.sailibayeva@mail.ru*

FORMATION OF KAZAKHSTAN LEGISLATION ON LIABILITY FOR MEDICAL OFFENSES

Abstract

Legal protection of public health is primarily the presence of legal responsibility for the violation of special rules on health, hygiene, sanitation, and the preservation of the human environment. Its content is the provision of normative means of protecting their health, the receipt of medical care by citizens, and the protection (including criminal legal means) of their long life in the conditions of the achievable level of mental and physical health.

Keywords: medical offenses, criminal liability, administrative liability, medical misconduct, medical crime.

Введение.

Советское государство первым в мире взяло на себя заботу об охране и улучшении здоровья населения, гарантируя его обеспечение, создавая все условия для полноценной жизни людей, укрепляя их благосостояние. Социализм внес революционный переворот в отношении к здоровью граждан, превратив его сохранение из личной проблемы каждого отдельного человека в одну из важнейших функций государства. Этот тезис нашел свое отражение в документе ЦК КПСС и Совета Министров СССР «Основные направления развития охраны здоровья населения и перестройки здравоохранения СССР в двенадцатой пятилетке и на период до 2000 года» [1].

Основной задачей советского здравоохранения было обеспечение высокого уровня народного и личного здоровья, а также формирование разумного здорового общественно полезного образа жизни. Бесплатная медицинская помощь выступала специфическим видом государственного обеспечения граждан в форме лечебных услуг. Между тем качество и культура бесплатного медицинского обслуживания все еще отставали от требований, которые предъявляли к ним граждане.

Основная часть. Право советских граждан на охрану здоровья было закреплено в Конституции СССР и союзных республик. Оно обеспечивалось общедоступностью бесплатной медицинской помощи, оказываемой государственными учреждениями здравоохранения, расширением сети лечебно-профилактических учреждений,

развитием и совершенствованием техники безопасности и производственной санитарии, мерами по оздоровлению окружающей среды, запрещением детского труда, не связанного с обучением и трудовым воспитанием, развертыванием научных исследований в области здравоохранения. Положения, имеющие прямое отношение к обеспечению здоровья советских граждан, содержалось более чем в 20 статьях Конституции СССР.

Правовая охрана здоровья в СССР. В «Основах здравоохранения Союза ССР и союзных республик» были сформулированы общие задачи по охране здоровья советского народа и организационно-правовые принципы их разрешения, была четко обозначена компетенция Союза ССР и союзных республик в области здравоохранения, указаны органы государственной власти, занимающиеся этой деятельностью, установлен порядок занятия медицинской и фармацевтической практикой, перечислены социально-гигиенические меры, с помощью которых достигалось и обеспечивалось санитарно-эпидемическое благополучие населения, были предусмотрены правила оказания лечебно-профилактической помощи населению, организации охраны здоровья матери и ребенка, а также условия санитарно-курортного лечения, отдыха, туризма и занятий физической культурой (ст. 3) [2].

Охрана здоровья осуществлялась как органами здравоохранения, так и правоохранительными органами. Под охраной здоровья населения, осуществляемой органами здравоохранения, понималось медицинское обслуживание, больничная и внебольничная помощь, психиатрическая

помощь, борьба за снижение смертности, забота о санитарном благополучии жителей города и села, охрана материнства и младенчества, развитие сети санаториев и курортов, контроль за питанием населения.

Правовая охрана народного здоровья – это прежде всего наличие юридической ответственности за нарушение специальных правил по здравоохранению, гигиене, санитарии, сохранению среды обитания людей. Ее содержание – обеспечение нормативными средствами их здоровья, получение гражданами медицинской помощи, защита (в том числе и уголовно-правовыми средствами) их долголетней жизни в условиях возможно достижимого уровня психического и физического здоровья. С учетом названных обстоятельств правовая охрана здоровья определялась законодательством, практикой ее применения и достижения юридической науки и осуществлялась в интересах рационального использования здоровья людей для их личного и общественного развития. Совокупность названных средств и деятельность по их применению составляли правовую охрану здоровья.

Социалистические общественные отношения, составляющие содержание здоровья населения в СССР и отвечающие интересам большинства его граждан, становились объектом негативного воздействия со стороны отдельных правонарушителей.

Данное поведение правонарушителей можно подразделить на следующие виды: аморальный проступок, дисциплинарный проступок, административное правонарушение и преступление.

Названные посягательства имели много общего, определяемого совпадающим объектом, а порой и способом совершения. Стержневым в их сходстве является соответствующая антиобщественная направленность, а также то, что они выступают в качестве формы негативного поведения, признаваемого социальными установлениями антиобщественным.

Елде жүргізілген пенитенциарлық реформаның нәтижесінде жаңа қылмыстық-атқару кодексі қабылданды. Алайда, қазақстандық пенитенциарлық жүйе бүгінде қиын-қыстау кезенді бастан кешуде. Сотталғандарды түзеу әдісі ретінде түрменің тиімсіздігі байқалады. Отандық қылмыстық-атқару жүйесінде ескі кеңестік жүйенің белгілері әлі күнге дейін сақталғандықтан, халықаралық стандарттарға толық сәйкес келмейтін сынды. Сондықтан еліміздің қылмыстық-атқару саясаты мен жазаның орындалуын ұйымдастыру жетілдірілу үстінде.

Автор өз мақаласында жазаны орындау мен өтеудің құқықтық реттелу мәселесін, сондай-ақ олардың жай-күйі мен болашағын қарастырады.

Түйін сөздер: пенитенциарная система, қылмыстық-атқару саясаты, орындау және жазаны өтеу түзеу әсері сотталғандар пенитенциарлық жүйені жаңғырту.

А.Р. Бижанова¹

¹Д.ю.н, старший преподаватель кафедры Юриспруденция

института истории и права

ҚазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

e-mail: Aike_74@mail.ru

О СОСТОЯНИИ ОТБЫВАНИЯ И ИСПОЛНЕНИЯ УГОЛОВНОГО НАКАЗАНИЯ

Аннотация

В результате проведенной пенитенциарной реформы был принят новый уголовный-исполнительный кодекс. Однако казахстанская пенитенциарная система переживает трудные времена. Замечается неэффективность тюрьмы как метода исправления преступника. Отечественная уголовная-исполнительная система до сих пор во многом сохраняет черты старой советской системы и далека еще от международных стандартов, поэтому в стране совершенствуется уголовно-исполнительная политика и организация исполнения наказания.

Автор в статье рассматривает вопросы правового регулирования исполнения и отбывания наказания осужденных, а также их состояние и перспективу.

Ключевые слова: пенитенциарная система, уголовно-исполнительная политика, исполнение и отбывание наказания, исправительное воздействие осужденных, модернизация пенитенциарной системы.

A.R. Bizhanova¹

*'d.o.l., senior teacher of law the institute of History and Law of Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan
e-mail: Aike_74@mail.ru*

ABOUT THE STATE OF SERVING AND EXECUTION CRIMINAL PUNISHMENT

Abstract

As a result of the conducted penitentiary reform a new criminal-executive code was accepted. However the Kazakhstan penitentiary system experiences difficult times. The uneffectiveness of prison is noticed as a method of correction of criminal. The home criminal-executive system until now in a great deal saves the lines of the old soviet system and distant yet from international standards, therefore criminally-executive politics and organization of execution of punishment improve in a country.

An author in the article examines the questions of the legal adjusting of execution and serving of punishment of convict, and also their state and prospect.

Keywords: penitentiary system, criminally-executive politics, execution and serving of punishment, correctional influence of convict, modernisation of the penitentiary system.

Кіріспе

2014 жылы ҚР ҚАК-нің қабылдануымен отандық қылмыстық-атқару жүйесіне елеулі жаңалықтар енді. Жаңа пенитенциарлық реформаның негізінде қылмыстық-атқару жүйесі барынша халықаралық стандартқа жақындату көзделуде: сотталғандардың түзелуі мүмкіндіктерін қарастыру, сотталғандарды мекемеде ұстаудың материалдық-тұрмыстық жағдайын жақсарту, медициналық-құқықтық көмектер көрсету және т.б.

Қылмыстық заңнамаларды ізгілендіре отырып, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды кеңінен қолдану жоспарға алынған. Осы тұста, Кеңес Одағы тарағаннан бері республика аумағында пенитенциарлық мекемелер саны да, сәйкесінше сотталғандар саны да азайып келеді. Соңғы бірнеше жылда жалпы сотталғандар саны 100 мыңнан 33 мыңға, ал түзеу мекемелер саны сегізге қысқарып отыр. Әлемдік

түрме индекcінде бiздiң елiмiз 200-дiң 83-i орынды иеленген: әрбiр 100 мың халыққа 188 бас бостандығынан айырылған адамдар тура келедi екен.

Жаңа реформа қолға алынғалы iс-тәжiрбедегi қылмыстық-атқару жүйесiнiң, сотталғандардың жағдайы жайлы PRI (Халықаралық түрме реформасы) өкiлдiгiнiң аумақ директоры Азамат Шамбилов былай дейдi: «Бүгiнде түрме қызметкерлерi бiр ғана iспен, яғни Сотталғандар өз уақыттарын акт залында құр отырып өткiзедi. Өкiмшiлiк үшiн бұл өте тиiмдi. Ең бастысы – олар режимдi бұзбаса, ереуiлге шықпаса, құқыққа қайшы әрекеттер жасамаса болғаны. Аталған жағдай сотталғандардың азып-тозуына алып барады, сондай-ақ сотталғандардың әртүрлi радикалды топтарға кiрулерiн жағдай жасайды» [1].

Аталған жағдай отандық пенитенциарлық жүйеде әлі де болса атқарылар жұмыстардың, өзгерістердің кезек күтіп тұрғанын айқындайтындай. қолданылады. Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді» [2].

Қылмыстық жазаның мақсатын кек алу деп есептейтін болсақ, онда қылмыстылықтың алдын алу, әділдікті қамтамасыз ету мүмкін болмайды. Себебі мемлекет өзі кек алуды ойлап тұрып, сотталған адамды түзелуге үгіттей де, қылмыстылықпен күресе де алмайтыны анық.

Ал заңнамада қарастырылған қылмыстық ықпал ету шаралары болса, ол жазалану сезімін тудырмайды, керісінше қоғам мүдделерін қорғауға, оның азаматтарын сақтауға бағытталған мәжбүрлі шараларды сипаттайды. Тұлға қылмыстық жауаптылыққа тартылмаған ретте өзге де қылмыстық ықпал ету шаралары қолданылады. Осы тұста ғылыми еңбектерде қылмыстық жазаны кек алу емес, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қоғам мәжбүр болатын шара түрінде түсіндірген ғалымдар бар. Бұл бағытты ұстанушылар қылмыстық заңнамада жаза жүйесінің тым кеңдігіне қарсы, оның астарында теріс зардаптар сақталынады, деп есептейді. Бірақ та жаза жүйесі сотталушының жеке басының ерекшелігін, қоғамға қауіптілік деңгейін ескере отырып, жазалаудың балама түрін қолдануға мүмкіндік беретіндігін түсіндіреді.

Қылмыстық жазаның мақсаты қылмыстылықпен күрестің мәнін қалыптастырады. Қылмыстық атқару органдары сол қылмыстық құқық бұзушылықпен күресуші органдар жүйесіне жатады. Яғни, жазаның мақсатына қарай қылмыстық атқару органдары қызмет етеді.

Бұл қылмыстық-атқару қызметі қылмыстық жазаның орындалуы (атқарылуы), өтелуі ұғымымен байланысты. Қылмыстық атқару кодексінде «орындау» «өтеу» ұғымдары қатар қолданылады. Бұл терминдердің қатар қолданылуы негізді, себебі олар сотталғанға ықпал ету үрдісін сипаттайды, бірақ та қылмыстық атқару құқықтық қатынасының түрлі субъектілеріне арналған.

Жазаны «орындау» термині сотталғандарға шектелген құқықтар кешенін қолдануды қамтамасыз ететін жазаны орындаушы органдар мен мекемелерге қатысты қолданылса, ал жазаны «өтеу» термині сотталғандарға арналған. Олар қылмыстық атқару заңнамаларында бекітілген ережелерге сәйкес, сот үкімінің негізінде өздеріне жүктелінген міндеттерді орындауы, құқық нормаларымен тиым салынған іс-әрекеттерден тиылуы тиіс.

Мемлекеттік қызметтің арнайы бағыты ретінде қылмыстық жазаны орындау қылмыстылықпен күресте жалпымемлекеттік міндетті іске асырудың бір инструменті болып табылады.

Қылмыстық жазаны орындайтын органдар мен мекемелер жазаның мақсаттарына қолжеткізгенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға мүмкіндік алады.

Қылмыстық жазаны орындаудың және қылмыстық-құқықтық өзге де ықпал ету шараларын қолданудың негізі заңдық күшіне енген сот үкімі немесе сот қаулысы болады. Үкімнің нақты орындалуының қамтамасыз ету шараларына мыналар жатады: а) нақты қылмыстық жазаны орындау міндеті жүктелінген арнайы органның болуы; ә) сотталған тұлға қылмыстық жазадан жалтарған жағдайда тағайындалған қылмыстық жазаның оның басқа түрімен алмаса алуы; б) жазаны өтеуден жалтарғаны, лауазымды адамның сот үкімін, анықтама не қаулыны орындамағаны үшін қылмыстық жауаптылықтың бекітілуі.

Сотталғандарға мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану кешенді сипатқа ие және құқықтық шектеу нысанында іске асырылады. Мәжбүрлеу қылмыстық жазалардың барлық түрлеріне тән, бірақ та оның әрбірін орындау кезінде құқықтық шектеудің көлемі әртүрлі болады. Олар, әдетте, қоғамнан оқшаулаумен байланысты жазаларды өтеуші сотталғандарға қатысты кеңінен қолданылады. Мұндағы басты шектеулер: қозғалу бостандығы, қарым-қатынас бостандығы, туыстармен және таныстарымен байланыс ұстау, өзінің еңбекке қабілеттігін еркін қолдану және т.б. Мысалы, түзеу жұмыстары түріндегі жазаны орындау кезінде сотталған тұлғаның жұмыс істейтін орнын таңдауда құқығы шектелінеді және де «алименттерді, жарақаттануға немесе денсаулықтың өзге де зақымдануына, сондай-ақ асыраушысының қайтыс болуына байланысты келтірілген зиянды өтеу есебіне мерзімдік төлеуге (өндіріп алуға) жататын қаражатты шегергенде, сотталған адамның жалақысының (ақшалай үлесінің) оннан елу пайызға дейінгісін ай сайын ұстап қалу және жәбірленушілерге өтеу қорына аудару арқылы орындалады.

Түзеу жұмыстары қылмыстық теріс қылықтар үшін – айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан екі жүзге дейінгі шегінде, қылмыстар үшін айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден он мыңға дейінгі шегінде белгіленеді» [2]. Ал айыппұл түріндегі жазаны орындағанда сотталған тұлғаның мүліктік құқықтары шектелінеді.

Сотталған тұлғаға мәжбүрлеу шараларын қолданумен қатар психологиялық-педагогика-

лық, өмір сүру жағдайын ұйымдастыруға, еңбек ету және демалыс жағдайына ықпал етіледі.

Кез-келген қылмыстық жазаның орындалуы сотталған тұлғаның түзелуіне де әсер етеді. ҚР ҚАК-нің 3-бабында, сотталған адамды түзеу – сотталған адамның құқыққа бағынушылық мінез-құлқын, жеке басқа, қоғамға, еңбекке, қоғамдағы мінез-құлық нормаларына, қағидаларына және әдебіне жағымды көзқарасын қалыптастыру, деп түсіндіріледі [3].

Бұл адамның сыртқы (объективті) және ішкі (субъективті) жағдайларының ықпал етуімен сотталған тұлғаның өзгеру процесі ретінде қаралады. Сотталғандарға қылмыстық жазаны орындайтын мекеме мен органның қызметкерлері, өзге мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың өкілдері, қылмыстық жазаны өтеушілердің туыстары мен жақындары, сондай-ақ өзге де сотталғандар сырттай ықпал етеді. Олар сотталғанның жеке басының рухани, еңбектік, эстетикалық, интеллектуалдық және физикалық дамуы үрдісіне қатысады. Осы аталғандардың барлығы «түзелуге ықпал ету» терминін қамтиды.

Сотталғандардың түзелуі ұғымын жазаның орындалуының және түзелу құралын қолданудың нәтижесі ретінде де қарауға болады. Қылмыстық заңнамада қарастырылған шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды сотталған тұлғаның түзелуі үшін толық көлемде жазаны өтеуі қажет еместігіне сот сенімді болған кезде қолдануы деп түсінеміз. Сәйкесінше, бұл бағалаушы ұғым болып табылады. Оның мазмұны сотталғандардың түзелу деңгейіне тәуелді болмақ.

Заң шығарушы түзелу ұғымын түсіндіргенде сотталған адамның жазаны орындау нәтижесінде нақты қолжеткізген қасиеттеріне, әсіресе, адами нормалар мен ережелерге, еңбекті сыйлауына назар аударады.

ҚР ҚАК-нің 7-бабына сәйкес [3]:

«1. Мыналар:

1) жазаны өтеу режимі;

2) тәрбиелік ықпал ету;

3) жағымды әлеуметтік байланыстарды сақтап тұру;

4) қоғамға пайдалы еңбек;

5) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуы;

6) қоғамдық ықпал ету сотталғандарды түзеудің негізгі құралдары болып табылады.

2. Сотталғандарды түзеу құралдары жазаның түрі, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты, қоғамға қауіптілік дәрежесі, кінә нысаны мен уәждері, сотталған адамның жеке басы және жазаны өтеу кезіндегі оның мінез-құлқы ескеріле отырып қолданылады».

Мұндағы, режим құқықтық институт ретінде түзеумен байланысты кез-келген жаза түрін өтеуге тән құбылыс. Жазаны өтеу режимі – бұл ҚР ҚАК-де және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген жазаларды орындау және өтеу тәртібі болып табылады. Жекеленген жаза түріне қарай жазаны өтеу режимінің өзіндік мазмұны және ерекшеліктері болады. Қылмыстық жазаны өтеу барысында режим сотталған адамның өмірін, еңбек процесін, жұмыстан тыс уақытын сипаттай алады. Режимнің негізгі элементі болып сотталғандардың субъективті құқықтарын шектеу, оларға қосымша міндеттер жүктеу саналады. Мұнан байқайтынымыз, режим жазаның мазмұны қалыптастырғанымен де, режим ұғымы жазаның мазмұнынан кең. Басқаша айтсақ, режимнің мазмұнына мыналар жатады: құқықты шектейтін ережелер; тұрмыс-тіршіліктегі жеке жүріс-тұрыс ережесі; өзгелермен байланысы; сотталғандардың құқықтық жағдайын ұйымдастыру тәртібі.

Алайда, режимнің тәрбиелік функциясының шектеулі екендігін ескерген жөн. Себебі кей жағдайда сотталғандарды қоғамға пайдалы ету үшін жазаның өзі жеткіліксіз болады. Сондықтан да сотталғандар бас бостандығынан айыру, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстар, бостандығын шектеу түріндегі жазаларды өтегенде педагогикалық, тәрбиелік сипаттағы түзеу шараларын қолдану қажет.

Сотталғандарды түзеу – бұл олардың адамдарға, қоғамға, еңбекке, адамзаттардың ортақтасып тіршілік ету ережелері мен нормаларына, әдет-ғұрыптарға жағымды көзқарас қалыптастыру және құқықты сыйлайтын жүріс-тұрысқа дағдылау болмақ.

ҚР ҚАК-нің 7-бабына сәйкес, 1) жазаны өтеу режимі; 2) тәрбиелік ықпал ету; 3) жағымды әлеуметтік байланыстарды сақтап тұру; 4) қоғамға пайдалы еңбек; 5) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуы; 6) қоғамдық ықпал ету сотталғандарды түзеудің негізгі құралдары болып табылады [3].

Енді түзеу құралдарына жеке тоқталсақ. Түзеу құралдарының бірі сотталғандардың қоғамдық-пайдалы еңбегі саналады. Қоғамдық-пайдалы еңбек – сотталғандарды түзеудің негізі. Еңбек үрдісінде адамзаттың жеке басы қалыптаса бастайды, тапсырылған ісіне саналы түрде қарау, меншіктің барлық нысандарына ұқыптылықпен қарау, ұжымдылықты сезіну, тәртіптілік, еңбексүйгіштілікке бейімдеу және т.б. Еңбек белгіленген режимнің шегінде ұйымдастырылады, сол жағдайда мәжбүрленеді (ҚР ҚАК-нің 119-бабы).

Тәрбие жұмыстары сотталғандардың түзелуі, адамдарға, еңбекке, адамдардың жалпы тіршілігіне құрметпен қарауды қалыптастыру үшін жүргізіледі. Ол сотталғандардың түзелуіне ықпал ететін рухани, құқықтық, еңбек, физикалық және басқа да тәрбиелеу іс-шараларынан тұрады. Дегенмен де тәрбие жұмыстары жазаны өтеу режимінің шегінде іске асады (ҚР ҚАК-нің 124-бабы).

Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың жалпы білімі. ҚР ҚАК-нің 127-бабына сәйкес [3]: «Мекемелерде отыз жасқа толмаған сотталғандардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімді міндетті түрде алуы ұйымдастырылады.

2. Отыз жастан асқан сотталғандар мен мүгедектер бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімді өздерінің қалауы бойынша алады.

3. Емтихандарды тапсыру үшін оқушылар Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыстан босатылады.

4. Өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген, сондай-ақ емдеу-профилактикалық мекемелердегі сотталғандарға бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алуы үшін жағдайлар жасалады».

Бас бостандығынан айырылғандарға кәсіптік білім беру және кәсіби даярлығы (ҚР ҚАК-нің 123-бабы). Мекемелерде сотталғандарға техникалық және кәсіптік білім беру шаралары ұйымдастырылады. Сотталғандарға техникалық және кәсіптік білім беруді ұйымдастыру үшін кәсіптер мен мамандықтар тізбесін еңбек нарығының мониторингін ескере отырып, жергілікті атқарушы органдармен келісу бойынша мекеме әкімшілігі қалыптастырады.

Қоғамдық ықпал ету. ҚР ҚАК-нің 8-бабына сай, сотталғандарды түзеуге жұртшылық қатыстырылады. Онда былай делінген [3]:

«Сотталғандарды түзеуге қамқоршылық кеңестер мен қоғамдық байқау кеңестері, сотталғандардың ата-аналар комитеттері, кәсіптік одақтар, еңбек ұжымдары, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген қоғамдық бірлестіктер, діни бірлестіктер, қоғамдық қорлар мен қайырымдылық қорлары, саяси партиялар, басқа да ұйымдар, сондай-ақ азаматтар:

1) социологиялық және өзге де мониторингтер жүргізу;

2) қылмыстық-атқару қызметі саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және қоғамда талқылауға қатысу;

3) сотталғандарға гуманитарлық және қайы-

рымдылық көмектерді іздестіруге, беруге, оның бөлінуіне және пайдаланылуын байқауға қатысу;

4) қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін жетілдіруге және сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмекке бағытталған бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу және іске асыру;

5) жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін нысандарда өзге де жәрдем көрсету арқылы қатыса алады».

Сотталғандардың жазаларды орындау шарттарын саралау және даралау, сондай-ақ сотталғандарға түзелу шараларын қолдану пениденциарлық саясаттың басты мақсатына жетуге зор мүмкіндік береді.

Жазаның орындалу шарттарын даралау мен түзеу процесі сотталғандардың жазаны өтеуіне түрлі жағдай жасайды, нақты айтсақ, сотталғандарды әртүрлі қауіпсіздік мекемелерінде, әртүрлі санаттағы сотталғандарды бөлек-бөлек ұстауға мүмкіндік береді. Жазаны орындауда сотталғандарды даралау арқылы төмендегідей мақсатқа қолжеткізіледі: бір сотталғанның басқа сотталғандарға теріс ықпал етуіне жол бермейді; жазаны және түзелу шараларын тиімді қолдану үшін тиісті жағдайлар жасайды.

Әрине, бұл үшін қылмыстық және қылмысты-атқару нормалары қажетті алғышарттар жасайтыны анық. Ең алдыменен, бас бостандығынан айырылған сотталғандарды жеке топтарға бөледі, олар түрлі режимдегі қауіпсіздік мекемелерде жазаларын өтейді, бұл мекемелерде түрлі көлемде құқықтық шектеулер қолданылады.

Жазаның орындалу шарттарын даралау сотталғандарды топтау әдісіне сүйенеді. Қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкес, сотталғандар жынысына, жасына, бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтегендігі, не өтемегендігіне, қылмыскердің жеке басына, кінәсіне қарай топтастырылады.

ҚР ҚАК-нің 96-бабында көрсетілгендей, жазаны орындау кезеңінде оны даралау мақсатында сотталған адамның мінез-құлқы дәрежесін айқындау арқылы оның мінез-құлқын бағалау жүзеге асырылады [3]:

«Сотталғандардың мінез-құлқы дәрежелері мынадай критерийлер негізінде айқындалады:

оң сипатталатын сотталғандар үшін:

1) кемінде бір көтермелеуі болған әрі соңғы көтермелеу алған күннен бастап үш және одан көп ай бойы жазалаулары болмаған кезде – дәрежесі бірінші оң мінез-құлқы;

2) бірінші оң мінез-құлық дәрежесі болған, сотталғандардың ерікті ұйымына мүше болған әрі бірінші оң мінез-құлық дәрежесін алған күннен бастап алты және одан көп ай бойы жазалаулары болмаған кезде – дәрежесі екінші оң мінез-құлық;

3) екінші оң мінез-құлық дәрежесі болған, сотталғандардың ерікті ұйымына мүше болған әрі екінші оң мінез-құлық дәрежесін алған күннен бастап бір жыл және одан көп уақыт бойы жазалаулары болмаған кезде – дәрежесі үшінші оң мінез-құлық;

теріс сипатталатын сотталғандар үшін:

1) жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзушы деп танылған кезде – дәрежесі бірінші теріс мінез-құлық;

2) жазаны өтеудің белгіленген тәртібін үнемі бұзушы деп танылған кезде – дәрежесі екінші теріс мінез-құлық;

3) жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзушы деп танылған кезде – дәрежесі үшінші теріс мінез-құлық».

Жазаны орындауды даралау мен түзеу шараларын қолдану процесі жазаны орындау шарттарын саралаудың логалық жалғасы болып саналады және де қылмыскердің жеке басын ескере отырып, түзеу шараларын қолдану мен мекемеде ұстау жағдайын өзгертуден тұрады.

Жазаны орындауды даралау бір мекеменің шегінде (сотталғандарды камералық жағдайда ұстау, жалғыз адамдық камераларда ұстау, жазаны өтеу жағдайын өзгерту), сондай-ақ басқа мекемеге ауыстыру арқылы да іске асырылады.

Сотталғандардың түзелуіне ықпал етуді даралау қылмыстық-атқару нормалары бекіткен шекте, пенитенциарлық педагогика мен психология ережелеріне сай атқарылады. Бұл ережелер позитивті мазмұнға ие, себебі олар сотталғандардың жеке басын анықтай отырып жүргізілетін ықпал ету шаралары болып танылады.

Сотталғандардың түзелуіне ықпал ету үшін қылмыстық атқару заңнамасына бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындаудың прогрессивті жүйесінің енгізілуінің орны ерекше. Бұл мәселе заң ғылымында көпке дейін қарастырылмай келді. Ол бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға сотталғандардың түзелуі міндетінің дұрыс шешілуіне ықпал етпес пе еді. ҚР ҚАҚ-не қауіпсіздік мекемелерінде жазаны өтеудің әртүрлі жағдайларының енгізілуімен сотталғандардың жазаларды орындау шарттарын саралау іске асыт. Ал бұл өз кезегінде прогрессивті жүйеге сай тәрбиелеу шарасын қолдануға мүмкіндік берді [4].

Түрлі режимдегі қауіпсіздік мекемелердің, сондай-ақ бір қауіпсіздік мекемесінде түрлі режимнің көмегімен сотталғандардың жазаны өтеуге деген көзқарастарын және жүріс-тұрыстарын ескере отырып, мекемеде ұстау жағдайы өзгертілетін болады.

Егер сотталғандарды түремеде ұстау тарихына жүгінсек, онда бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға сотталғандарды мекемеде ұстау жағдайын өзгерте отырып, кезең-кезеңімен өтеу әдісі шетел іс-тәжірбиесінде ХІХ ғ. өзінде пайда болған еді және де кейін оның атауы өзгеріп, прогрессивті жүйе деген атау алды. Бүгінге дейін бұл жүйе бірнеше рет өзгеріске ұшырады, бірақ та оның мәні сол қалпында сақталып қалды: жазаның ықпалының күшейіп, не қатал болуы сотталған адамның өзіне байланысты еді.

Аталған жағдай заңнаманың берген мүмкіндіктерін құрайды. Ал іс-тәжірбиедегі жағдай қиындықтарға толы. Статистикалық деректерге сүйенсетін болсақ, 33 мың сотталғандардың үштен бірі ғана түрлі өндірістерде жұмыспен қамтылған. Алайда, олардың мекемеде игерген мамандықтары, ілімдерінің 90% шамамен бостандыққа шыққан соң заман талабына сай келмейді. Білім беруге келсек, кәсіби білімді қоса алғанда, бүгінде мекемелердегі берілетін оқу бағдарламасы тым ескі, он жылдай кемінде артта қалған.

Осы тұста бас бостандығынан айыру орындары сотталғандарды түзей алады ма? деген сұрақтың туындары анық. Әрине, мекеме жүзпайыз сотталғандардың түзелуіне кепілдік бермейді, бірақ та Нидерландия, Швеция, Финляндия, Норвегия, Дания, Германия, Испания сынды елдерде қылмысты қайталап жасаудың пайызы әлдеқайда төмен екен. Бұл елдерде сотталғандардың түзелуінің нақты алгоритмі жасалынған. Онда ерте ме кеш қоғамға қайта оралатын сотталғандармен жоғары кәсіби психолог мамандар жұмыс жасайды. Сонымен қатар, онда реабилитациялық бағдарламаларды енгізудің нәтижесінде сотталғандардың криминалды элементтеріне көмек көрсетілетінді.

Соңғы жылдары американдықтардың скандинава және Нидерландия мемлекеттерінің пенитенциарлық жүйесін енгізуді сынақтан өткізіп жатқан жайы бар. Нәтижесінде көптеген түрмелер босап, ғимараттар жалға берілуде. Мысалы, Бельгия Нидерландықтардан оларды жалға алып отыр. Онда балабақшадан басталатын азаматтардың қылмыстарының алдын алу мен превенциялауға қатысты нақты және жүйеленген механизм іске қосылған [1].

Ал Финляндия, Дания мен Швеция елдерінде ата-аналарға курстар ашылған, онда балалар болашақта қылмыстық сот әділдігімен бетпе-бет келіп қалмауы үшін балаларды қалай дұрыс тәрбиелеу керектігін үйретеді.

Еліміздегі мекемелерде сотталғандардың түзелуіне жағдай бар ма деген сауалға жауапты ҚР ПМ басшысының парламенттегі баяндамасынан табамыз. Онда ол республикамыздың қылмыстық-атқару жүйесіндегі кемшіліктерді айта келе, сотталғандардың түзелуінің әдісі ретінде түрменің тиімсіздігіне тоқталып кеткен (25.09.2017ж.). Кеңестік жүйе белгілері әлі де болса сақталған. Сондықтан да халықаралық іс-тәжірбиені ескеріп, Қазақстандық қылмыстық-атқару жүйесін дамытудың жаңа бағыттары жасалында. Ең алдыменен, бұл өзгеріс сотталғандарды ұжымдық нысанда ұстаудан жекеленген камераларда ұстау нысанына көшумен байланысты. Бұл үшін заманауи типтегі мекемелерді салуды қажет етеді.

Көпжылдық тәжірбие көрсеткендей, қылмыскерлерді бас бостандығынан айыру орындарында ұстаудың барлық уақытта тиімді еместігі дәлелденіп отыр. Бас бостандығынан айыру іс жүзінде қылмыскерлерді түзеу құралы бола алмайды немесе олардың қайта қылмыс жасауының алдын ала алмайды. Сонымен қатар, азаматтарды мекемелерде ұстау мемлекет бюджетіне ауырлық салады. Сондықтан да, Қазақстанда қылмыстық заңнама ізгілендіруге және де қоғамнан оқшалаумен байланысты емес жазалардың қолданылу аясы кеңейуге бағыт бұрып отыр [5].

Әрине, қылмыс жасаған адам әрекетінің ауырлығына сай өз жазасын алуы тиіс, бірақ та бұл әруақытта бас бостандығынан айыру жазасы деген сөз емес.

Соңғы жылдары отандық пенитенциарлық жүйенің жайлап халықаралық стандартқа бет бұрды. ҚР ПМ ұлт Жоспарының 34-қадамында қарастырылған мемлекеттік-жеке әріптестік тетігін қолдана отырып, пенитенциарлық жүйені жаңғыртуға байланысты жұмысын жалғастыруда. Бас бостандығынан айырылған сотталғандарды ұстау жағдайы қылмыстық жазаларды

орындаудың өркениетті жүйесінің маңызды критерийі саналады. Осыған орай елімізде сотталғандардың санын азайту олардың материалдық-тұрмыстық жағдайларын жақсартуға, тұратын орындарының көлеміне қатысты норманы өсіруге мүмкіндік берді. Медициналық және коммуналдық-тұрмыстық құрал-жабдықтар жаңартылуда. Ауруханалар толық жөндеуден өтуде. Мекемелерді реконструкциялау және құрылыстарды салу, сотталғандарды камералық жағдайда ұстауға көшу, заманауи білім беру, жазадан босатылған сотталғандарды әлеуметтік-құқықтық қолдау жұмыстары жүріп жатыр.

Қорытынды

Аталған сұраққа тұжырым жасай келе, келесі жағдайларды атап өту керек:

1. Жазаны «орындау» термині сотталғандарға шектелген құқықтар кешенін қолдануды қамтамасыз ететін жазаны орындаушы органдар мен мекемелерге қатысты, ал жазаны «өтеу» термині сотталғандарға арналған.

2. Сотталғандардың түзелуіне ықпал ету шаралары – бұл сотталғандардың түзелуі мақсатында қылмыстық жазаны орындау процесінде іске асырылатын тәрбиелеу процесінің ерекше түрі.

3. Сотталғандардың түзелуіне ықпал ету шараларын тек қылмыстық жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың әкімшілігі ғана емес, білім беру мекемесі, жергілікті атқару органдары, қоғам мүшелері де атқарады.

4. Сотталғандардың түзелуіне ықпал ету шараларын қолдану белгілі дәрежеде қылмыстық-атқару заңнамасымен реттелсе, ал оны қолданудың әдіснамасы басым жағдайда педагогика, психология ережелеріне, тәрбиеге негізделеді.

5. Қылмыскерлердің барлығының қоғамнан оқшауланған орында жазасын орындауы шарт емес, бірақ та жаза қылмыскердің әрекетінің қауіптілік дәрежесіне сай болғаны орынды.

6. Отандық қылмыстық-атқару заңнамаларымен қарастырылған сотталғандардың түзелу шаралары халықаралық стандартқа, заман талабына сай болуды қажет етері анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Неисправительные учреждения. Пенитенциарная система РК нуждается в кардинальной реформе.* 12-07-2018, 13:57 // <https://camonitor.kz/31397-neispravitelnye-uchrezhdeniya-penitenciarnaya-sistema-rk-nuzhdaetsya-v-kardinalnoy-reforme.html>
2. *Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: 2014 жылы 3 шілдеде, №226 – V қабылданған (өзгерістер мен толықтырулармен)* // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
3. *Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234 – V ҚРЗ* // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
4. *Шаймурунова А. Элементы прогрессивной системы исполнения наказания в виде лишения свободы по действующему уголовно-исполнительному законодательству республики Казахстан // Правовая реформа в Казахстане. – Алматы, 2003.* <https://articlekz.com/article/4814>
5. *Глава МВД рассказал, что меняется в пенитенциарной системе Казахстана для ухода от советских стандартов* // <https://ru.sputniknews.kz/society/20170925/3329076/mvd-lishenie-svobody-neispravlyayet-prestupnika.html> // <https://ru.sputniknews.kz/society/20170925/3329076/mvd-lishenie-svobody-ne-ispravlyayet-prestupnika.html>

УДК: 343.2/7

МРНТИ: 10.77.01



Е. Ч. Бонабаев¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Тарих және құқық институты, Құқықтану кафедрасының аға оқытушысы,
з.ғ.к., Алматы қ., Қазақстан e-mail: timsan_88@mail.ru*

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПТІЛІГІНІҢ МӘНІН ҚАЗІРГІ ЗАМАНДА ТҮСІНУ

Аңдатпа

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың өсуі қоғам үшін қауіп төндіреді, бұл қоғамдық қатынастарға қол сұғушылықта көрінеді. Әрекеттің қылмыстық жазаланушылығының басты белгісі қоғамдық қатынастарға зиян келтіретін адамның құқыққа қарсы саналы белсенді немесе пассивті мінез-құлқының сыртқы көрінісі ретінде қоғамдық қауіп болып табылады.

Түйін сөздер: құқық бұзушылық, құқықтық қатынас, саналы ерік субъектісі.

Е. Ч. Бонабаев¹

*¹к.ю.н., старший преподаватель
кафедры юриспруденции Института истории и права КазНПУ имени Абая.
г. Алматы, Казахстан.
email: timsan_88@mail.ru*

СОВРЕМЕННОЕ ПОНИМАНИЕ СУЩНОСТИ ОБЩЕСТВЕННОЙ ОПАСНОСТИ ПРАВО- НАРУШЕНИЯ

Аннотация

Рост уголовных правонарушений представляет угрозу для общества, что проявляется в посягательстве на общественные отношения. Главным признаком уголовной наказуемости деяния является общественная опасность как внешнее проявление противоправного сознательно активного или пассивного поведения лица, наносящего вред общественным отношениям.

Ключевые слова: правонарушение, правовые отношения, сознательная воля субъекта.

E. Ch. Borabaev¹

K. Yu.H. senior lecturer

*¹Department of Jurisprudence of the Institute of history and law KazNPU named after Abai,
Almaty, Kazakhstan. email: timsan_88@mail.ru*

MODERN UNDERSTANDING OF THE ESSENCE OF THE SOCIAL DANGER OF THE OFFENSE

Abstract

The growth of criminal offenses is a threat to society, which is manifested in the encroachment on public relations. The main feature of criminal punishability of the act is public danger as an external manifestation of illegal consciously active or passive behavior of a person who harms public relations.

Keywords: offense, legal relations, conscious will of the subject.

Кіріспе

Өзектілігі. Қылмыстық құқықта себепті байланыстың мәні туралы сұрақты қарастырғанда оның орын алатын бастапқы және соңғы кезеңдерін анықтау қажет. Бастапқы кезең деп отырғанымыз ол адамның іс-әрекеті (әрекет немесе әрекетсіздік), ал соңғы кезеңге қылмыстық іс-әрекеттен туындаған қоғамға қауіпті салдар жатады. Сот-тергеу тәжірибесінде осы кезеңдерді дұрыс анықтамау және олардың арасында орын алатын себепті байланысты теріс анықтау заңсыздықтың орын алуына түрткі болады. Сондықтан да, ең алдымен қылмыстық құқық теориясында бастапқы және соңғы кезеңдер нақтылы ажыратылып, оларға түсінік берілуі қажет. Одан кейін, себепті байланыс анықталуға жатады. Бастапқы кезең деп отырғанымыз, ол адамның іс – әрекеті (әрекет немесе әрекетсіздік), ал соңғы кезеңге қылмыстық іс – әрекеттен туындаған қоғамға қауіпті зардап немесе зардаптың пайда болу мүмкіндігі жатады.

Тақырыптың негізгі бөлімі. Іс-әрекет кез келген қылмыстың объективтік жағының қажетті белгісі болып табылады. Бұл белгінің ұғымы мен мазмұны қылмыстық-құқық сипаттағы қасиеттер және белгілердің жиынтығымен анықталады. Қылмыстық іс-әрекет қоғамға қауіпті, құқыққа қайшы, саналы және ерікті, сонымен қатар мазмұны жағынан күрделі және нақты болуы керек. Іс-әрекеттің алғашқы екі белгісі яғни қоғамға қауіптілік және құқыққа қайшылық ҚРҚК-ң 10 бабында “тыйым салынған қоғамға қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік)” деп көрсетілген [1]. Қылмыстық жауаптылықты көздемейді. ҚРҚК-ң 10 бабының 2 бөлігіне сәйкес: “Осы Кодекстің Ерекше бөлімінде көзделген қайсыбір әрекеттің белгілері формальды болса да бар, бірақ елеулі маңызды болмағандықтан қоғамдық қауіпті емес, яғни жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтірмеген және зиян келтіру қауіпін туғызбаған іс-әрекет немесе әрекетсіздік қылмыс болып табылмайды”[2].

Зерттеудің міндеттері. Заң әдебиеттерінде, қылмыстық әрекет үшін ең бастысы қоғамдық қауіптілік ретінде орын алатын әлеуметтік сипаттама маңызды деген тұжырымдар кездеседі..

Қылмыстық жауаптылықтан босатудың құқықтық сипатын анықтау процессін қылмыстық жауаптылық пен оның мәні туралы мәселеде нақты бір пікірдің жоқтығы қиындата түседі. Бұл мәселені шешуде екі негізгі тенденция бар. Бірінші бағытты ұстанғандар бұл проблеманы қылмыстық жауаптылық пен жазаны біртұтастандыру арқылы және қылмыстық жауаптылықтан босатуды қылмыстық жазадан босатумен біріктіру арқылы шешуге тырысады. Екінші көзқарастың негізін қылмыстық жауаптылық ұғымымен қоса қылмыс жасаған адамға қатысты заңда белгіленген басқада тиімсіз салдарлар жатқызылады [3, б.2]. Ал қылмыстық жауаптылықтан босату өтеуден босатумен шектеліп қалмай, басқа да тиімсіз салдарлардан, мысалы сотталудан да босатылуды қамтиды.

Мәселен Онғарбаев Е.Ә. айтуынша, Республиканың Қылмыстық кодексі жаза түсінігіне мынадай анықтама береді: Жаза дегеніміз соттың үкімі бойынша дайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыс жасауға кінәлі деп танылған адамға қолданылады және адамды құқықтары мен бостандықтарынан көзделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады [4, б.284]. “Дене қозғалысы жағынан әрекет адамның белсенді жүріс-тұрысы арқылы сипатталады. әдетте ол бірнеше дене қозғалысын құрайды (мысалы, мылтықпен кісі өлтіру; әуелі оқталып көздеу, сосын мылтықтың шүріппесін басу сияқты бірнеше дене қозғалысынан тұрады). Бірақ қылмыстық әрекет үшін ең бастысы, дене қозғалысы емес, қоғамға қауіптілік ретінде орын алатын әлеуметтік мазмұны.

Әрине қылмыстың ең басты белгісі ол қоғамға қауіптілік. “Қоғамға қауіпті іс-әрекет бұл- адамның құқыққа қайшы, саналы, белсенді немесе енжар түрде қоғамдық қатынастарға зиян келтіретін мінез-құлқының сыртқы көрнісі болып табылады”. Қоғамға қауіптілік тек қана қылмысқа ғана қатысты белгі емес. Мәселен, әкімшілік құқық бұзушылық та қоғамға қауіпті зиян тигізуі мүмкін. “Алайда олардың қоғамға қауіптілік дәрежесі (зиянкестігі) әлдеқайда төмен. Әдетте заң шығарушы қылмыстарды басқа құқық бұзушылықтан ажыратып ҚК-ң

Ерекше бөлімдегі баптардың диспозициясында қылмыстық іс – әрекетті сипаттайтын зардаптарды көрсетеді”. Қылмыстық заңда көрсетілген зардаптың мүлде орын алмауы немесе оның орнына аз мөлшердегі зардаптың туындауы тиісті шарттарға сәйкес әкімшілік тәртіппен жауаптылықты көздейді.

1. Мысалы, ҚР ҚК-ң 345 бабының 1 бөлігі бойынша, “автомобильді, троллейбусты, трамвайды не басқа механикалық көлік құралын жүргізуші адамның жол қозғалысы немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуы, абайсызда адамның денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтірсе” кінәлі қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Ал егер де көлік құралын жүргізуші адам жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзу салдарынан жәбірленушінің денсаулығына жеңіл зиян келтіретін болса, онда Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 468 бабының 2 бөлігімен жауапқа тартылады.

“Соттар жаза тағайындаған кезде қателіктер жібереді. Оның себебі кінәлімен жасалған әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сипатына соттың теріс баға беруі” болып табылады.

Әдістемені зерттеу. Іс – әрекеттің Қылмыстық кодекстегі көрсетілген екінші міндетті белгісі – құқыққа қайшылық, яғни іс-әрекеттің қылмыстық заңмен тыйым салынуы. Құқыққа қайшылық қылмыстың формальды белгісі болып табылады. Заң шығарушы қоғамға қауіпті іс-әрекетке қылмыстық заңмен тыйым салады, ал қоғамға қауіптілік жойылғанда ол үшін қылмыстық құқықтық тыйым салу да жойылады. Демек, қылмыстың формальды белгісі – құқыққа қайшылық және жоғарда аталып өткен қоғамға қауіптілік яғни қылмыстың материалдық белгісі бір-бірімен тығыз байланысты.

Аса көңіл бөлетін мән - жайлардың бірі, тыйым салу қылмыстық құқық аясында қарастырылуы үшін, ол тек қана қылмыстық заңмен тыйым салынуы қажет. Басқа нормативтік құқықтың актілермен тыйым салынған іс-әрекет (мәселен, әкімшілік құқықпен) себепті байланыс орын алатын бастапқы кезең болып табылмайды. Құқыққа қайшылық, А.Н. Ағыбаев дұрыс көрсеткендей: “Азаматтардың заңсыз қылмыстық жауапқа тартуға жол бермеуінің кепілі болады және заңдылықтың қатаң сақтауын қамтамасыз етеді”[5, бб.3-6].

2. Қоғамға қауіпті және құқыққа қайшы іс-әрекет саналы түрде жүзеге асырылғанда ғана қылмыстың объективтік жағының белгісі болып табылады. Сана дегеніміз не? Сана - объективті

шындықты бейнелеудің адамға ғана тән жоғарғы нысаны, оның дүниеге және өзіне адамның қоғамдық-тарихи қызметінің жалпыға бірдей нысандарының жанама түрдегі қатынасының тәсілі.

Сана объективті дүниені және өзінің жеке болмысын ой елегінен өткізуге белсене қатысатын адамның психикалық процестері бірлігін көрсетеді. Нақтылы іс-әрекетті жасаушы адамның санасымен сол іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігі сонымен қатар, қоғамға қауіптіліктің сипатымен мазмұны қамтылуы тиіс. Адам қандай қоғамдық қатынастарға өзінің қол сұғып отырғанын және қандай зиян тигізу мүмкіндігін ұғынуы қажет. Егер де адам өзінің жасаған іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігін ұғынбаса, ол іс-әрекет қылмыстың объективтік жағының белгісі болып табылмайды.

Адам санасын (саналы түрде ұғынуды) іс-әрекеттің белгісі ретінде анықтай отырып, ҚР ҚК-сі былай деп негіздеуге мүмкіндік береді: Адам өз жасаған әрекетінің тек қана қоғамға қауіптілігін емес, сонымен қатар сол іс-әрекеттің құқыққа қайшылығын ұғыну қажет. Егер де адам өз жасаған іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігін ұғына алмаса және істің мән-жайы бойынша ұғынуға мүмкіндігі болмаса, онда жасалған іс-әрекет жазықсыз деп танылады. Сол себептен адам қылмыстық жауаптылыққа да тартылмайды.

3. Бұл жағдай ҚРҚК – нің 19 бабында жазықсыз зиян келтіру деп анықталған. Осы баптың 2 бөлігіне сәйкес: ”Егер әрекет жасаған адам өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамдық қауіптілігін ұғынбаған және істің мән-жайы бойынша ұғына алмаған болса, не қоғамдық қауіпті зардаптардың пайда болуы мүмкін екенін алдын ала білмесе және істің мән-жайы бойынша оларды алдын ала білуге тиіс болмаса немесе білуі мүмкін болмаса әрекет жазықсыз жасалған деп танылады.”

Осы орайда А.Л. Паридинованың келесі көзқарасымен толықтай келісуге болады: ” Іс-әрекет – адам мінез-құлқының сыртқа шыққан шынайы көрнісі болып табылады. Сондықтан да адамның ниеті, пікірі, ойы қаншалықты зиянды болғанымен, ол белгілі бір іс-әрекетпен ұштаспаса, ол қылмыстық жауапқа тартылмайды. Іс-әрекет – адамның саналы мінез-құлқының көрнісі. Сондықтан да адамның санасынан тысқары болған кез келген дене қозғалысы зиянды залал келтіргені не зиян келтіру қауіпін төндіргеніне қарамастан, қылмыстық – құқылық тәртіппен жазаланатын іс-әрекетке жатпайды”.

Төртінші белгісі, “іс-әрекеттің қылмыстық-құқықтық сипаты болу үшін, ол міндетті түрде ерікті болуы қажет” [б, б.345].

Ерік деп – саналы түрде алға тұтқан мақсатқа жету үшін жұмсалатын жан қуатының белсенділігін және адамның өзін меңгере алу қабілетін айтамыз. Ерік алға қояудан басталады. Ал мақсат адамға айқын, ашық, саналы түрде түсінікті болуы қажет. Алға тұтқан мақсаттарын жүзеге асыру үшін, адам алдындағы ұшырайтын бөгеттерді, қиындықтарды жеңіп отырмаса болмайды. Ерік – саналы әрекеттен туындайды. Мысалы, адамда өзінен-өзі пайда болатын қимыл (жатқанда қозғалу, дене мүшелерінің қимылдауы т.б.) еріксіз қозғалысқа жатады. Мұндай қозғалыстардың ерік-жігерді көрсетуге қатысы жоқ.

Адамның ерікті әрекеті жүзеге асу үшін мынадай шарттар қажет: бірінші, алға тұтқан мақсатты орындау қайткенде де соған жету; екіншісі, жолда ұшырайтын кедергі, бөгеттерді жеңу; үшіншісі, мақсатқа жету жолында қайраткерлік, ерлік, табандылық көрсету, қиыншылықтан жол табу, тәсілқой болу сонымен қатар, қиындықтарға қарсы тұрып, үрейленбеу, қорықпау. Осы шарттар орындалған уақытта ғана адамды ерік-жігері жеткілікті, қажыр-қайраты бар кісі деп айтуға болады.

Ерік пайда болу үшін, ең алдымен оны тудыратын себеп, түрткілер болу керек. Бұлар адамның мұқтаждықтарынан туындайды. Кісінің күн көруі, тіршілік ету үшін оған өзінің табиғи және рухани мұқтаждықтарын қанағаттандыру керек. Адам алдына бір мақсат қояды, ал мақсат адам мұқтаждықтарын өтеу үшін пайда болып отырады. Сондықтан кейбір теориялардың айтатын, адам еркі ішінен шығады, адамның еркінің шығу себебі ол сананың әрекеті ішінен ғана, өзінен пайда болатын психикалық әрекеттердің нәтижесі деу қате пікір. Адам өзі жасаған іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігін ұғынбаса, іс-әрекет еш уақытта адамның еркін білдірмейді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 80-бабы бойынша жазаны өтеуден босатылатын кәмелетке толмағандар деп қылмыс жасау уақытысында он төрт жасқа толған, бірақ он сегіз жасқа жетпеген тұлғалар танылады.

Алғашқы рет онша ауыр емес және орта ауырлықтағы қылмысы үшін сотталған кәмелетке толмаған тұлға сот оны түзелуі үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 82-бабында көзделген мәжбүрлі тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдану жеткілікті деп таныса жазаны өтеуден босата алады. Қоғамға қауіпті бел сенді түрде жасалатын әрекет болсын, енжар нысанындағы әрекетсіздік болсын кінәлінің өз еркі арқылы туындайды. Адам өзінің ерікті мінез-құлқының алдында сол қажеттілікті ұғынады, өзінің іс-әрекетінің мақсатын анықтайды, оны жүзеге асыру үшін әртүрлі жолдарды белгілейді, оны бағалайды, содан кейін сол бағалау-

дың нәтижесіне сәйкес әрекет етеді. Осы жағдайларды бағалап өз ниетін саналы ой елегінен өткізіп, адам кейбір ниеттерді жасаудан бас тартып және өзінің іс-әрекетін басқа ниеттерге тәуелді етуі мүмкін.

Ол өз ішінде белгілі бір ықпалын басып, алыс тұрса да және тікелей ырықсыз қимылмен (импульс) байланысы болмаса да басқаларын туындатуы мүмкін. Сол уақытта ырықсыз қимыл актісінде, өзіне барлық қозғалыстарды тәуелді ететін ырықсыз қимылдың өзі әрекет етеді. Ерікті актіде субъект өзінің алдына қойған мақсатына сәйкес, іс-әрекетті саналы және жоспарлы түрде орындайды. Адамның ерікті іс-әрекеті, оның басқа әрекеттері секілді себепті қамтамасыз етілген, бірақ бұл себепті қамтамасыз етудің ерекше, өзіне тән сипаты бар, өйткені ол адам санасымен негізделген. Ерік актісінің негізгі мән-жайларының бірі, адам объективтік сыртқы ортадан өзін ажыратып, сырқы ортаға өзін қарама-қарсы қояды. Болашақ жүріс-тұрысын әрекет жасамай тұрып ойластырып, қол сұғатын объектіні ойша өзгертеді.

Субъект пен объективтік сыртқы ортаның арасындағы қарама-қайшылық, адамның ерікті жүріс-тұрысында әрекет мақсатымен объектінің арасындағы қарама-қайшылық ретінде көрініс тауып, іс-әрекет жасаған кезде жойылады. Адамның ерікті әрекеті дегеніміз, оны қоршаған сыртқы ортаға, адамның саналы түрде мақсатқа бағытталып әсер етуін айтамыз. Көріп отырғанымыздай ерікті әрекетте екі жақ бар: біріншісі – объективті, екіншісі – субъективті. Әрекеттің объективті жағы деп, адамның объективті сыртқы көрінісі жолымен яғни әрекет немесе әрекетсіздік арқылы әсер етуін айтамыз. Субъективтік жақ әрекеттің анықталған мақсатты мен ниетін көздейді. Әрекеттің саналы және ерікті мақсаты, деп адамды сол әрекетке анықтаған, соған сәйкес тиісті объективті қозғалысқа өткен және әрекеттің мазмұнына айналған оның ішкі нұсқауын айтамыз. Демек, әрекет объективті және субъективті жақтардың бірлігі болып табылады. “әрекет етуші субъект өзінің әрекетін ұғынғанда, ол жүріс-тұрысқа айналады. Жүріс-тұрыс – қоғамдық акт ретінде әрекет етуші субъектінің өзімен қабылданып және ұғынатын, тұлғаның басқа адамдарға қатынасын білдіретін әрекет болып табылады” [7, б. 230].

Қылмыстық жауаптылық адамның ерікті жүріс-тұрысымен ғана байланысты болуы мүмкін. Адамның еркі болып табылмайтын әрекеттер қылмыстық құқық ынтасымен қамтылуға жатпайды. Оған ең бастысы адамның саналық бақылауынан тыс жататын тікелей физиологиялық әсер етумен жүзеге асырылатын рефлекторлық қозғалыстары жатады. Сонымен қатар, тойтарылмайтын күш орын алып, адам сыртқы күштің қолындағы еріксіз құралға айналғанда, қылмыстық құқық мағынасындағы әрекет тура-

лы айтуға негіз болмайды. Мысалы, адамның қолын ұстап тұрып, іс-құжатқа жалған мәліметтерді енгізуге мәжбүр ету. Бұл жағдайда әрекет етуші кінәлі тұлға, мәлімет енгізуші адам емес, сол мақсатта күш қолданушы болып табылады.

Біздің ойымызша жоғарғыдағы келтірген көзқарасы толығымен орынды. “Адамның әрекетіне оның рефлекторлық дене қозғалысын, сонымен қатар ауырып сандырақтаған кезіндегі дене қозғалысын жатқызуға болмайды, өйткені олар адам санасына бағынышты емес. Кейбір жағдайда адамның саналы жүріс-тұрысы тойтарылмайтын табиғи күштің әсерінен немесе тойтарылмайтын күштеп мәжбүр етудің әсер етумен жасалса, оның қылмыстық-құқықтық маңызы болмайды. Осы жағдайда жасалған әрекет немесе әрекетсіздік, адамның жүріс-тұрысы болып саналмайды, демек ол қылмыс емес, өйткені ол өзінің еркінен тыс әрекет (немесе әрекетсіздік) етеді. Мысалы, адам өзіне жүктелген міндетті әрекет етуге мүмкіндігі болмағандықтан (байлаулы жату, еркін әрекет ете алмау) орындай алмайды”.

Тойтарылмайтын күшке төтенше табиғи жағдайлар (су тасқыны жер сілкінісі, қатты жел, табиғаттың күрт өзгеріп кетуі басқа да жағдайлар) немесе қоғамдық құбылыстар (әскери әрекеттер, азаматтық соғыс жағдайы) жатады. Тойтарылмайтын күштің әсерінен жасаған адам әрекетінің қылмыстық-құқықтық маңызы болмайды. Мәселен, ормандағы өртті сөндіру мақсатымен орман ағашын кесу арқылы өрттің жолын бөгеу қылмыс болып саналмайды. Тойтарылмайтын күш қолдану нәтижесінде, адамның мүлдем өз еркінен тыс жағдайда қоғамға қауіпті іс-әрекетті істеуі қылмыс болып табылмайды.

Тойтарылмайтын күш немесе күш қолдану арқылы мәжбүр ету қылмыстық жауаптылықты жоятын жағдайлар деп есептеледі. ҚРҚК-де іс-әрекеттің қылмыс екенін жоятын мән-жайлар нақтылы аталып көрсетілген. Олар: қажетті қорғану (32бап); қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру (33бап);

аса қажеттілік (34бап); жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыру (35бап); орынды тәуекел ету (36бап); күштеп немесе психикалық мәжбүр ету (37бап); бұйрықты немесе өкімді орындамау (38бап).

Қорытынды

Қорыта айтқанда, ал егер де көлік құралын жүргізуші адам жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзу салдарынан жәбірленушінің денсаулығына жеңіл зиян келтіретін болса, онда Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 468 бабының 2 бөлігімен жауапқа тартылады.

Алайда олардың қоғамға қауіптілік дәрежесі (зиянкестігі) әлдеқайда төмен. Әдетте заң шығарушы қылмыстарды басқа құқық бұзушылықтан ажыратып ҚК-ң Ерекше бөлімдегі баптардың диспозициясында қылмыстық іс – әрекетті сипаттайтын зардаптарды көрсетеді. Қылмыстық заңда көрсетілген зардаптың мүлде орын алмауы немесе оның орнына аз мөлшердегі зардаптың туындауы тиісті шарттарға сәйкес әкімшілік тәртіппен жауаптылықты көздейді.

Қоғамға қауіпті және құқыққа қайшы іс-әрекет саналы түрде жүзеге асырылғанда ғана қылмыстың объективтік жағының белгісі болып табылады. Сана дегеніміз не? Сана – объективті шындықты бейнелеудің адамға ғана тән жоғарғы нысаны, оның дүниеге және өзіне адамның қоғамдық-тарихи қызметінің жалпыға бірдей нысандарының жанама түрдегі қатынасының тәсілі. Ерік пайда болу үшін, ең алдымен оны тудыратын себеп, түрткілер болу керек. Бұлар адамның мұқтаждықтарынан туындайды. Кісінің күн көруі, тіршілік ету үшін оған өзінің табиғи және рухани мұқтаждықтарын қанағаттандыру керек.

Адам алдына бір мақсат қояды, ал мақсат адам мұқтаждықтарын өтеу үшін пайда болып отырады. Сондықтан кейбір теориялардың айтағын, адам еркі ішінен шығады, адамның еркінің шығу себебі ол сананың әрекеті ішінен ғана, өзінен пайда болатын психикалық әрекеттердің нәтижесі деу қате пікір. Адам өзі жасаған іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігін ұғынбаса, іс-әрекет еш уақытта адамның еркін білдірмейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Концепция правовой политики на период с 2010 по 2020 г.- утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года. – Алматы: Юрист, 2010. URL: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30463139 (по состоянию на 26.09.2014).
2. Уголовный кодекс Республики Казахстан - Принят 04 июля 2014 года № 231– V ЗРК (с изм. и доп. по сост. на 01.12.2018 г.).
3. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауы.– 2006 ж. 1 наурыз //Егеменді Қазақстан 12 наурыз 2006ж.
4. Оңғарбаев Е.Ә., Смағұлов А.А. Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқығы- Алматы: Болашақ баспа, 2005.– 284 бет.
5. Агыбаев А. Уголовная ответственность за отдельные виды коррупционных правонарушений //Фемиды, № 3(255), 2017.– С.3-6.
6. Паридинова А.Л. Мерзімінен бұрын шартты түрде босатудың күшін жою /Проф. Қайыржанов Е.І. 70 жасқа толу мерейтойына арналған «Қылмыстылықпен күресудің қазіргі заманғы мәселелері» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2003.– 345б.
7. Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқығы: Оқулық – Қарағанды: Болашақ- Баспа, 2005. – 230 б.

УДК: 343.3/7
МРНТИ: 10.77.51

А.Ботпаева¹

¹студентка 4 курса по специальности «5В030100 – юриспруденция» Института истории и права КазНПУ им. Абая

Ж.Ю. Сайлибаева²

*²к.ю.н., ст.преподаватель кафедры юриспруденции Института истории и права КазНПУ им.Абая
e-mail: zhanel.sailibaeva@mail.ru*

УГОЛОВНО-ПРАВОВАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА КРАЖИ ПО УГОЛОВНОМУ КОДЕКСУ РК

Аннотация

Кража - наиболее распространенное уголовное правонарушение из совершаемых в Казахстане. Обобщение материалов практики последних лет свидетельствует о росте краж, совершаемых группами лиц. Преступные группы отличаются высокой степенью конспирации, отлаженная система реализации краденого, использование разнообразных технических и транспортных средств.

Ключевые слова: тайное хищение, изъятие и завладение имуществом, криминогенная ситуация, квалификация уголовных правонарушений.

А.Ботпаева¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ-нің тарих және құқық институтының «5В030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша 4 курс студенті

Ж.Ю. Сайлибаева²

*²Абай атындағы ҚазҰПУ-нің тарих және құқық институтының заң ғылымдарының кандидаты, заңтану кафедрасының аға оқытушысы.
e-mail: zhanel.sailibaeva@mail.ru*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІНЕ СӘЙКЕС ҰРЛЫҚТЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Аңдатпа

Ұрлық - Қазақстандағы ең көп тараған қылмыстық құқық бұзушылық. Соңғы тәжірибе материалдарының қысқаша мазмұны адамдардың топтары жасаған ұрлықтың ұлғаюын көрсетеді. Криминалдық топтар жоғары деңгейдегі келіспеушіліктер, ұрланған тауарларды енгізудің оңтайлы жүйесі, түрлі техникалық және көлік құралдарын пайдалану арқылы ерекшеленеді.

Түйін сөздер: құпия ұрлық, мүлікті басып алу және басып алу, қылмыс жағдайлары, қылмыстық құқық бұзушылықтардың біліктілігі.

А.Ботпаева¹

¹is a 4th-year student in the specialty "5B030100 - jurisprudence" of the Institute of History and Law of KazNPU named after Abai

Zh. Yu. Sailibaeva²

*²Candidate of Juridical Sciences, Senior Lecturer of the Department of Jurisprudence of the Institute of History and Law of KazNPU named after Abai
e-mail: zhanel.sailibaeva@mail.ru*

CRIMINAL CHARACTERISTIC OF THEFT UNDER THE CRIMINAL CODE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

Theft is the most common criminal offense committed in Kazakhstan. A summary of recent practice materials indicates an increase in thefts committed by groups of individuals. Criminal groups are distinguished by a high degree of conspiracy, a streamlined system for the implementation of stolen goods, the use of various technical and transport vehicles.

Keywords: Keywords: secret theft, seizure and seizure of property, crime situation, qualification of criminal offenses.

Введение.

Пункт 1 статьи 188 УК РК определяет кражу следующим образом: «Кража, то есть тайное хищение чужого имущества». Закон определяет кражу как «тайное хищение». Основное отличие кражи от других форм хищения состоит в способе изъятия и завладения имуществом. Этот способ характеризуется как тайный, что соответствует общепринятому представлению о краже. Тайным является такое изъятие имущества, которое происходит без ведома и согласия собственника или лица, в ведении которого находится имущество, и, как правило, незаметно для посторонних. Примером может служить обычная квартирная кража или кража, сопряжённая с противоправным проникновением в производственное помещение, офис или иное хранилище имущества. Кража может быть совершена в присутствии владельца, если он не замечает действий преступника, например карманная кража. Кражей является также изъятие имущества у потерпевшего, который не воспринимает происходящего: у спящего, пьяного, находящегося в обморочном состоянии либо даже открытое изъятие имущества у лица, неспособного оценить преступный характер действий виновного в силу малолетства или психической болезни.

Возможно совершение кражи и в присутствии посторонних лиц, если преступник пользуется тем, что присутствующие не сознают неправомерности его действий. Это возможно, когда по обстоятельствам дела для окружающих не ясна принадлежность имущества либо преступник обманными уловками создаёт у посторонних впечатление, что имущество принадлежит ему либо он уполномочен распорядиться этим имуществом. Кражу следует отграничивать от грабежа, который совершается открыто.

Если преступник ошибочно полагал, что совершает хищение тайно, а в действительности его действия осознавал потерпевший или наблюдали другие лица, то в соответствии с направлен-

ностью умысла содеянное должно квалифицироваться как кража, распространенными остаются кражи сотовых телефонов, а также кражи скота в сельской местности.

Глава МВД РК также указал на главные причины преступности. «Пьянство и алкоголизм, увлечение наркотиками, неблагополучная обстановка в семейно-бытовой сфере и отсутствие постоянного источника доходов», - констатировал он. «Это в Алматы – 73 процента, в Алматинской и Актюбинской областях по 71 проценту, в Акмолинской и ЗКО - по 70 процентов. Каждая пятая кража совершается из домов и квартир наших граждан», - сказал в интервью Министр МВД РК К. Касымов [1].

Основная часть. В МВД РК отмечают, что по итогам первого полугодия 2018 года количество преступлений в общественных местах по республике снизилось на 12,7 процента. Число преступлений на улицах снизилось на 13,8 процента. По горячим следам раскрыто свыше 18 тысяч преступлений, в том числе краж чужого имущества - 6 389, разбойных нападений - 60, убийств - 89 и пресечено свыше 227 тысяч нарушений общественного порядка. «В целях усиления обеспечения охраны общественного порядка и безопасности продолжается увеличение сети камер видеонаблюдения. Системы видеонаблюдения устанавливаются с учетом криминогенной обстановки на территории областных и районных центров, а также крупных населенных пунктов. На 1 июля этого года количество камер видеонаблюдения составляет 5 903 единицы, подключенных к ЦОУ. С помощью камер видеонаблюдения раскрыто свыше 1,5 тысячи преступлений и выявлено более 211 тысяч правонарушений», - говорится в ответе на официальный запрос [2]. Несмотря на эти показатели, официальная статистика приводит низкую раскрываемость краж и грабежей в работе полиции. К примеру, в 2017 году в Казахстане было совершено 192 тысячи краж, из них только 45 процентов раскрыто.

В 2018 году за 6 месяцев уже совершили более 88 тысяч краж, раскрыли 48,3 процента. В прошлом году в стране было совершено 9 450 грабежей, 55 процентов из них было раскрыто. В январе-мае 2018 зафиксировано 14 тыс. 296 краж, что на 17,7% меньше, чем в январе 2017 года [3].

Кроме того, зарегистрировано на 2018 год 81 преступление, совершенное военнослужащими, что на 0,1% больше, чем в январе-мае 2017 года. За отчетный период правоохранительными органами республики выявлено 45014 человек, совершивших преступления, из которых 12% – женщины, 2,9% – несовершеннолетние, 1,6% – чиновники, 25,9% – лица, ранее совершавшие преступления. При этом 82,5% всех выявленных лиц, совершивших преступления, были безработными. К уголовной ответственности привлечены 21830 человек. В среднем по Казахстану в отчетном периоде каждый седьмой правонарушитель совершил преступление в состоянии алкогольного опьянения и почти каждый шестой – в составе группы [4].

Несмотря на эти показатели, официальная статистика приводит низкую раскрываемость краж и грабежей в работе полиции. К примеру, в 2017 году в Казахстане было совершено 192 тысячи краж, из них только 45 процентов раскрыто. В 2018 году за 6 месяцев уже совершили более 88 тысяч краж, раскрыли 48,3 процента. В прошлом году в стране было совершено 9 450 грабежей, 55 процентов из них было раскрыто. В 2017 году зарегистрировано: 192.913 краж, раскрываемость - 45 процентов. За 6 месяцев 2018 года: 88,040 краж, раскрываемость - 48,3 процента [5].

В Алматы, являющимся крупным мегаполисом, криминогенная обстановка по объективным причинам, всегда была и остаётся более напряженной, чем в любом другом регионе страны. На сегодняшний день здесь регистрируется более 20% всех уголовных правонарушений, совершаемых в стране. Если уровень уголовных правонарушений в среднем по республике составляет – 161 на 10 тысяч населения, то в Алматы этот показатель равен 325. Анализ совершенных преступлений в Алматы жителями других регионов Казахстана показал, что в 2017 году ими совершено 7,5% преступлений (в текущем году – 7,7%). При этом, их большую часть составляют кражи, грабежи, разбои, мошенничества и хулиганства. Значительную часть преступлений совершают прибывшие в го-

род жители Алматинской, Жамбылской, Туркестанской и Восточно-Казахстанской областей [6].

Тем временем в Алматы самыми распространенными преступлениями являются кражи чужого имущества, доля которых в общей структуре преступности достигает 60%, то есть почти две трети всех преступлений. При этом 15% приходится на кражи сотовых телефонов и 13% – на кражи из квартир.

Министерством разработана и в настоящее время реализуется очередная ведомственная программа по противодействию кражам на 2018-2020 годы [7]. При этом раскрываемость краж в Алматы сегодня составила 34%, а по итогам 2017 года – 29%. Органы продолжают меры по пресечению деятельности организованных преступных групп как в стране, так и в Алматы. В 2018 году к уголовной ответственности в г.Алматы привлечен 21 член ОПГ [8].

Статистика показывает, что каждая вторая кража совершается в общественных местах. Каждое 5 такое правонарушение или 20% совершается в магазинах, рынках, кафе-ресторанах и общественном транспорте.

«Временной диапазон совершения краж различен. В ночное время (с 22-00 до 06-00 часов) совершается 20,6% краж, в утреннее (с 06-00 до 09-00 часов) - 10,9%, в дневное (с 09-00 до 17-00 часов) - 45,4%, в вечернее (с 17-00 до 22-00 часов) - 23,4%», - отметили в прокуратуре [9].

Заключение. Как отметили в прокуратуре, большинство краж имущества совершается в силу беспечности и невнимательности самих граждан. В связи с этим утверждена программа по профилактике и снижению количества краж чужого имущества. В рамках Программы в ближайшее время планируется:

1. Провести совместно с местной полицейской службой отработку указанных проблемных участков на предмет профилактики краж чужого имущества.
2. Организовать массовые сходы с населением (с привлечением КСК) для проведения разъяснительной работы по профилактике краж.
3. Усилиями местной полицейской службы довести практически до каждого жителя района специально разработанные по заказу прокуратуры района рекомендации по профилактике квартирных краж под названием «Предупрежден - значит вооружен!».
4. Аналогичную работу провести в общественных местах скопления граждан (бизнес и

торгово-развлекательные центры, рынки, базы, общественный транспорт).

5. Активизировать работу органов полиции по выявлению лиц, занятых скупкой краденных вещей (золото, драгоценности, бытовая техника, мобильные телефоны и другое) с привлечением виновных лиц к предусмотренной законом уголовной ответственности.

6. Наладить обратную связь с населением, о проводимых мероприятиях с освещением результатов работы в СМИ (печатные издания, интернет-ресурсы, телевидение).

Предполагается, что Программа даст положительный результат не только по снижению краж чужого имущества, но и повлияет на профилактику правонарушений и улучшению криминальной ситуации [10].

Список использованной литературы:

1. <https://www.nur.kz/1737141-mvd-kazdaa-pataa-kraza-v-kazahstane-soversaetsa-iz-domov-i-kvartir.html> (ом 8 сентября 2018г.)
2. <https://tengrinews.kz/crime/bolshe-polovinyi-kraj-v-kazahstane-ne-raskryivayutsya-350939/> (ом 7 августа 2018г.)
3. <https://tengrinews.kz/crime/bolshe-polovinyi-kraj-v-kazahstane-ne-raskryivayutsya-350939/> (ом 13 октября 2018г.)
4. <https://abctv.kz/ru/last/uroven-prestupnosti-v-kazahstane-v-yanvare-mae-svizilsya-na> (ом 13 октября 2018г.)
5. <https://tengrinews.kz/crime/bolshe-polovinyi-kraj-v-kazahstane-ne-raskryivayutsya-350939/> (ом 8 сентября 2018г.)
6. <https://www.zakon.kz/4933463-v-mvd-razrabotali-programmu.html> (ом 8 сентября 2018г.)
7. <https://www.zakon.kz/4933463-v-mvd-razrabotali-programmu.html> (ом 8 сентября 2018г.)
8. <https://www.zakon.kz/4933463-v-mvd-razrabotali-programmu.html> (ом 8 сентября 2018г.)
9. <https://www.zakon.kz/4822692-krazhi-samoe-rasprostranennoe.html> (ом 10 октября 2018г.)
10. <https://www.zakon.kz/4822692-krazhi-samoe-rasprostranennoe.html> (ом 13 октября 2018г.)

УДК: 343.3/7

МРНТИ:10.77.51

С.Ш. Даубасов¹

*¹Абай атындағы ҚазҰПУ,
з.э.к., аға оқытушы, Алматы қаласы, Қазақстан.*

E-mail: sabit_75@mail.ru

Д.Ж. Белхожаева²

²Абай атындағы ҚазҰПУ, аға оқытушы, Алматы қаласы, Қазақстан

E-mail: dinar_15@list.ru

САЛЫҚ ТӨЛЕУДЕН ЖАЛТАРҒАНЫ ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Осы мақалада салық төлеуден жалтарғаны үшін қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың өзекті мәселелері қарастырылады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 221, 222 баптарының қалыптарын талдай отырып, салық заңнамалары мен қылмыстық заңнамалардың ара-қатынасын жетілдіру мәселелері зерделенген.

Түйін сөздер: салық агенті, салық агентінің міндеттері салық, қылмыстық жауаптылық, салық қылмыстары, салық заңнамасы.

С.Ш. Даубасов¹

¹КазНПУ имени Абая, к.ю.н., ст. преподаватель, г.Алматы, Казахстан.

E-mail: sabit_75@mail.ru

Д.Ж. Белхожаева²

²КазНПУ имени Абая, ст. преподаватель, г.Алматы, Казахстан.

E-mail: dinar_15@list.ru

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ РЕАЛИЗАЦИИ УГОЛОВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЗА УКЛОНЕНИЕ ОТ УПЛАТЫ НАЛОГОВ

Аннотация

Данная статья посвящена анализу уголовно-правовой нормы об ответственности за уклонение от уплаты налогов. Рассмотрены вопросы законодательной регламентации нормы неение от уплаты налогов. Рассмотрены вопросы законодательной регламентации нормы статьи 221, 222 Уголовного кодекса РК, а также вопросы несовершенства взаимодействия налогового и уголовного законодательства.

Ключевые слова: налоговый агент, обязанности налогового агента, уголовная ответственность, налоговые преступления, налоговое законодательство.

S.Sh.Daubasov¹

¹Abai KazNPU, k.j.n., senior lecturer, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: sabit_75@mail.ru

D.Zh.Belhozhaeva²

²Abai KazNPU, senior lecturer, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: dinar_15@list.ru

ACTUAL PROBLEMS OF REALIZATION OF CRIMINAL LIABILITY FOR EVASION OF TAXES

Abstract

This article is devoted to the analysis of the criminal precept of law about responsibility for evasion of taxes. Questions of a legislative regulation of standard of article 221, 222 of the Criminal code of RK, and also questions of imperfection of interaction of the tax and criminal law are considered.

Keywords: Tax agent, duties of the tax agent, criminal liability, tax crimes, tax law.

Жұмыстың өзектілігі салық қылмыстарын экономикалық қызмет аясындағы қылмыстардың қатарына жатқызу даулы мәселелердің бірі.

Жұмыстың мақсаты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 221, 222 баптарының қалыптарын талдай отырып, салық заңнамалары мен қылмыстық заңнамалардың ара-қатынасын жетілдіру мәселелерін ашып көрсету болып табылады.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін төмендегідей салық төлеуден жалтарғаны үшін қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың өзекті мәселелерін қарастыру болды.

Жұмыстың әдістемелік негізін жалпы ғылыми диалектикалық танымдық әдістерімен қатар, салыстырмалы-құқықтық талдау әдістерді құрайды.

Қылмыстық құқық саласының маманы профессор Н.Н. Полянский былай дейді: "салық қылмыстары басқару органдарының қызметін бұзады, яғни салықтық бұзушылық қаржылық ведомстваға және азаматтардан салық салуда және салық алудағы қызметіне кедергі келтіреді." Н.Н. Полянский өзінің пікірін білдіре отырып, салықтық құқықбұзушылық биліктің қаржылық қызметіне қарсы әрекет етеді, – деген А.Н. Трай-

ниннің көзқарасымен келісетіндігін білдіреді [1, 15 б].

Бүгінгі таңда да кейбір заңгерлер салық қылмысын басқару тәртібіне қарсы қылмыстарға жатқызады. Осыған байланысты А.И. Сотов былай деген: «осы қатынастың негізгі өзіне тән белгілері, біріншіден, мемлекеттік билікті жүзеге асыру аясында пайда болады, екіншіден, қатысушылардың бірі болып мемлекеттік орган танылады. Азамат меншігінің бір бөлігін мәжбүрлеп мемлекет пайдасына алу қоғамдық өмірдің бір саласын қамтиды, міне, осы жерде жариялық билік жүзеге асырылады, өйткені, мемлекеттік орган ретінде салық инспекциялары қатынасқа түседі» [2, 270 б].

«Салық заңнан туындайтын жария-құқықтық міндет ретінде ұғыну, осы міндетті орындамауды мемлекетке қарсы жасалынған іс-әрекет ретінде тұжырымдауға мүмкіндік береді,» – дей отырып кейбір авторлар салық қылмысын мемлекеттік қылмыстар қатарына жатқызуға тырысқан. Бүгінгі таңда салық заңдарын бұзушылықты экономикалық қызмет аясындағы қылмыстардың қатарына жатқызуда заң шығарушы бірінші кезекте оның экономикадағы ролін басшылыққа алған. Өйткені, салықты жаппай төлеуден жалтару нәтижесінде мемлекет төлем қажеттілігін жоғалтады, яғни, оның басқару жүйесіне емес, негізгі қаржылық қызметіне зиян келтіріледі. Өз кезінде қылмыстық құқық саласының атақты маманы А.А. Пионтковский сол кездің өзінде төмендегідей көзқараста болған, салық төлеушілердің салық төлеуден жалтаруы-мемлекеттің қаржылық қуатын әлсірететін қаржылық органдарға қарсы бағытталынған әрекет. Салық қылмысы өз сипаты бойынша экономикалық қылмыстарға жақын келеді [3, 320 б].

Осы пікірдің дұрыстығы салдарынан, жаңа қылмыстық заңға сәйкес, қарастырылып отырған қылмыс экономикалық қызмет аясындағы қылмыстың санатына жатқызылады. Қазіргі таңдағы экономикалық жүйе ұғымы қоғамда әрекет ететін мүліктік қатынастардың негізінен туындайтын қоғамдық процестердің жиынтығын қамтиды. Экономикалық жүйенің негізгі элементі: шаруашылық қызмет нәтижесі қоғамдағы меншік нысанына негізделген әлеуметтік-экономикалық қатынастар; шаруашылық қызметтің ұйымдық нысандары; шаруашылық субъектілер арасындағы нақты экономикалық байланыс болып табылады.

Міне, осыған орай, экономикалық қызмет аясындағы қылмысты қоғамның экономикалық жүйесінің негізіне қол сұғатын қоғамға қауіпті

жүйесінің негізіне қол сұғатын қоғамға қауіпті іс-әрекет деп түсінуге болады. "Салық қылмысының топтық объектісі қылмыстық заңмен қорғалатын экономикалық қызмет процесінде қалыптасқан қоғамдық қатынастардың жүйесі", - деп тұжырымдайды И.М. Кучеров [4, 17 б].

И.М. Кучеров өзінің соңғы еңбегінде салық қылмысының топтық объектісіне өзгеше түсініктеме берген: "салық қылмысының топтық объектісін қылмыстық заңмен қорғалатын салық және алымдарды алуға байланысты қатынастардың, салықтық бақылауды жүзеге асыру және салықтық құқықбұзушылық жасағаны үшін жауапкершілікке тарту процесіндегі қалыптасқан қатынастардың жиынтығы, – дейді [4, 18 б].

Ал, А.И. Худяковтың пікірінше, салық қылмысының топтық объектісі - мемлекеттің салық құрылысы, яғни салық құрылымымен (салық органдарының жүйесі және олардың өкілеттілігі) және салық жүйесі (мемлекетпен бекітілген салық жиынтығы) құрайды [5, 246 б].

Қарастырылып жатқан қылмыстың топтық объектісін анықтау кезінде, жоғарыда айтылғандай экономикалық қызметті, яғни экономикалық игілікті құрумен және оны тұтынуды басшылыққа аламыз. Осыған орай, салық қылмысының топтық объектісін қылмыстық заңмен қорғалатын экономикалық игілікті құру және тұтыну процесінде қалыптасатын қоғамдық қатынастардың жүйесі ретінде анықтауға болады.

Экономикалық қызмет аясында жасалынатын өзге де қылмыстық қол сұғушылықтан салық қылмысының айырмашылығына оның тікелей объектісін анықтау арқылы қол жеткізуге болады. Салық қылмысы мемлекеттік қаржы жүйесіне қол соғады, - деген көптеген тұжырымдарымен келіспеске болмайды.

Бірақ-та, қарастырылып отырған қылмыстың тікелей объектісі ретінде қаржылық жүйеде орын алатын барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығын ала бермеуіміз керек.

Заңдық талдау кезінде салық заңдарын бұзумен байланысты әрбір қылмыстың құрамы үшін өзіне тән тікелей объектісіне тоқталу арқылы өзге қылмыстардан ажыратуға мүмкіндік аламыз.

Қаржы маңызды экономикалық институт ретінде ұлттық байлықтың бөлігін ақша кіріс ретінде қалыптастыру және қоғамның әлеуметтік-экономикалық қажеттілігін қанағаттандыруға пайдаланатын, қоғамдық өнімде бөлу және қайта бөлу процесіндегі пайда болатын ақша қатынастары ретінде түсіндіріледі [6].

Шаруашылық қатынастардың бөлігі болған-

дықтан қаржылар экономикалық базиске жатқызылады.

Мемлекет өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаржыларды пайдаланады. Мемлекеттік қаржылардың экономикалық мазмұны біртектес болмайды, өйткені оның құрамын арнайы қызметтерді орындайтын жекеленген бөлімдер құрайды. Мемлекеттік қаржының негізгі элементі бюджет болып табылады. Бюджет – мемлекеттің өз қызметін қамтамасыз ету үшін тағайындалған, заңдық актілерде көзделген салықтар, алымдар, өзге де міндетті төлемдер, салыққа жатпайтын өзге де түсімдер есебінен құралатын, заңмен немесе жергілікті өкілді органдардың шешімімен бекітілген мемлекеттің орталықтандырылған ақша қоры [7, 110 б].

Бірақ-та, бұл қатынастарды салық қылмысының тікелей объектісі деп қарастыруға болмайды. Бұл тұжырымды бюджеттің кірістері тек салықтық түсімдерден ғана емес, өзге де түсімдерден құралатындығымен негіздейміз.

Салық қылмысы салық салу аясында қалыптасқан қатынастарға қол сұғады. Салық қылмысының тікелей объектісі туралы заң әдебиеттерінде бірегей тұжырым жоқ.

И.И. Кучеров былай дейді: «салық қылмысының тікелей объектісі — салықтарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу және есептеу процесінде, сонымен қатар оларды өз уақытында және толық төлеуі үшін бақылауды жүзеге асыру кезінде пайда болған, қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастардың жиынтығы» [4, 20 б].

Ал, профессор Э.Н. Жевлаковтың пікірінше, «қылмыстың объектісі — мемлекеттік бюджетті қалыптастыру және салық төлеушілердің кірісіне мемлекет тарапынан бақылау аясындағы қоғамдық қатынас ретінде анықтама береді» [6].

Э.Н. Жевлаков екі жыл бұрын былай жазған еді, салық қылмысы мемлекеттің ақша қорларын (мемлекеттің қаржылық қызметі) қалыптастыру аясында пайда болған қоғамдық қатынастарды салық қылмысының объектісі ретінде қарастырған

Ал, өзге авторлар тобы осы мәселе бойынша ұқсас позицияда, яғни қылмыстың тікелей объектісін салық төлеушілердің негізгі міндеті — салық органдарына тиісті құжаттарды және салықты төлегендігі туралы мәліметтерді тапсырумен байланысты қатынастар құрайды, ал қосымша объектісін алынбаған пайда нысанында зиян келтірілген мемлекеттік меншік қатынасы құрайды» [6].

Бюджет — мемлекеттің өз қызметін қамтамасыз ету үшін тағайындалған, заңдық актілерде көзделген салықтар, алымдар, өзге де міндетті төлемдер, салыққа жатпайтын өзге де түсімдер есебінен құралатын, заңмен немесе жергілікті өкілді органдардың шешімімен бекітілген мемлекеттің орталықтандырылған ақша қоры [7, 110 б].

В.В. Лукьяновтың пікірінше, қарастырылып жатқан қылмыстың тікелей объектісі — шаруашылық субъектілерінің пайдасына салық салу кезінде пайда болатын қоғамдық қатынас ретінде қарастырған [8, 266 б].

Салық қылмысының объектісі ҚР-ның қаржы жүйесі, салықты алу және есептеу тәртібі мемлекетпен қорғалатын және белгіленетін, есептелінген салықтан түсетін кірісті мемлекеттің алмаған мемлекеттік меншігі, - деген тұжырымды Е.В. Порохов ұсынады [9, 77 б].

А.А. Куприянов әртүрлі деңгейдегі бюджеттерге белгіленген ақша сомасын төлеу міндеттемесінен туындайтын салық төлеуші мен мемлекет арасындағы пайда болатын құқықтық қатынасты қылмыстың тікелей объекті ретінде қарастырған [10, 66 б].

А.И. Сотов былай дейді, «салық қылмысының тікелей объектісі мемлекеттің қаржылық қызметін жүзеге асыру аясындағы қалыптасқан қоғамдық қатынас болып табылады» [2, 270 б].

Қылмыстың тікелей объектісі бюджетті қалыптастырумен байланысты мемлекеттің қаржылық қызметі аясындағы пайда болған қоғамдық қатынастар, – дейді В.Д. Ларичев [11, 154 б].

Заңды талдау, салық заңдарын бұзумен байланысты әрбір қылмыс құрамының өзіне тән тікелей объектісін иемденеді, - деп қорытындылауға мүмкіндік береді.

Осыған орай, ҚР ҚК-ң 222-бабында көзделген қылмыстың тікелей объектісі ретінде заңды тұлғалардың салықты төлеуі және есептеу тәртібіне байланысты туындайтын қатынастарды жатқызуға болады. Ал, ҚР ҚК-ң 221-бабында қарастырылған қылмыстың тікелей объектісіне жеке тұлғалардың табыс салығын төлеуі және есептеу тәртібі бойынша пайда болатын қоғамдық қатынастарды жатқызады. Егер қылмыс табысы туралы декларацияны бермеуі арқылы жасалынса, осы әрекеттің тікелей объектісін салық органдары тарабынан жеке тұлғалардың табыс салығын төлеуі үшін бақылауды жүзеге асыру аясында пайда болатын қатынастар құрайды.

Жоғарыда көрсетілгендей, пікірлердің көп қырлығы салық қылмысын бейнелейтін қылмыс-

тық-құқықтық қалыптарды қылмыс объектісі тікелей көзделмегендігімен байланыстырамыз. Сондықтан, қылмыстың тікелей объектісі туралы мәселені шешу кезінде бізге белгілі «қылмыс заты қылмыс объектісінің мәнін терең және дұрыс ұғынуға мүмкіндік береді»,- деген ережені басшылыққа аламыз [12].

Қылмыс затына заттарды, құндылықтарды, материалдық қасиеті бар мүліктерді жатқызады [13].

Міне, осы жерде салық салу аясындағы қылмысты жасау кезінде қылмыстық әсерге не ұшырайды деген сұраққа жауап беруіміз қажет. Салық қылмысының затына қатысты мамандар арасында әртүрлі пікірлер қалыптасқан. Мысалы, салық қылмысының заты ретінде салықты және бухгалтерлік құжаттарды есептейді [9]. Жоғарыда көрсетілгендей, пікірлердің көп қырлығы салық қылмысын бейнелейтін қылмыстық-құқықтық қалыптарды қылмыс объектісі тікелей көзделмегендігімен байланыстырамыз. Сондықтан, қылмыстың тікелей объектісі туралы мәселені шешу кезінде бізге белгілі «қылмыс заты қылмыс объектісінің мәнін терең және дұрыс ұғынуға мүмкіндік береді»,- деген ережені басшылыққа аламыз [12].

Ал, қарастырылып жатқан қылмыстың затын мемлекетке келіп түспеген ақша сомалары ретінде

де сипаттайды А.А. Куприянов [17]. Гаухман Л.Д., Лукьянов В.В., Устинов В.С. және т.б. криминалистер салық қылмысының заты ретінде салық салу объектісін қарастырады.

Бұл пікірді салық салу объектісінің мәнін дұрыс ұғынбауымен негіздеуге болады. Өйткені, ҚР СК-де заң шығарушы салықтық міндеттеме туындайтын жеке объектілерді тізіп көрсеткен. Ал, шындығында, салық құқығының теориясына сәйкес, олар салық объектісін құрамайды, ал керісінше салық затын құрайды. Салық салу объектісін салық төлеушілерге салықты төлеу міндетін жүктейтін заңи фактілер қамтиды [21].

Біздің пікірімізше, салықтарды талданып жатқан қылмыстың заты ретінде санауға болмайды, өйткені, олар материалдық қасиетке ие емес және белгілі құқықтық механизмді (жеке және заңды тұлғалардың меншігін мемлекет пайдасына алу) қамтиды.

Қорыта келгенде, салық қылмысының заты ретінде ақша қаражаттарын санаймыз. Салық органдарын алдағаннан кейін, салық заңдарына сәйкес, бюджетке аударылуға тиісті ақша қаражаттарының үлесі заңсыз түрде қылмыскер меншігінде ұстап қалады немесе өзге де мақсаттарға жұмсалыады не болмаса өзге тұлғаның меншігіне өтеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Полянский Н.Н. Фальшивая водка // Уголовное право. 1998. № 1. – С.15.
2. Сотов А.И. Уголовная ответственность за нарушения налогового законодательства // Ваш налоговый адвокат. Советы юристов: Сб. Статей. Вып. 1. М.: ФБК-Пресс, 1997. – С. 270.
3. Пионтковский А.А. Советское уголовное право. Особ. часть. Т.2. – М., 1955. – С.320.
4. Кучеров И.М. Преступления в сфере налогообложения: Научно-практический комментарий к УК РФ.- М.: Учебно-консультационный центр ЮрИнфор, 1999. – С.17. -Киев, 2008. -154 с.
5. Худяков А.И. Налоговые правонарушения.- Алматы: ТОО Баспа, 1997. – С. 246.
6. Родионова В.М. Финансы.- М., 2013.
7. Уголовное право. Особ. часть./Под ред. Н.Ф. Кузнецовой, Ю.М.Такчевского, Г.Н. Борзенкова. М., 2003. – С.110
8. Уголовное право. Особенная часть: Учебник для вузов /Под ред. И.Я. Казаченко, З.А. Незнамовой, Г.П. Новоселова. – М., 1998. – С. 266.
9. Налоги и нологовое право: материалы семинаров. Авторы и составители: Ш.С. Досболова., Е.В.Порохов. — Алматы: СКГАИТ ИТПМ, 1999. – С.77
10. Куприянов А.А. Научно-практический комментарий налоговых статей нового уголовного кодекса //Ваш налоговый адвокат. Консультации, рекомендации под ред. С.Г. Пепеляева. – Вып. 1(3).– М.: ФБК — ПРЕСС, 1998.– С.66-67.
11. Ларичев В.Д. Уголовная ответственность за нарушение налогового законодательства.
12. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі. – Алматы: Юрист, 2018. – Киев, 2008. – С. 154
13. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсінік. – Алматы ЖШС “Издательство “Норма-К”, 2004. – 648 б.

14. Гаухман Л.Д., Максимов С.В. Преступления в сфере экономической деятельности. – М.: ЮрИнфор, 1998. – С. 33-34.

15. Қазақстан Республикасының Салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер туралы заңы. – Алматы: Юрист, 2018.

УДК: 343.3/.7

МРНТИ: 10.77.51

Ә.Қ. Есімбаев¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, «6М030100 – Құқықтану» мамандығының магистранты

Ғылыми жетекшісі – А.Р. Бижанова, з.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, Құқықтану кафедрасының аға оқытушысы

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚОЛ СҰҒАТЫН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРҒА ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМА

Аңдатпа

Табиғат – тіршілік көзі. Оны қорғау - адамзаттың парызы. Бірақ та соңғы жылдары табиғат әлемінің жай-күйі жаншарлық күйде. Ғылым мен техниканың дамуымен табиғат объектілері түрлі антропогендік әсерге ұшырауда, сулардың деңгейі төмендеп, су мен ауа ластанып, жер, оның қойнауы аяусыз пайдаланылып, бағалы өсімдіктер мен жануарлар қатары азайып барады. Қоршаған ортаның адам танықсыз өзгеруін қолға алу әлемдік проблема болмақ.

Автор мақаланы экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылық негізі танылатын қылмыс құрамына құқықтық сипаттама беруге, қылмыстық іс-әрекеттерді саралау барысында туындайтын сұрақтарға арнайды.

Түйін сөздер: қоршаған орта, экология, экологиялық қауіпсіздік, экологиялық талаптар, экологиялық қауіпсіздікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар, қылмыс құрамы.

Есімбаев А.К. ¹

¹Магистрант специальности 6М030100-Юриспруденция
Института истории и права ҚазНПУ имени Абая

Научный руководитель – Бижанова А.Р.

*Д.ю.н, старший преподаватель кафедры Юриспруденция
Института истории и права ҚазНПУ имени Абая*

ПРАВОВАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА УГОЛОВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

Аннотация

Природа – источник жизни. Ее защита – долг человечества. Но в последние годы природа переживает сложный период. С развитием науки и техники природные объекты подвергаются антропогенному воздействию, загрязнению земель, воздуха, понижению уровня вод, беспощадному недропользованию, а ряд ценных растений и животных становится все меньше и меньше. Охрана окружающей среды остается мировой проблемой.

Автор посвящает статью правовой характеристике состава уголовных правонарушений, посягающих на экологическую безопасность, которая является основой уголовной ответственности, вопросам, возникающим в процессе квалификации преступного деяния.

Ключевые слова: окружающая среда, экология, экологическая безопасность, экологические требования, уголовные правонарушения против экологической безопасности, состав преступления.

A.K. Esimbaev¹

¹Master's degree 6M030100-Jurisprudence
the institute of History and Law of Kazakh National Pedagogical
University named after Abai

Scientific leader - A.R. Bizhanova
d.o.l., senior teacher of law the institute of History and Law of Kazakh
National Pedagogical University named after Abai

LEGAL DESCRIPTION TO CRIMINAL OFFENCES AGAINST TO ECOLOGICAL SAFETY

Abstract

Nature is a source of life. Her defence is a debt of humanity. But the last years nature experiences a difficult period. With development of science and technique natural objects are exposed to anthropogenic influence, contamination of earth, air, lowering of level of waters, merciless use of the landed bowels of the earth, and the row of valuable plants and animals become all less than and less than. The guard of environment remains a world problem.

An author dedicates the article to legal description of composition of criminal offences, trenching upon ecological safety, that is basis of criminal responsibility, to the questions, arising up in the process of qualification of criminal act.

Keywords: environment, ecology, ecological safety, ecological requirements, criminal offences against ecological safety, corpus delict.

Кіріспе

Экологиялық қауіпсіздік Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің стратегиялық кешенінің және мемлекеттік маңызды артықшылықтардың бірі болып саналады. Отандық және шетел зерттеушілерінің пайымдауынша, қоршаған ортаның ластануы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму жолында елеулі кедергі болып отыр. Қоршаған ортаның сапасының өзгеруі «лас» технологиялар мен экстенсивті ауыл шаруашылығының дамуымен тікелей байланысты. Бүгінде республика аумағында 5 сыныптың ішінде қауіптілігі ең жоғары 1-2 сыныпқа жататын 2,5 мыңға жуық кәсіпорындар бар [1]. Республикада ауыр радиациялық жағдай қалыптасты, бұл онкологиялық ауруларға шалдыққандар мен қайтыс болғандар санының артуына, иммунды жүйенің және халықтың генетикалық мәртебесінің бұзылуына алып келуде.

Негізгі бөлім

Айналадағы табиғи ортаны қорғау, алдымен адамның өмірі мен денсаулығын, болашақ ұрпақтың мүдделерін қамтамасыз етуге, табиғи ортаға қарсы зиянды іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге, табиғи тепе-теңдікті сақтау және қоршаған ортаны тиімді пайдалану мақсатын көздейді. Осыған орай Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 13-тарауы түгелдей экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарға арналған. Отандық қылмыстық заңнама еліміздің

экологиялық қауіпсіздігі мен экологиялық тәртібін қамтамасыз етуге бағытталады. Ғылыми еңбектерде экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды тікелей объектісіне қарай экологиялық қауіпсіздікке және экологиялық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар, деп бөлу жиі орын алады.

Мұндағы экологиялық қауіпсіздік және экологиялық тәртіп ұғымына келсек, *экологиялық қауіпсіздік* деп қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсер ету нәтижесінде туындайтын қатерлерден жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүдделері мен құқықтарының қорғалуының жай-күйін айтамыз [2].

Экологиялық құқықтық тәртіп нормативтік актілермен реттелінетін, адамдардың және басқа да тіршілік иелерінің, табиғи ортаның қолайлы жағдайын және қоршаған ортаны рационалды түрде пайдалануын сақтауға бағытталған қатынастарды құрайды [3].

Экологиялық қауіпсіздік Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі, әрі табиғи-тарихи негізі ретінде азаматтарының жеке басының, қоғам мен мемлекеттің қоршаған ортасына төтенше антропогенді ықпалдардан, сондай-ақ табиғат және өндірістік апат зардаптарынан қорғалуы деңгейімен анықталады. Мемлекет, заңды тұлғалар және жеке тұлға экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету негізгі

субъектісі болып табылады. Аталған іс-шаралардың құқықтық негізін экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы құрайды.

Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдасы бұл мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын, құқықтық және экономикалық механизмдерін, сондай-ақ жағымды қоршаған ортаны қамтамасыз ету және сақтау үшін қажетті қызметтерді қалыптастыратын, мемлекетпен мойындалған қағидаттар мен артықшылықтар жүйесі болып саналады.

Жер планетасы табиғатының тұтастығы мен өзара байланысын мойындай отырып, көзделген стратегиялық мақсаттарға жету және елдегі жаһандық әріптестіктегі экологиялық қауіпсіздік артықшылықтарын сақтау жолында ұлттық мүдде Қазақстан үшін өзекті саналатын қоршаған орта туралы Рио-де-Жанере Декларациясының қағидат сәйкес қорғалуды қажет етеді.

Ал отандық қылмыстық заңнамада экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың қатарында мыналар қарастырылады: шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу (324-бап); экологиялық тұрғыдан әлеуетті қауіпті химиялық немесе биологиялық заттармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бұзу (325-бап); микробиологиялық немесе басқа да биологиялық агенттермен немесе уытты заттармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бұзу (326-бап); ветеринариялық қағидаларды немесе өсімдіктердің аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген қағидаларды бұзу (327-бап); экологиялық ластау зардаптарын жою жөнінде шара қолданбау (343-бап) [4].

Қылмыстық құқық теориясына сүйенсек, кез-келген қылмыстық іс-әрекет сынды экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды іс-тәжірибеде дұрыс саралаудың негізі қылмыстық құқық бұзушылық құрамында жатыр. Енді оларға қылмыстық құқықтық сипаттама беріп өтсек.

Атауы айтып отырғандай, бұл қылмыстық құқық бұзушылықтың **объектісі** экологиялық қауіпсіздік болып табылады. Оның **қосымша объектісін** адамдардың денсаулығы мен өмірі құрайды.

ҚР ҚК-тің 325-бабымен қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылықтың заты – химиялық, радиоактивті, биологиялық заттар.

Химиялық заттарға – өте жоғары уландыратын, зәрлі, тері-нерв жүйелеріне қатты әсер ететін, тұншықтыратын, тітіркендіретін және

адам жүйесін зақымдандыратын нәрселер жатады.

Радиоактивті материалдарға – құрамында ядролық қосындылар бар заттар кіреді. Мысалы, уран, плутоний т.б.

Биологиялық заттарға – адамдар, жануарлар мен өсімдіктер арасында жаппай ауру тарататын әр түрлі бактериялар, вирустар, жәндіктер т.б. жатады.

Ықтимал экологиялық қауіпті химиялық, радиоактивті және биологиялық заттарды өндіру, тасымалдау, сақтау, көму, пайдалану немесе өзге де жұмыс істеу тәртібі арнаулы құқықтық-нормативтік актілермен реттеледі.

ҚР ҚК-тің 326-бабында қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылықтың заты – микробиологиялық, биологиялық агенттер, уытты заттар (бактериялар, вирустар, микроскопиялық грибтер т.б.), улы заттар.

Ал ҚР ҚК 327-бабымен қамтылған қылмыстық құқық бұзушылықтың заты – жабайы және үй жануарлары, құстар, балықтар, аңдар және басқа жануарлар, сондай-ақ өсімдіктер дүниесі.

Материалдық құрамдардағы қылмыстық құқық бұзушылықтың **объективті жағы** қылмыстық іс-әрекет, себепті байланыс және зардаптармен сипатталады.

Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың қылмыстық іс-әрекеттері *мына экологиялық талаптардың бұзуымен сипатталады:*

- шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу (324-бап), яғни табиғи ресурстарды пайдалану, кәсіпорындарды, құрылыстарды немесе өзге де объектілерді жобалау, орналастыру, салу немесе реконструкциялау, пайдалануға беру немесе пайдалану, өнеркәсіп, энергетика, көлік немесе байланыс объектілерін, ауыл шаруашылық мақсатындағы және мелиорация объектілерін пайдалану, қалаларды не басқа да елді мекендерді салу кезінде әскери немесе қорғаныс объектілеріне, әскери немесе ғарыш қызметіне қойылатын экологиялық талаптар;

- экологиялық тұрғыдан әлеуетті қауіпті химиялық немесе биологиялық заттарды өндіру, тасымалдау, сақтау, көму, пайдалану немесе олармен өзге де жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптар (325-бап):

- микробиологиялық немесе басқа да биологиялық агенттерді немесе уытты заттарды жинап қою, жою немесе көму кезінде экологиялық талаптар (326-бап).

Талаптардың бұзылуын анықтау үшін арнаулы нормативтік-құқықтық актілерге жүгінуді та-

лап етеді: яғни бұл баптың дипозициясы бланкеттік. Бұл экологиялық талаптарға ҚР ЭК-нің мына нормалары арналады: шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын жалпы экологиялық талаптар (29-тарау) және де шаруашылық және өзге де қызмет түрлері бойынша экологиялық талаптар (30-тарау), ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттарды, генетикалық түрлендірілген өнімдер мен организмдерді өндіру және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар (40-тарау).

Отандық экологиялық заңнама табиғат ресурстарының жекеленген түрлерін пайдалануға да экологиялық талаптар қояды. Бір қызығы, ҚР ЭК-да табиғат ресурстарын пайдалану кезінде сақталынуы тиіс тиымдар, шектеулер «экологиялық талап» деген бірыңғай ұғыммен белгіленсе де, ҚР ҚК-де «экологиялық талаптарды бұзу» ұғымымен қатар «қағидаларды бұзу» терминдері қатар қолданылады. Мысалы, ҚР ЭК-нің 35-тарауы жануарлар дүниесін пайдалану кезіндегі экологиялық талаптарды, 34-тарауы ормандарды және өзге де өсімдіктерді пайдалану кезіндегі экологиялық талаптарды қарастырған. Ал ҚР ҚК-нің 327-бабында қарастырылған ветеринариялық қағидаларды немесе өсімдіктердің аурула-ры мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген қағидаларды бұзу қылмыстық зардаптар туғызады. 1997 жылғы ҚР ҚК-де экологиялық қылмыстарға «қағидаларды бұзу» ұғымы бірыңғай пайдаланылған болатын. Мұнан, екі ұғымның мазмұны әртүрлі ме, әлде синонимдер ретінде қолданысқа ие болды ма деген сауал орынды туындайды. Егер ҚР ЭК-і бірыңғай «экологиялық талаптар» ұғымын қолданса, онда сәйкесінше қылмыстық және экологиялық заңнамалар өзара сәйкестендірілгені жөн болар, деп есептейміз.

Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың қылмыстық іс-әрекетін *экологиялық талаптарды бұзу* нысанынан бөлек іс-әрекеттер де құрайды. Мысалы, ҚР ҚК-нің 326-бабында микробиологиялық немесе басқа да биологиялық агенттерді немесе уытты заттарды жинап қою, жою немесе көму кезінде экологиялық талаптарды бұзуға баламалы түрде оларды қайта өңдеу, сақтау немесе көму үшін Қазақстан Республикасына заңсыз әкелу берілген. Ал ҚР ҚК-нің 343-бабында экологиялық ластануға ұшыраған жерлерде зарарсыздандыру немесе өзге де қалпына келтіру іс-шараларын жүргізу міндеті жүктелген адамдардың мұндай іс-шараларды жүргізуден жалтаруы немесе тиісінше жүргізбеуі қылмыстық іс-әрекетті құрайды.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективті жағының тағы бір белгісі – **зардап**. Аталған қылмыстық құқық бұзушылықтардың зардабы қоршаған ортаға (айтарлықтай, ірі, аса ірі) келетін немесе келуі мүмкін залал немесе адамның денсаулығына келетін зиян танылады.

Мұндағы, қоршаған ортаның едәуір ластануы деп көптеген адамдардың, денсаулығына, жануарлар немесе өсімдіктер дүниесінің өмір сүруіне қауіп келтіретін залалдарды айтамыз. Ал адамның денсаулығына зиян келтіруге бір немесе бірнеше адамға жеңіл, орташа немесе ауыр дәрежеде зиян келтірулер жатады. Жануарлар немесе өсімдіктер дүниесінің жаппай құрып кетуі олардың көптеген аумақтар бойынша сансыз қырғынға ұшырауымен сипатталады.

Өзге де ауыр зардаптарға адамдардың улануы, эпидемия таралуы, қоршаған табиғи ортаны жақсарту бағдарламасын жүзеге асырудың үзілуі, ірі материалдық залалдардың келтірілуі т.с.с. жатады. Баптың диспозициясында көрсетілген іс-әрекеттер мен орын алған зардаптардың арасында себепті байланыс болуы тиіс.

Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың зардаптары табиғат ресурстарының жекеленген түрлеріне қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың, мысалы, суларды ластау, қоқыстау немесе сарку (328-бап); атмосфераны ластау (329-бап); теңіз ортасын ластау (330-бап); жерді бүлдіру (332-бап); жер қойнауын қорғау және пайдалану қағидаларын бұзудың (333-бап) зардаптарымен ұқсас, сондай-ақ соңғы нормаларда зардап экологиялық талаптар мен қағидаларды бұзу арқылы диспозицияда аталған қылмыстық іс-әрекеттерден барып туындайды. Аталған жағдай, қылмыстық құқық бұзушылықтарды бір-бірінен ажыратуда қиындықтар тудыратыны анық.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар **субъективті жағынан** қасақаналықпен істеледі.

Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың **субъектісі** – арнаулы, яғни аталған қылмыстық нормаларда көрсетілген экологиялық талаптарды, қағиданы сақтау міндеті жүктелінген, 16 жасқа толған жеке тұлға бола алады: ҚР ҚК-нің 324-бабында - шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптардың сақталуына жауапты (мысалы, экологиялық сарапшылар, жергілікті атқару органдарының лауазымды адамдары, қадағалау немесе бақылау органдарының лауазымды адамдары т.б.) адам; ҚР ҚК-тің 325-бабында – ықтимал экологиялық қауіпті

химиялық, радиоактивті және биологиялық заттарды өндіру мен пайдалану ережесін сақтауға міндетті адам, ал ҚР ҚК-нің 326-бабында - микробиологиялық немесе басқа да биологиялық агенттермен немесе ұйытты заттармен жұмыс істеу жүктелген адам; ҚР ҚК-нің 327-бабында - арнаулы, малдәрігерлік ережелерді және өсімдіктердің аурулары мен иянкестеріне қарсы күрес үшін белгіленген ережелер өзіне жүктелген адам; ҚР ҚК-тің 343-бабында – экологиялық лақтау зардаптарын жою міндеті жүктелген адам.

Қорытынды

Соңғы жылдары экологиялық заңнамалардың кодификациялану арқылы жүйеленуі экологиялық қатынастарды реттеуді белгілі дәрежеде жеңілдетті дей тұрсақ та, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау үрдісінде бланкетті нормаларды түсінуде елеулі қиындықтар тудырып отыр.

2014 жылғы қылмыстық заңнаманың кейбір нормаларына «экологиялық талаптар» ұғымы еніп, енді кейбір экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарда «қағидалар» термині сақталынады. Ал ҚР ЭК-і болса, табиғат ресурстарын

Ал ҚР ЭК-і болса, табиғат ресурстарын пайдалануға, қызмет етуге, заттармен жұмыс істеуге экологиялық талаптар қойды. Қылмыстық нормада, не аталған істер бойынша ҚР Жоғары Сотының қаулысында әрбір қылмыстық нормаға қатысты экологиялық талап түрлерінің нақтыланбауы салдарынан қылмыстық іс-әрекеттерді саралауда проблемалар туындады. Сондықтан да қылмыстық іс-әрекеттерді саралау қызметін жеңілдету үшін аталған ұғымдарға қатысты экологиялық және қылмыстық заңнамалар өзара сәйкестендірілуді қажет етері анық.

Іс-тәжірибиеде елдегі экологиялық жағдайды жақсарту шарасы ретінде экологиялық шығындарды өтеу, табиғат ресурстарын ақылы негізде пайдаланудан түскен қаражаттардың арнайы экологиялық қорға құйылуын, сондай-ақ олардың мақсатқа сай жұмсалуды қамтамасыз ететін уәкілетті органның құрылуын қолға алу, оларды бақылауды күшейту маңызды болмақ.

Ал бұл аталған шаралардың экологиялық байланыс пен экологиялық жүйенің сәйкестендірілуін қамтамасыз ете алары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тусупбаева Г.А. Геополитические факторы обеспечения национальной безопасности – составные параметры государственной политики Республики Казахстан // *Казахстан – спектр*, 2005. №2. – С.51.
2. Кодекс Республики Казахстан от 9 января 2007 года № 212-III «Экологический кодекс Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 15.06.2017 г.) // <http://online.zakon.kz>.
3. Бижанова А.Р. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтың ұғымы жөнінде // *Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы. «Юриспруденция» сериясы.*-№2 (53), 2018.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: 2014 жылы 3 шілдеде №226 –V қабылданған // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

УДК 343.93.94
МРНТИ: 10.81.51.

Келесов С. ¹

¹магистрант кафедры юриспруденции
Института истории и права КазНПУ им.Абая

Научный руководитель: Сайлибаева Ж.Ю., к.ю.н., ст. преподаватель кафедры юриспруденции
Института истории и права КазНПУ им. Абая
e-mail: zhanel.sailibayeva@mail.ru

ХАРАКТЕРИСТИКА ЛИЧНОСТИ КОРЫСТНО-НАСИЛЬСТВЕННЫХ ПРЕСТУПНИКОВ И ЕЕ ТИПОЛОГИЯ

Аннотация

Корыстно-насильственные преступления стали значительно отличаться своей повышенной об-

щественной опасностью от большинства совершаемых преступлений. В их основе в большинстве случаев стал наблюдаться четкий, конкретный умысел и мотив - вполне определенная корыстная направленность деяния, при этом реализация данной мотивации зачастую стала сопровождаться применением жестокого насилия над потерпевшим, порой изначально направленная на лишение его жизни.

Ключевые слова: корыстно-насильственные преступления, хищение, права, предупреждение, раскрытие, грабеж, разбой, нормативные правовые акты, ответственность.

С. Келесов¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ-нің тарих және құқық институтының «6М030100 - Құқықтану» мамандығы бойынша 1 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: Ж.Ю. Сайлибаева

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің тарих және құқық институтының заң ғылымдарының кандидаты, заңтану кафедрасының аға оқытушысы.

e-mail: zhanel.sailibayeva@mail.ru

ПАЙДАҚҰРЛЫҚ-ЗОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСКЕРЛЕРІНІҢ ТҰЛҒАСЫНА СИПАТТАМА ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТИПОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа

Пайдакүнемдік-зорлық қылмыстары көптеген қылмыстардан өзінің қоғамға қауіптілігінің басымдылығымен ерекшеленетін болған. Көп жағдайда олардың негізінде нақты қасақаналық пен ниет байқалып жүр – әрекеттің анық пайдакүнемдік бағытта болуы, сонымен қатар мұндай ниеттің жүзеге асуы, кейбір жағдайда жәбірленушіге қатыгездікпен күш көрсетуді қолданумен ұштасатын болған, қайсібір жадайларда тіпті көрінеу жәбірленушінің өліміне әкеп соғатын бағытта да болып жүр.

Түйін сөздер: пайдакүнемдік-зорлық қылмыстар, жымқыру, құқық, алдын алу, қылмысты ашу, тонау, қарақшылық, заң, себептер, құқықтық реттеу, нормативті құқықтық актілер, жауаптылық.

S.Kelesov¹

¹1th-year magistracy in the specialty "6M030100 - jurisprudence" of the Institute of History and Law of KazNPU named after Abai

Scientific director Sailibaeva Zh.Yu. - Candidate of Juridical Sciences, Senior Lecturer of the Department of Jurisprudence of the Institute of History and Law of KazNPU named after Abai

e-mail: zhanel.sailibayeva@mail.ru

CHARACTERISTIC OF THE IDENTITY OF MERCENARY AND VIOLENT CRIMINALS AND HER TYPOLOGY

Abstract

Selfish, violent crime began to vary significantly increased their public danger to the majority of crimes committed. They are based in most cases began to be observed a clear, specific intent and motive - a well-defined orientation selfish act, with the implementation of this motivation is often accompanied by the application became ill abuse victim, sometimes initially aimed at depriving him of life.

Keywords: selfish and violent crimes, theft, rights, prevention, disclosure, robbery, law, reason, legal regulation, regulations, liability.

Введение. Глубокое познание сущности корыстно-насильственных преступлений, причин и условий их совершения, предполагает, прежде всего, выявление личностных свойств и особенностей преступников.

В криминологической литературе отмечается, что в числе тех явлений и процессов, которые порождают преступление, социально-негативные свойства личности играют активную роль. По этому поводу А.И. Долгова отмечает: «Преступление, очевидно следует представлять не только как последствия влияния внешних условий через внутренние, но и как итог взаимодействий» [1, с. 61].

В криминологической литературе под личностью преступника понимается совокупность социальных и социально-значимых, духовных, морально-волевых, психофизических, интеллектуальных свойств, качеств человека, совершившего преступление вследствие взаимодействия его взглядов, ориентаций с криминогенными факторами внешней среды, включая конкретную криминальную ситуацию [2, с. 86].

При этом, изучение личности преступника в криминологическом смысле не является исчерпывающим исследованием с точки зрения философии, всех наук о человеке и обществе. Криминология изучает преступность, личность преступника в рамках так называемого частичного детерминизма, и полнота изучения здесь относительна, привязана к предмету и методам науки. Поэтому возникает необходимость выделение круга тех характеристик, которые позволяют выявить ближайшие к преступлению и преступности причинные связи, причинные комплексы, цепочки.

Наиболее распространенным среди криминологов является выделение следующих групп признаков:

1. социально-демографические;
2. нравственно-психологические;
3. уголовно-правовые;

Не случайно, на наш взгляд, большинство специалистов, при изучении личности преступника, принимают за основу аналогичную дефиницию.

Основная часть. При изучении социально-демографических признаков исследуются, как правило: пол, возраст, образовательный уровень, социальное положение и род занятия, семейное положение, материальное положение, принадлежность к городскому или сельскому населению и т.д.

К нравственно-психологическим признакам относятся: взгляды, убеждения, жизненность: взгляды, убеждения, жизненные стремления, ценностные ориентации, отношения к нормам морали и т.п.

Уголовно-правовые признаки личности преступника предполагают данные о характере совершенного преступления, его направленности и мотивации, единоличном или групповом характере преступной деятельности, рядовой или организаторской роли в ней, о прошлой судимости или фактическом рецидиве преступления и т.п.

Исследование совокупности данных признаков дает наиболее полное представление о личности преступников, а также способствует наиболее глубокому познанию причин совершаемых ими преступлений. Поэтому при исследовании личности корыстно-насильственных преступников, представляется целесообразным исходить из традиционной дефиниции. При этом, полагая, что именно она составляет основу криминологической характеристики личности преступника.

Социально-демографическая характеристика. Анализ статистических данных и уголовных дел свидетельствует о том, что совершение преступлений корыстно-насильственной направленности присуще в большей степени мужскому полу. Мужчинами совершается почти 95% всех корыстно-насильственных преступлений.

Прежде всего, это обуславливается большей склонностью лиц мужского пола к проявлению агрессии, насилия, жестокости, а также наличием определенной физической силы которая «требуется» при совершении данных преступлений.

Как известно, агрессия мужчин в большинстве случаев направлена вовне, а у женщин – чаще внутрь, на себя, у мужчин чаще отмечается инструментальная агрессия, а у женщин – вербальная. Этим преимущественно и обусловлен инструментальный характер корыстно-насильственной мотивации.

Вместе с тем, характеризуя половую принадлежность корыстно-насильственных преступников, на наш взгляд, было бы уместным отметить, что из числа преступлений, совершаемых женщинами или с их участием, мы отмечаем негативную тенденцию в характере совершаемых ими преступлений.

Если раньше, участвуя в преступлениях корыстно-насильственной направленности, женщины обычно находились на вторых ролях, оказывая помощь советом и созданием подходящих

условий, то в настоящее время женщины в ряде случаев выходят на ведущие роли в преступной деятельности, становясь организаторами, руководителями и активными участниками преступных групп, как чисто женских, так и смешанного состава.

Повышенная эмоциональность и возбудимость женской психики нередко отражается в способе совершения данных преступлений и выражается в проявлении жестокости.

Возрастной состав корыстно-насильственных преступников также обращает на себя внимание.

С возрастом изменяются социальные условия, в которых живет человек, его ближайшее окружение, способы реагирования на конфликтные ситуации, круг интересов и потребностей. Ими во многом определяются особенности социально-психологического облика личности, ее становления. Разумеется, что на поведение человека оказывает влияние не сам по себе возраст, а те социальные изменения, которые с ним связаны [3, с. 43].

Проведенное исследование показывает, что в абсолютном большинстве корыстно-насильственные преступления совершаются лицами несовершеннолетнего и молодежного возраста. Общеизвестно, что именно в этом возрасте, по сравнению с более зрелым, в социальном поведении человека относительно большую роль играют биологические особенности. Неустойчивость эмоционально-волевой сферы и незрелость психики лиц данного возраста при отсутствии необходимых социально-позитивных свойств и контроля, способствуют совершению преступлений, в том числе и корыстно-насильственных.

В специальной литературе данные преступления характеризуют «преступлениями молодежи», т.к. их совершение часто требует обладания определенными физическими качествами, а это, как правило, возможно лишь в сравнительно молодом возрасте [4, с. 18].

Приведенные данные демонстрируют тенденцию омоложения корыстно-насильственных преступников. На наш взгляд, это связано с общими негативными социальными процессами, сопровождающимися наркотизацией молодого поколения, а также увеличением числа лиц молодого возраста, потребляющих алкоголь.

Образовательный уровень - один из важных элементов формирования личности. Общая культура человека влияет на психический склад личности, на мотивацию деятельности. Образование как важнейшая часть общего культурного

уровня личности способствует формированию такого круга интересов, потребностей, привычек, правил поведения, которые соответствуют общественным требованиям, помогают выработать правомерные способы и формы реагирования на конфликтные ситуации и неблагоприятную обстановку [5, с. 45].

Семейное положение. Изучение уголовных дел показывает, что среди лиц, совершивших корыстно-насильственные посяательства, подавляющее большинство на момент совершения преступления не состояли в браке. На наш взгляд, данное положение вызвано, прежде всего, сравнительно молодым возрастом большинства корыстно-насильственных преступников.

Существенное криминологическое значение представляет также характеристика личности корыстно-насильственных преступников по социальному положению и роду занятий.

В этой связи необходимо отметить, что в настоящее время при всех имеющихся негативных тенденциях, социальное положение в большинстве своем предопределяется общеобразовательным, интеллектуальным уровнем личности. Так, среди лиц, совершивших преступления корыстно-насильственной направленности, обращает на себя внимание большая доля не учащихся и не работающих.

Среди лиц, совершающих корыстно-насильственные преступления, много «выходцев» из сельской местности. Уязвимость их к воздействию криминогенных факторов очень высока. В результате ослабления социального контроля со стороны родителей и родственников, невысокого образовательного уровня, зачастую отсутствия жилья и работы, процесс адаптации к городскому образу жизни значительно осложнен и это не может не отражаться на нравственном формировании данных лиц. Указанные лица, по сути, составляют «резерв» преступности, в частности корыстно-насильственной.

Характеризуя корыстно-насильственных преступников по основным социально-демографическим признакам, несколько забегаая вперед хотелось бы обратить внимание на некоторые различия этого типа личности от типов корыстных и насильственных преступников по данным признакам.

Так, среди корыстно-насильственных преступников женщин в два раза меньше, чем среди насильственных, и в семь раз, чем среди корыстных преступников. Контингент корыстно-насильственных преступников выглядит моложе по сравнению с корыстными, и, особенно, насильственными преступниками.

Нравственно-психологическая характеристика. Как отмечает А.М. Цалиев, у лиц, совершающих корыстно-насильственные преступления, по сравнению с корыстными и насильственными преступниками, несмотря на более молодой возраст, нравственно-психологическая сфера более деформирована. Об этом свидетельствует характер преступного поведения. Он проявляется у корыстно-насильственных преступников наиболее ярко в специфическом сочетании мотивов и способов совершения преступления [3, с. 82].

Как мы уже отмечали, основными потребностями лиц, совершающих корыстно-насильственные преступления, являются в большинстве своем материальные. Причем у значительного числа лиц, совершивших, как правило, грабежи, разбои, они направлены на удовлетворение потребностей в спиртных напитках и наркотиках.

У большинства лиц, особенно несовершеннолетнего возраста, проявляются потребности более высокого социально-психологического характера, а именно потребности самоутверждения. В связи с омоложением контингента корыстно-насильственных преступников, данные потребности играют все большую роль в мотивации преступного поведения тех, кто не нашел своего признания в общественно значимой сфере.

Анализ основных социально-демографических и нравственно-психологических критериев показал некоторые особенности лиц, совершающих корыстно-насильственные преступления.

При всей важности данных признаков, необходимо было бы отметить и уголовно-правовые, отражающие степень общественной опасности личности по формально-юридическим признакам: мотив преступления, форма умысла, степень организованности, наличие судимости.

В специальной литературе отмечается, что: «...никакие уголовно-правовые, социально-демографические, биологические, нравственные и иные особенности личности не действуют напрямую, минуя психологию личности. Именно психология является той ареной, тем уровнем, на котором происходит взаимодействие всех названных особенностей» [6, с. 29].

Также указывается на то, что «изучение личности имеет значение не только при анализе причин индивидуального преступного поведения, но и преступности в целом. При этом важное значение принадлежит изучению социальных типов личности, включенных в систему слож-общественных отношений. Для эффектив-

ной организации борьбы с преступностью необходимо ясно представлять степень распространенности типов личности, способных в определенных взаимодействиях с имеющимися типами социальной среды продуцировать преступное поведение, представлять конкретные социально-экономические, социально-психологические и иные детерминанты личностных характеристик различных слоев населения» [7, с. 108].

Типология, выступая как криминологическое учение о типизации лиц, в свою очередь, выступает как сведение единообразных образцов преступного поведения в наиболее общую его модель. При этом во внимание принимаются, прежде всего, наиболее важные собственно-криминологические или уголовно-правовые признаки: криминальная мотивация, степень криминогенной зараженности или общественной опасности, их глубина, стойкость, характер направленности.

В качестве одного из общих, совпадающих критериев ряда типологических характеристик, предлагаемых смежными научными дисциплинами в изучении личности преступника, выступает типология, основанная на мотивации.

На наш взгляд, это вполне обосновано, в частности, в связи с тем, что мотивация, охватывающая мотив, цель и другие личностные характеристики, составляющая движущую силу человеческого поведения, занимает ведущее место в структуре личности, пронизывает ее основные составляющие: направленность, эмоции, способности, деятельность и психологические процессы.

В целом же, принимая за основу как традиционно устоявшуюся в науке типологическую характеристику личности преступника, результаты специальных работ, посвященных этой проблеме, по направленности мотивации, можно выделить наиболее известные типы:

а) «корыстный» тип личности – лица с корыстно-частнособственническими тенденциями. О мотивации, присущей этому типу преступников, говорят данные отечественных исследований, подчеркивающих самый высокий процент лиц этой категории;

б) «насильственный» тип личности – лица с негативно-пренебрежительным отношением к человеческой жизни, ее важнейшим благам, здоровью, телесной неприкосновенности, совершающие хулиганские действия, убийства, нанесение телесных повреждений и т.д.;

в) «престижный» тип личности – направленность мотивации данных лиц связана с по-

требностями повышения самовосприятия, самоутверждения;

г) «легкомысленный» тип личности – лица с чертами характера, выражающихся в беспечности, распушенности, беспринципности, неосторожности, самонадеянности, халатности и прочих подобных качеств; и т.д. [7, с. 99].

Что касается типа личности корыстно-насильственных преступников, до настоящего времени в криминологии не сложилось единого мнения по поводу того, представляют ли лица, совершающие корыстно-насильственные преступления относительно самостоятельный тип, или относятся к одному из вышеназванных?

Как уже отмечалось, тип корыстно-насильственного преступника включает в себя две «обязательные» составные – корысть и насилие. В процессе совершения преступления личность действует под воздействием корыстно-насильственной инструментальной мотивации, то есть у нее уже «сформирована» корысть и личность ориентированна на применение инструментального насилия. При этом корысть сама по себе не является криминальной, следовательно, вопрос состоит в том, на применение какого насилия ориентированна данная личность, путем психического воздействия, причинения вреда здоровью или убийства?

Поэтому, на наш взгляд, в самой корыстно-насильственной мотивации, инструментальный характер насилия может выступать в качестве преобладающего признака, а также в качестве опосредованного (косвенного).

В связи с этим по характеру и содержанию мотивации целесообразно выделить два подтипа: лиц с преобладающей корыстно-насильственной инструментальной мотивацией и лиц с опосредованной корыстно-насильственной инструментальной мотивацией.

Характеризуя первый подтип, а именно лиц с преобладающей корыстно-насильственной инструментальной мотивацией, мы отмечаем изначально свойственную им ориентацию на применение грубого физического насилия, иногда даже направленную на причинение смерти, для достижения своей корыстной цели (наиболее типичные, ближе к насильственному типу). Как правило, в структуре мотивации данного подтипа высокую степень имеет актуализация насильственных потребностей.

Мотивация второго подтипа, в который включены лица с опосредованной корыстно-насильственной инструментальной мотивацией, ориентированна скорее на применение психического

насилия или физического насилия небольшой степени. То есть, при совершении преступлений лица данного подтипа «надеются решить проблему» путем шантажа, угроз, нанесения побоев и других насильственных действий небольшой степени, либо вообще избежать любого насилия, но всегда «учитывая» его как вспомогательное средство, которое мгновенно будет применено.

Вместе с тем, личность преступника, как известно, отличается от личности не преступника уровнем общественной опасности. Содержание или характер общественной опасности зависит от доминирующей мотивационной направленности ее преступного поведения. Степень же общественной опасности личности варьируется в зависимости от стойкости и глубины этой направленности.

По глубине и стойкости криминогенной мотивационной направленности личности, среди корыстно-насильственных преступников обоих подтипов целесообразно различать:

а) ситуативные – совершивших преступления под воздействием неблагоприятных условий. Данный тип составляют лица, которые формируются в неблагополучной среде. Вследствие этого у них проявляются такие социально-негативные свойства, которые во взаимодействии с криминогенной ситуацией приводят к совершению корыстно-насильственного преступления. Для данного типа ситуация служит условием, способствующим совершению преступления.

Как правило, контингент данного типа составляют лица несовершеннолетнего возраста, совершившие преступление в большинстве случаев в группе, выполняя в нем второстепенную роль. После совершения преступления глубоко переживают и раскаиваются.

б) устойчивые в отличие от первых, лица данного типа, как правило, отличаются постоянной криминальной направленностью, к их числу относятся и ранее судимые за различные преступления.

Большинству корыстно-насильственных преступников этого типа свойственны наркотизация и алкоголизм, поэтому мотивом совершения преступления зачастую выступает потребность к определенной «дозе» наркотиков либо алкоголя.

Неоднократность совершения преступлений накладывает глубокий, негативный отпечаток на нравственно-психологическую сторону преступника, что и порождает совершение новых преступлений.

В целом решимость совершить преступление высока, и, вместе с тем, она сопровождается глубоким анализом ряда объективных условий.

в) профессиональных – прочно стремящиеся к достижению поставленных перед собой задач посредством совершения преступлений.

Преступная биография таких лиц начинается в несовершеннолетнем возрасте, в явно неблагоприятной среде. В результате неоднократного у них вырабатывается глубокая и стойкая антиобщественная установка.

К корыстно-насильственным преступникам данного типа относятся лица, неоднократно судимые. Наличие специального рецидива присуще именно этому типу. Совершение преступлений корыстно-насильственной направленности является для них уже определенным «ремеслом».

Данные лица совершают преступление с заранее обдуманном умыслом, обговариваются время и способ совершения преступления, в случае соучастия распределяются роли и обязанности.

Поэтому, весь механизм преступления свидетельствует о значительной общественной опасности этого типа корыстно-насильственных преступников.

Таким образом, завершая общую характеристику личности корыстно-насильственных преступников и ее типологию, мы приходим к следующим выводам:

Ключ к познанию личности преступника лежит через его более углубленную характеристику. Тип личности корыстно-насильственного преступника должен занять свое традиционное место в криминологии и находит по нашему исследованию свое эмпирическое подтверждение.

Типологию личности корыстно-насильственного преступника необходимо строить на основе двух принципов направленности: 1) по характеру и содержанию криминогенной мотивации; 2) по глубине и стойкости этой мотивации. Изложенная типология не носит исчерпывающий характер и может уточняться и дополняться.

Список использованной литературы:

1. Долгова А.И. Криминологическое значение изучения личности преступника //Сов. гос-во и право. - 1973. - №6. – 194 с.
2. Криминология и организация предупреждения преступления. – М., 1995. – 277 с.
3. Цалиев А.М. Корыстно-насильственные преступления и их причины в республиках Северного Кавказа. – Ростов-на-Дону, 1990. – 125 с.
4. Ещанов А.Ш. Профилактика ОВД РК групповой корыстно-насильственной преступности. - Караганда, 1999. – 192 с.
5. Курс советской криминологии. Предмет, методология. Преступность и ее причины. Преступник. – М., 1985. – 295 с.
6. Игошев К.Е. Основные аспекты и виды типизации личности преступника. //Сов. гос. и право. - 1975. - №6, - 110с.
7. Игошев К.Е. Типология личности преступника и мотивация преступного поведения. - Горький, 1974. – 210 с.

УДК: 343.24

МРНТИ: 10.77.35

Д.Молдабек¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ-ті Тарих және құқық институты 6М030100 – Құқықтану мамандығының 2-курс магистранты. Алматы қ., Қазақстан.

Ғылыми жетекші: Е.Ч. Бопабаяев

*Абай атындағы ҚазҰПУ-ті Тарих және құқық институты, Құқықтану пәндер кафедрасының аға оқытушысы., з.ғ.к. Алматы қаласы, Қазақстан
e-mail: timsan_88@mail.ru*

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚ ПЕН ЖАЗАДАН БОСАТУ ИНСТИТУТЫНЫҢ МӘНІ

Аңдатпа

Қылмыс жасауға кінәлі адамның қылмыстық жауаптылығы сот үкімі негізінде туындайды. Сонымен қатар, қылмыстық құқықта жазадан босату институты табысты дамып келеді. Аталған институт Қазақстанның қылмыстық саясатының гуманистік мазмұнын көрсетеді. Қылмыстық жаза тағайындаудың мақсаты қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға қатысты кек алу емес, заңға мойынсұнушылық мінез-құлықты қамтамасыз ету болып табылады.

Түйін сөздер: заңдық, жауапкершілік, қылмыстық құқық бұзушылық, жазаның мақсаттары мен міндеттері, жазадан босату.

Молдабек Д. ¹

¹Магистрант 2-курса специальности 6М030100-Юриспруденция Института истории и права КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Қазақстан

Научный руководитель: Бопабаяев Е.Ч.

*К.ю.н. старший преподаватель кафедры юриспруденции Института истории и права КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан
e-mail: timsan_88@mail.ru*

СУЩНОСТЬ ИНСТИТУТА ОСВОБОЖДЕНИЯ ОТ УГОЛОВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ И НАКАЗАНИЯ

Аннотация

Уголовная ответственность лица, виновного в совершении преступления, наступает на основе приговора суда. Наряду с этим в уголовном праве успешно развивается институт освобождения от наказания. Данный институт отражает гуманистическое содержание уголовной политики Казахстана. Целью назначения уголовного наказания является не месть в отношении лица, совершившего уголовное правонарушение, а обеспечение законопослушного поведения.

Ключевые слова: юридическая ответственность, уголовное правонарушение, цели и задачи наказания, освобождение от наказания.

D.Moldabek¹

¹Graduate student of I course, specialty 6M030100 – jurisprudence, Institute of History and Law of KazNPU named after Abay, Almaty, Kazakhstan.

Scientific Supervisor: Bopabaev E.Ch.

*Candidate of Juridical Science, of the Department of Criminal Legal Disciplines of the Institute of History and Law of KazNPU named after Abay, Almaty, Kazakhstan
e-mail: timsan_88@mail.ru*

THE ESSENCE OF THE INSTITUTE OF EXEMPTION FROM CRIMINAL LIABILITY AND PUNISHMENT

Abstract

The criminal liability of a person guilty of a crime is based on a court sentence. At the same time, the institution of exemption from punishment is successfully developing in criminal law. This institution reflects the humanistic content of the criminal policy of Kazakhstan. The purpose of criminal punishment is not revenge against the person who committed a criminal offence, but ensuring law-abiding behavior.

Keywords: legal, liability, criminal offense, goals and objectives of punishment, release from punishment.

Кіріспе.

Тақырыптың өзектілігі. Жалпы қабылданған тәртіп бойынша қылмыстық жауаптылық қылмыс жасағаны үшін кінәлі тұлғаға сот тағайындаған жазаны қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бірақ та қылмыспен күресудің көздеген мақсатына кей реттерде қылмыс жасаған тұлғаны қылмыстық жауаптылыққа тартпай немесе оларды жауаптылыққа тартып, бірақ жазаны өтеуден босату арқылы, жазаны өтеуден босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін жеңілдеу жазаға ауыстыру жолымен жетуге болады. Қылмыстық жаза тағайындаудың мақсаты қылмыс жасаған адамнан кек алу немесе оның сазайын тарттыру емес. Оның негізгі қолданылу мәні құқық бұзушыны тәрбиелеу, түзеу, оның қайта қылмыс жасауының алдын-алу болып табылады.

Зерттеудің мақсаты. Егер аталған мақсаттарға жету үшін қатал қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары қажет болмаса заңда көрсетілген тәртіппен сотталғанның жазасын жазаны өтеуден толық босатуға дейін жеңілдетуге жол беріледі. Жазаны өтеуден босату деп мемлекеттің кінәлі адамға заңда көзделген қылмыстық жазалау шараларын қолданудан бас тартуы деп түсінуіміз керек. Мұндай жазадан босатудың негіздері әртүрлі.

Зертеудің міндеттері. Атап айтқанда, жазаны өтеуден босатуға сотталған тұлға түзелген және қайта тәрбиеленді сондықтан жаза мақсатына оны өтеусіз-ақ жетуі мүмкін деп танылса, немесе жазаны қолданудың орынсыздығын көрсететін басқа да жағдайлар (мысалы, ауыр науқастық мүгедектік) болған кездерде жол берілуі мүмкін. Қылмыс жасағаны үшін сотталған адамға тағайындалған жазаның мөлшерін жеңілдету немесе оны өтеуден босатуды рақымшылық актісі немесе кешірім беру тәртібімен жүзеге асырылған кездерден басқа жағдайларда, заңда көзделген тәртіп пен шарттар бойынша сот қана қолдана алады. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың құқықтық сипаттамасы қылмыстық жауаптылықтың өзімен тығыз байланысты [1, б.7].

Әдістемені зерттеу. Сондықтан, бір жағынан қылмыстық жауаптылық ұғымы, мәні және мазмұны туралы теориялық мәселелерді шешу қылмыстық жауаптылықтан босатудың құқықтық сипаты жөніндегі мәселелерді шешу үшін негіз болады. Екінші жағынан, қылмыстық жауаптылықтан босату мәселелерін заң актілері арқылы шешу – бізге заң шығарушының қылмыстық жауаптылық мазмұны, оны жүзеге асыру кезендері туралы пікірін білуге мүмкіндік беретін материал. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың құқықтық сипатын анықтау процессін қылмыстық жауаптылық пен оның мәні туралы мәселеде нақты бір пікірдің жоқтығы қиындата түседі.

Негізгі бөлім. Бұл мәселені шешуде екі негізгі тенденция бар. Бірінші бағытты ұстанғандар бұл проблеманы қылмыстық жауаптылық пен жазаны біртұтастандыру арқылы және қылмыстық жауаптылықтан босатуды қылмыстық жазадан босатумен біріктіру арқылы шешуге тырысады. Екінші көзқарастың негізін қылмыстық жауаптылық ұғымымен қоса қылмыс жасаған адамға қатысты заңда белгіленген басқада тиімсіз салдарлар жатқызылады. А.Н. Ағыбаевтің айтуынша қылмыстық жауаптылықтан босату өтеуден босатумен шектеліп қалмай, басқа да тиімсіз салдарлардан, мысалы сотталудан да босатылуы қамтиды. Бұл екі бағыттың да (ұстанушылар) қолданушылары өте көп. Карпушин, Курляндский сияқты ғалымдардың ойынша "қылмыстық жауаптылық – бұл кінәлі адамның жасаған қылмысының заңда көрсетілген барлық тиімсіз салдарларын өткеру міндеті". Екінші көзқарасты ұстанушылар (Алексеев, Карнеева, Галперин) "қылмыстық жауаптылық – жазаны өтеу" деген анықтаманы дұрыс санайды [2, б.585]. Ал біз алғашқы көзқарасты қолдаймыз. Яғни біздің ойымызша қылмыстық жауаптылық тек жазаны өтеумен ғана шектеліп қалмауы тиіс. Ұстанған бағытымды түсіндіріп өтейін. Біріншіден, егер басқа көзқарасты қабыл етсек, онда қылмыстық заңда қылмыстық жауаптылықтан босату мен қылмыстық жазадан босату ұғымдары арасында

ерекшелік барын және бұл ерекшелік ешқандай негізделмегенін мойындауымызға тура келеді. Екіншіден, бұл көзқарас бойынша қылмыстық жауаптылықтан босату қай кезеңде жүзеге асырылғандығына мән берілмейді. Бірақ та қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдары тұрғысынан қарағанда жауаптылықтан босатудың қылмыстық жауаптылықтан адамды айыпкер деп танығанға дейін босату мен айыпкер деп танылған соң босатуда, сотқа дейін немесе сотта айыптау үкімі шығарылғанға дейін босатумен сотталғанды айыптау үкімін шығарып жазаны өтеуден босатуда және жазаны одан әрі өтеуден босатуда құқықтық мәні мен құқықтық салдарлары бірдей емес екендігіне көз жеткіземіз. Бұл жағдайларда тұлғаларға қолданылатын мәжбүрлеу шараларының көлемі әртүрлі. Үшіншіден, жазаны өтеуден босату тек кінәліге қатысты жаза қолданылып, орындалып, оны кінәлі адам өтеп жатса ғана мүмкін болады. Яғни, мұндай жағдайда мысалы бас бостандығынан айыруға сотталған адам бас бостандығынан іс жүзінде айырылған фактілер туралы ғана айта аламыз. Яғни, қылмыстық жауаптылықтан босату менің пікірімше, бұл жазаны іс жүзінде атқарудан босату емес, жазаны өтеу міндетінен босату. Әрине, бұл жағдайда қылмыстық жауаптылыққа тартылмаған кінәлі адам қорқыныштан басқа ешқандай тиімсіз салдарлар көрмейді және қылмысы үшін жауаптылық көру міндетінің мәнін жояды деп қарсылық білдіруге болар еді. Бірақ бұл міндет кінәлі адам әділсоттылықтан құтылып кететін қалыптан тыс жағдайларда қаралмауы тиіс. Жалпы аталған міндет қалыпты жағдайда жазаны өтеудің бір түріне айналады. Яғни бұл процесс жазаны атқару міндетінің дамуы мен жүзеге асуы процесі болып табылады. Сонымен, жасаған іс әрекеті үшін жауап беру міндеті жүзеге асырылуы керек және осы мақсатта әділ сот органдары қызмет етеді. Ал олардың көп жағдайда қылмыскерді жауапқа тарта алмауы қылмыстық заңның беделіне емес, осы органдардың беделіне нұқсан келтіреді.

1. Енді біз "қылмыстық жауаптылықтан босату" ұғымын қарастырып көруге тырысайық. "Босату" ұғымының өзі белгілі бір шектеулердің бар екендігін көрсетіп тұрса керек. Қылмыстық жауаптылықтан босату тек қылмыс жасаған және осы қылмысы үшін жауап беру міндеті жүктелген тұлғаға қатысты ғана қолданылуы мүмкін. Сәйкесінше міндеттерінен босату дегеніміз бұл қылмыс жасаған тұлғаға қылмысына байланысты жүктелген міндеттерін алып тастау деген сөз. Жауаптылық дегеніміз бір нәрсе немесе әре-

кет үшін жауап беру қажеттілігі, міндеті. Егер адам жауап беруге міндетті болмаса, демек ол жауаптылықтан босатуды да қажет етпейді. Егер тұлға қылмыстық іс-әрекет жасамаса оны қылмыстық жауаптылықтан босату да орынсыз болып қалады. Мұндай жағдайды дәлірек айтқанда "аталған тұлға қылмыстық жауаптылыққа тартуға жатпайды" деуге болады. Сәйкесінше қылмыс істеген тұлға қылмыстық жауаптылыққа тартуға жатады, ал қылмыс істеген адам жатпайды. И.Я. Козаченко сияқты ғалымдар адамды қылмыстық жауаптылықтан босату үшін алдымен сол тұлғаның жасаған қылмысының құрамын сараптап, анықтап алу қажеттігіне баса көңіл аударады[3, б.479]. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың әрқилы түрлерінің болуы, оларды қолданған жағдайларда қылмыстық жауаптылыққа тартуға негіз жоқ дегенді білдірмейді. Керісінше олардың қолданылғандығы қылмыстық жауапқа тартуға негіз болғандығын дәлелдейді. Егер қылмыстық жауаптылыққа тартуға негіздер болмаса, бұл жауаптылықтан босату туралы мәселе көтерудің өзі қисынсыз болған болар еді. Біз қажетті қорғану мен аса қажеттілікте қылмыстық жауаптылықтан босату мәселесін қоймаймыз ғой. Қоймайтын себебіміз бұл жағдайларда қылмыстық жауаптылыққа тартуға негіз жоқ немесе басқа сөзбен айтқанда "қылмыс құрамы жоқ" – дейді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің бірқатар баптарын жоғарыда қарастырып өткен нюанстармен байланыстыра отырып талдасақ. Мысалы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату туралы 69-бабында қылмыс жасаған адам "егер қылмыс жасаған күннен келесі мерзімдер өтсе:..." қылмыстық жауаптылықтан босатылуы тиіс делінген. Адам қылмыс жасағаны белгілі болғандықтан қылмыстық жауаптылықтан босату туралы сөз қозғағаны орынды. Сондай-ақ егер мерзімдердің өтіп кетуі сот мәжілісі уақытында анықталса қылмыс жасаған адам қылмыстық жауаптылыққа тартылып тек жазадан ғана босатылады.

2. Сондықтан жоғарыда аталған бапты "қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату" деп қайта құрса толық және нақтырақ болар еді. Өзі жасаған қылмысы үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған тұлғаның сотталуы және заңмен көзделген мөлшерде жаза тағайындалуы тиіс екендігін ешкім теріске шығармайды. Бірақта жаза тағайындамауға жол беретін жағдайлар ең ежелгі қылмыстық заң актілеріне белгілі болған және қазіргі заманғы жоғарғы

құқықтық мәдениеті бар деп саналатын барлық мемлекеттердің қылмыстық кодекстерінде көзделген. Мәселені бұлайша шешу, жасалған іс-әрекет қылмысқа тән белгілерін жоғалтты, ал оны істеген адам қоғамға қауіптілігін жойды деген сөз емес. Бұндай жағдайдың формальдық логикаға қарсы келетіні де айқын. Қылмыстық белгілері бар іс-әрекет жазасыз калуы мүмкін емес. Н.К. Котованың ойлауынша бұл ұстаным ой қортындылардың кез-келген салыстырмалылығына жол бермейді. Бірақ заң шығарушы ұстанып отырған формальды емес логика тұрғысынан, әлеуметтік қажеттілік пен қарапайым дұрыс ой тұрғысынан алғанда қылмыс жасау және кінәлі адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту фактісі оған міндетті түрде қылмыстық жаза тағайындап, оны өтету қажет дегенді білдірмейді. Кей жағдайларда сотталған адамға белгілі бір фактілік немесе қылмыстық-құқықтық жағдайлардың болуына байланысты ең жеңіл деген қылмыстық жазаны қолдану мүмкін болмайды немесе орынсыз болып қалады. Қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың әртүрлі формаларының болуы отандық заң шығарушыларға қылмыстық жазадан босату қажеттілігін туындататын қылмыстық жазаны жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін және жазаны тиімсіз ететін жағдайлар жүйесін енгізуге мүмкіндік береді. Өзінің қылмыстық-құқықтық мәні бойынша бұл жағдайлар жазаны өтеуге теңестіріледі, оның әлеуметтік - құқықтық эквиваленті түрінде болады. Сондықтан қылмыстық жаза қылмыстық жауаптылықтан босату автоматты түрде қылмыстық жазадан босатуға әкеледі [4, б.173]. Бұл жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босатудың бастапқы моменті – алдын-ала тергеу кезеңі, соңғы сәті, айыптау үкімі шығарылғанға дейінгі сот талқылауы болуы тиіс. Бұл сәттен өтіп кеткеннен соң тек қылмыстық жазадан босату туралы ғана сөз қозғауға болады [4, б.173]. Босату – бұл, әрине, кеңістік пен уақытта белгілі бір ұзақтығы мен көлемі бар процесс. Бірақ бұл жағдайды негізге алып, қылмыстық жазадан босату институты екен деп ой тұжырымдау қате болған болар еді. Мұндай қате ой тұжырымға заң шығарушы да жол бермесе керек. « Босату » терминіне ғана сүйеніп мұндай қорытындыға келе негізсіз болары сөзсіз. Ең алдымен « босату » терминін заң шығарушы процестің өзін анықтау үшін емес, оның қылмыстық құқықтық нәтижесін көрсету үшін қолданылады. Сонымен А.Н. Ағыбаевтың айтуынша қоса жазадан босату идеясының негізінде жазаны қолданудың орынсыздығы және мүмкін еместігін білдіретін

ойлар жатыр. Ары қарай қарастырайық. Іс-әрекеттің жазаланушылығын жоятын жағдайлар заң актілерінде тікелей көрсетілген. Ал, сот сотталған адамды қылмыстық заңда көрсетілмеген жағдайлармен қылмыстық жазадан босатуға құзыретті емес. Жекелеген жағдайларда қылмыстық жазалардан босату қылмыстық жауаптылықтан босатуға себеп болатындығы белгілі. 3. Мұндай жағдайлар да бірінші босату, екінші босатудың орындылығын көрсетіп тұрады. Бұл қорытындыға келуімізге мынадай талас тудырмайтын, маңызды екі жағдай негіз болады. Біріншіден, қылмыстық жаза қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың көптеген формаларының бірі ғана болып табылатындықтан, қылмыстық жауаптылық өзінің негізгі әлеуметтік-құқықтық функциясын кінәліге жаза тағайындамай-ақ жүзеге асыра береді. Екіншіден, егер қылмыс жасаған тұлға белгілі бір себептермен қылмыстық жауаптылыққа тартылмаған немесе қылмыстық жауаптылықтан босатылған болса, оған жаза тағайындау ойға қонымсыз, әрі жол берілмеуі тиіс іс-әрекет болатыны айқын. Себебі, жаза тек қылмыстық жауаптылыққа тартылудың нәтижесі болуы ғана мүмкін. Бірақ бұл аталған қылмыстық жауаптылықтан босату институттарын мәні бойынша толық сәйкес келетін, біртұтас деп есептесек өте қате пікірге бой алдырған болар едік. Бұл екі институтта өзінің қайталанбастығымен, ерекше индивидуальдығымен ерекшеленіп, бұларды жеке дара автономды қылмыстық-құқықтық ақиқаты деп тануға алғы шарттар қалыптастырады [5, б.160]. Бұл тұжырым жайлы Е.Ә. Онғарбаев өз ойында қылмыстық жазалаудан босатылған тұлғаның автоматты түрде қылмыстық жауаптылықтан да босатылып кете алмайтындығы дәлелдей түседі. Бұдан бөлек, қылмыстық жауаптылықтан босатқан қатынастар өз іс-әрекетін тоқтатады [6, б.284]. Ал Н.О. Дулатбековтың көзқарасы, қылмыстық жазадан босатқанда, олар сақталып қалуы мүмкін (мысалы, соттылық жойылған немесе алынғанға дейін). Қылмыстық құқықтың бұл институттарының шекарасын белгілеуде олардың әртүрлі қылмыстық-процессуалдық формасын да ескеру керек: қылмыстық жазадан босату қылмыстықтық жауаптылықпен салыстырғанда тек сотпен ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Бұған қарап отырып қылмыстық жауаптылықтан босату мәселесін шешуді де сот органдарының құзіретіне беру ойға қонымды болар еді [7, б.220].

Қазіргі отандық қылмыстық құқық қылмыстық іс-әрекеттің жазаланушылығын азайтатын жағдайлардың едәуір жетілген жүйесін бекіткен.

Бұл қылмыстық жазадан босатуды жүзеге асыруға кеңірек мүмкіндіктер береді. Қылмыстық жазадан босату деп – сот актісінде көрсетіліп, заңға сәйкес негізделген, қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамға қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жазаны өтеу міндетін жүктеуден толық немесе ішінара бас тартқан сот актісі. Қылмыстық жазадан босату түрлері жалпы бірдей әлеуметтік-құқықтық бағытына қарамай, әртүрлі заңдық сипатқа ие болып, өзінің жүзеге асуы үшін әртүрлі негіздер мен шарттарды қажет етеді.

Қорытынды

Қылмыс жасаған кінәлі адамды қылмыстық жауаптылықтан босату осы тұлғаны жазаны өтеуден де босату болып табылады.

Осылайша «Әрбір кінәліге – әділетті жаза» қағидасы бұзылады. Бұл көзқарастан басқа тұрғыдан тереңірек қарап көрелік.

Жаза тым кешігіп орындалып жатса, ол өзінің ескертушілік әсерін жоғалтады. Қылмыскер жаза қолданусыз-ақ түзеліп кеткен жағдайда, жаза

қайта тәрбиелеу құралы қызметін атқара алмайды. Мұндай жағдайда жаза әлде де жалпы ескертушілік сипатта болуы мүмкін, бірақ негізінен істелген іс-әрекет үшін кек қайтару секілді көрінеді. Қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату да ескертушілік роль ойнай алады. Яғни мемлекет өзінің осы әрекетімен қылмыс жасаған адамның өзінің кейінгі оң мінез-құлқымен келтірілген зиянын жойып, өз кінәсін жуып-шаюға мүмкіндік бар екендігі туралы жариялайды. Қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату институты қылмыс істеген адамды үлгілі мінез-құлық сақтауға тырысуға ықпал етеді.

Аталған институттың өмір сүруі нәтижесінде «жазаны құр қорқыту құралына айналып қалу қауіпі туады» деп те күмәнденуге болар еді. Бірақ бұндай құбылыс орын алмайды. Өйткені қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату автоматты түрде емес, тек заңда көрсетілген шарттарды сақталған жағдайда ғана жүзеге асады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Уголовный кодекс Республики Казахстан - Принят 04 июля 2014 года № 231– V ЗРК (с изм. и доп. по сост. на 01.12.2018 г.);
2. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім. Оқулық.- Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 584 б.
3. Козаченко И. Я. Уголовное право. Общая часть : учебник для бакалавров /И.Я. Козаченко, Г.П. Новоселов. – М. : Издательство Юрайт, 2014. – 479с.
4. Котова Н.К. Уголовное право Республики Казахстан (Общая часть) Учебное пособие- Алматы, 2013. – 173 с.
5. Ағыбаев А.Н., Бисенова М.Қ Қылмыстық ниет және оның қылмысты саралудың маңызы Алматы.– Ғылым, 2006 – 160 б.
6. Оңғарбаев Е.Ә., Смағұлов А.А. Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқығы. – Алматы: Болашақ, 2005. – 284 б.
7. Дулатбеков Н.О. Қылмыстық жаза тағайындау (теория және практика мәселелері): Монография. – Астана: Фолиант, 2002. – 220 б.

УДК: 343.3/.7

МРНТИ: 10.77.51

Г.М. Рахымбердина¹

*¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, Құқықтану кафедрасының
6М030100 – құқықтану мамандығының 1-курс магистранты, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: guka_2505@mail.ru*

Ғылыми жетекшісі: Н.Б. Калкаева

*²Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, Құқықтану кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, з.ғ.к., Алматы қ., Қазақстан
e-mail: nesibeli77@mail.ru*

АЛАЯҚТЫҚТЫҢ ОБЪЕКТІСІ МЕН ОБЪЕКТИВТІК БЕЛГІЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада алаяқтықтың мазмұнын аша отырып, алаяқтықтың объектісін анықтау үшін қылмыстық қол сұғушылықтың пәні болып табылатын мүлік кімге тиесілі екенін анықтау маңызды екені қарастырылады. Алаяқтықтың объективтік жағы қылмыс процесінің сыртқы сипатын көрсететін, заңда айтылған белгілердің жиынтығынан құралады. Мұның ішінде: қоғамға қауіпті әрекеттер (әрекет немесе әрекетсіздік); қылмыстың зардабы (қылмыстың нәтижесі) және әрекет пен зардаптың арасындағы себеп-салдарлық байланыстар бар. Алаяқтықтың объективтік жағының өзіндік ерекшелігі - оны жасау тәсілдерінде екендігі жан жақты қарастырылады.

Түйін сөздер: қылмыстық құқық, қылмыстық құқық бұзушылық, алаяқтық, қылмыс құрамы, алаяқтықтың объектісі, алаяқтықтың объективтік белгілері

Рахымбердина Г.М. ¹

*¹магистрантка 1-курса специальности 6М030100- юриспруденция
Института истории и права КазНПУ имени Абая, г.Алматы. Казахстан
e-mail: guka_2505@mail.ru*

Научный руководитель: Калкаева Н.Б.

*к.ю.н., ассоциированный профессор кафедры Юриспруденции
Института истории и права КазНПУ имени Абая, г. Алматы. Казахстан
e-mail: nesibeli77@mail.ru*

ОБЪЕКТ И ОБЪЕКТИВНЫЕ ПРИЗНАКИ МОШЕННИЧЕСТВА

Аннотация

В статье рассматривается содержание мошенничества. Для того, чтобы раскрыть содержание объекта мошенничества, необходимо определить важность значения имущества для его владельца, которое является предметом преступного посягательства. Объективная сторона мошенничества состоит в совокупности признаков, указанных в законе. Туда входят: общественно опасное действие (бездействие), преступные последствия (преступный результат) и причинная связь между общественно опасным действием и последствиями. Способы совершения всесторонне рассматриваются как особенность объективной стороны мошенничества.

Ключевые слова: Уголовное право, уголовное правонарушение, мошенничество, состав преступления, объект мошенничества, объективные признаки мошенничества.

G.M. Rakhymberdina¹

*¹undergraduate of 1 course of specialty 6M030100 law of Institute of history and right of Abai KazNPU,
Almaty. Kazakhstan
e-mail: guka_2505@mail.ru*

Research supervisor: N. B. Kalkayeva

PhD in Law, the associated professor of Chair of jurisprudence of Institute of history and right of Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan
e-mail: nesibeli77@mail.ru

OBJECT AND OBJECTIVE SIGNS OF FRAUD

Abstract

In article disclosure the content of fraud is considered to open объект frauds, importance of value of that property to whom it belongs which is a subject of criminal encroachment is defined. The objectiveness signs of crime. There enter: socially dangerous action (inaction), criminal consequences (criminal result) and a causal relationship between socially dangerous action and consequences. Ways of commission comprehensively are considered as feature of the objective party of fraud.

Keywords: Criminal law, criminal offense, fraud, corpus delicti, object of fraud, objective signs of fraud.

Алаяқтық дегеніміз – бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену болып табылады. Алаяқтық әрекеттерінің әрбір жағдайында істің мәнісін жан-жақты қарастырып, оған ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтардан жіктей білу қажет.

Қылмыстық құқық – меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарда тікелей объектіні меншік және қылмыстық қол сұғудың затын ажыратады. Қылмыс затының құқықтық сипаттамасы оның объектісімен байланысты.

Алаяқтықтың заты – қылмыскер алдау немесе сенімге қиянат жасау нәтижесінде иемденетін мүлік. Тұлға мүлікке немесе мүліктік сипаттағы өзге кіріске қол сұққан жағдайда алаяқтықтың пәні болып алған немесе заңсыз ұстап қалған мүлік табылады.

Қарастырылып отырған қылмыстық құқық бұзушылықтарда мүлікке құқық бұзылады, ол қылмыс заты санында, қасиеттерінде ешқандай өзгерістерге ұшырамайды.

Әрине, «меншік» және «мүлік» ұғымдары белгілі дәрежеде бірегей болғанымен, толығымен ұқсас емес. Сондықтан алаяқтық қол сұғушылықтарды дұрыс саралау және олардың объектісі мен затын анықтау үшін бұл ұғымдарды ажырату қажет.

Заң шығарушы азаматтардың жеке меншік құқығының мазмұнына заңмен белгіленген шектерде мүлікті иелену, пайдалану және билік ету құқығын енгізеді. Негізі алаяқтықтың заты ретінде оларға қатысты меншік қатынастары туындауы мүмкін. Материалдық дүниенің барлық заттары болуы мүмкін. Ұрлықтың заты әрқашан материалдық болғандықтан мүлікке құқық алаяқтық қол сұғушылықтың заты бола алмайды.

Ешқандай құқықты соның ішінде меншік құқығын да заңсыз иелену мүмкін емес. Себебі,

құқық материалдық категория емес, сондықтан алаяқ мүлікке құқықтарды заңсыз иеленген жағдайда қылмыстың заты ретінде оған қатысты құқықты алдаудың немесе сенімге қиянат жасаудың нәтижесінде алған мүлікті қарастыру қажет.

Осылайша меншік мүліктік қылмыстардың объектісі, ал мүлік меншіктің материалдық көрінісі болып табылатын қылмыстық құқық бұзушылықтың заты.

Алаяқтыққа кінәлі тұлға жәбірленушінің мүлкін иелену, пайдалану және билік ету мақсатын көздейді. Қылмыскер әрине, бұл мүлікке меншік құқығын иеленбейді.

Заңдық әдебиеттерде мүліктік қылмыстық құқық бұзушылықтың заты – материалдық дүниенің заты, яғни... экономикалық құндылығы бар және тұлғаның иелігінде болуы мүмкін кез келген нәрсе екендігі мойындалған.

Қылмыстың затын экономикалық шаруашылық пайдалылық қасиеттеріне ие заттар немесе олардың эквиваленттері ретінде анықтайды. Сонымен қатар мүліктік қылмыстардың заты ретінде ақшалай бағаланатын мүлік қана бола алады, бұл әдетте сәйкес затты жасауға адамның еңбегі жұмсалатындығымен байланысты. Сонымен қатар мүлік қылмыскердің емес, өзге тұлғаның меншігінің объектісі болуы тиіс. Алаяқтық кезінде қылмыстың заты болып ақшаны ауыстырушы ролін атқаратын немесе иелерін белгілі құқықтарын куәландыратын ұсынбалы бағалы қағаздар табылуы мүмкін.

Мұндай құжаттардан айырылу ақшадан айырылғанмен тең, бұл ақылы жәбірленушіге мүліктік залал келтіріледі, бірақ кінәлі мүліктік құжатты алған кезде емес ол бойынша белгілі жолмен мүлікті алған кезде ғана мүліктік пайда табады.

Тәжірибеде көрсетіп отырғандай, меншікке

алаяқтық қол сұғудың заты болып негізінен ақша және т.б заттар табылады. Тәжірибеде кездесетін алаяқтық тәсілдердің көпшілігі ақша қаражаттарын иемденуге арналған. Әдетте алаяқтықтың заты ретінде тікелей тауар немесе жанама ақша кінәлінің жеке қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын немесе өткізіліп жіберілуі мүмкін болатын мүлік танылады.

Алаяқтықтың объектісін анықтау үшін қылмыстық қол сұғушылықтың пәні болып табылған мүлік кімге тиесілі екені анықтау маңызды. Кейбір жағдайларды мүліктің қатыстылығы алаяқтықтың объектісіне тікелей нұсқайды. Алаяқтықтың объективтік жағы үш негізгі элементтен тұрады – қоғамға қауіпті әрекет (әрекетсіздік), қылмыстың салдары және бұл әрекет әрекетсіздік және туындаған нәтиже арасындағы себептік байланыс мүліктік қылмыстардың көпшілігі сияқты алаяқтық материалды құрамды қылмыстарға жатады. Бұл қылмыстың салдарының мәні жәбірленушінің мүлкі ақсыз кінәлінің иелігіне көшетіндігін де бұл оң залал. Сонымен қатар, алаяқтық кезіндегі мүліктік сипаттағы қылмыстық салдар алынбаған пайда түрінде де болуы мүмкін.

Алдау – адамның мінез құлық актісі ретінде арқашан моральға қарсы және біздің қоғамда теріс бағаланады. Сонымен қатар, ол құқыққа қарсы әрекет жасаудың тәсіліне айналғанда қылмыстық жазалануға жатады. Іс жүзінде алдау мен ол арқылы жасалатын қоғамға қауіпті іс-әрекет қылмыстық жазалануға жатады деп есептейтін авторлармен келісуге болады.

Алаяқтық кезінде қоғамға қауіпті іс-әрекет алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүлікті иемденген немесе мүлікке құқықтарды мүліктік пайданы алудан тұрады. Алаяқтық – қолсұғушылықтарда алдау және сенімге қиянат жасау оларды жасау әдістері болып табылады.

Алаяқтық кезіндегі алдау дегеніміз – олардың ықпалы мен жәбірленуші қылмыскерге мүлікті беретін жалған мәліметтерді жәбірленушіге хабарлау. Бұл мәліметтер заттың санына, сапасына, бағасына ол жасалған материалдарға қатысты болуы мүмкін. Алаяқтық кезіндегі алдау шыңдықты бұрмалаудан ғана емес, сонымен қатар ол туралы айтпаудан да көрініс табуы мүмкін. Заңдық әдебиеттерде алаяқтық алдаудың екі нысанының ажыратады: белсенді шыңдықты бұрмалау және пассивті шыңдықты жасыру, ол туралы айтпау.

Белсенді түрі сөз жүзінде немесе әрекеттерден көрініс табады. Алдаудың бұл нысаны кезінде алаяқ мүлікті оған құқықтарды немесе мүлік-

тік пайданы ерікті түрде беруіне қол жеткізу үшін жәбірленушіні белгілі фактілерден, мән жайлардан жанылыстыру мақсатында шыңдылықты қасақана бұрмалайды.

Алдаумен қатар алаяқтық сенімге қиянат жасау жолымен жүзеге асырылады. Мүлікті иелену, мүлікке құқықты немесе мүліктік сипаттағы өзге пайданы алу әдісі ретіндегі сенімге қиянат жасау сирек кездеседі. Көп жағдайда ол алдаумен ұштасады. Әдетте алаяқ жәбірленушіні алдауды жеңілдету үшін онымен сенімді қатынас орнатуға тырысады, сонымен қатар сенімге қиянат жасауды сенгіштігін пайдаланумен шатастыруға болмайды. Сенім жалпы ереже бойынша адамдар арасында қатынастардың болуын көздейді, сенім дегеніміз арқашан біреуге сену, ал сенгіштік адам мінезінің қасиеттерінің бірі. Әдетте сенім ретінде әлдекімнің адалдығына сеніп және оған негізделген көзқарас түсіндіріледі. Сенімге қиянат жасау жолымен алаяқтық кезінде кінәлі жәбірленушінің сенімін пайдаланып белгілі оқиғалардың туындауына үміт беріп нәтижесінде жәбірленушінің мүлкін өз меншігіндей пайдаланады. Алайда берілген мүлікті иемденудің немесе ұрлаудың белгілері болмағанда бұл меншіктік шағым қояды. Сенімге қиянат жасау жәбірленушінің сенімін пайдаланудан көрініс табады. Осы сенімді пайдаланып және болашақта жәбірленушінің пайдасына белгілі әрекеттер жасауға уәде бере тұра қылмыскер мүлікті иеленеді. Сенімге қиянат жасаудың кең таралған тәсілдерінің бірі – азаматтардан оларды орындау ниетінсіз қандайда бір жұмыстар жасауға немесе қызметтер көрсетуге мәмілелер жасасу жолымен ақша алу. Әдетте алаяқ ең алдымен кеңінен алдау мақсатында жәбірленушінің сеніміне кіруге тырысады.

Алаяқтықтың объективті жағының міндетті белгісі қылмыстық құқық бұзушылықтың нәтижесінің туындауы. Туындаған қоғамға қауіпті салдар мен кінәлінің қоғамға қауіпті әрекеті әрекетсіздігі арасында себептік байланыс болуы тиіс [1, 20 б].

Алаяқтық үшін жауапкершілік жәбірленушіні алдау немесе сеніміне қиянат жасау әрекет немесе әрекетсіздік нысанында туындаған зиянды салдар мүлікті ақысыз құқыққа қайшы иемдену немесе мүліктік сипаттағы өзге пайда табу арасында себептік байланыс болғанда ғана туындайды. Бұл себептік байланыс алдау жәбірленушінің мүлікті немесе оған құқықты беру ниетін туындатқан немесе бекіткен жағдайда да болады. Себептік байланыс алдау мүлік екінші тұлғаға берілгенге дейін орын алған жағдайларда ғана байқалады.

Алдау жолымен жасалған алаяқтық кезінде себептік байланыс мүліктің жәбірленушінің иелігінен кінәліге өту актісіне жаңылысудың ықпалы мен жәбірленушінің өзі тікелей қатысатындығынан көрініс табады. Мүлікті қылмыскерге берудің себебі жәбірленушінің жаңылысуы, ал жаңылысудың себебі алдау. Бұл жерде жаңылысу шынайы болуы тиіс. Осылайша, жаңылысу себептік байланыс тізбегінде қажетті аралық буын болып табылады: бір жағынан мүлікті беру шарты болса, екінші жағынан алдаудың нәтижесі болып табылады. Егер жаңылысу болса алаяқтықта жоқ. Алаяқтық кезінде алдау немесе сенімге қиянат жасау арқашан мүлікті иемдену алдында болады немесе уақыты бойынша онымен сәйкес келеді.

Керісінше жағдайда олар иемденумен себептік байланыста болмас еді. Егер алдау мүлікті беруге тудыруға немесе оны нығайтуға бағытталып, бірақ қажетті нәтиже бермесе жасалған іс-әрекет алаяқтыққа оқталу ретінде сараланады.

Экономикалық категория ретінде меншік өндіріспен тікелей байланысты. Бірақ, бұл байланыс бөлу және айырбастау қатынастары арқылы жүргізіледі.

Демек, біз қарастырып отырған қылмыстық құқық бұзушылықтың тектік (арнайы) объектісі, жоғарыда айтқанымыздай кең мағынасында меншік қатынастары болып табылады. Немесе материалдық игіліктерді өндіру, тарату және айырбастау, оларды жеке меншікке иемдену. Бұл қылмыстың тікелей объектісі деп, біздің ойымызша, меншік қатынасының тар мағынасын, яғни, жеке адамның мүддесіне қарай иемдену, пайдалану және жұмсау қатынастарын айтқан жөн.

Яғни, меншікке қарсы бағытталған қылмыстардың тікелей объектісінің экономикалық өзегі қоғамда өндірілген және таратылған материалдық игіліктерді жеке адамның пайдалануы, жеке адамның мүліктік мүдделері екен.

Меншіктің экономикалық мәні және меншік құқығы туралы айтылғандарды қорыта келіп, біздің ойымызша, бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың тектік (топтық) объектісі кеңінен алғанда меншік қатынастары, яғни жеке адамның пайдалануына арналған материалдық игіліктерді өндіруге, бөлуге және айырбастауға байланысты, объективтік құқық нормаларының жүйесімен бекітілген және реттелетін қоғамдық қатынастар болып табылады. Ал, қылмыстық қастандықтың тікелей объектісі – тармағындағы меншік қатынастары.

Әлбетте, қылмыс объектісін қылмыстың тіке-

лей заттарынан айыра білу қажет. Қылмыскер қылмыс объектісіне қастық жасай отырып әсер ететін заттар мен адамдар қылмыстық қастандықтың заты болып есептеледі.

Қылмыс затының құқықтық сипаты объектімен байланысты. Ақша, зат, басқа да бағалы мүліктер түрінде алаяқтықтың объектілері көп. Сондай-ақ, қылмыс үстінде қолданған заттар қылмыс заты емес. Мысалы, айырбасталған тауар, ақшаның орынына қаттап берген қағаз т.с.с. алаяқтықтың заты болып табылмайды. Қылмыскердің алдау-арбау және сенімге кіру жолымен иемденген мүлкі алаяқтықтың заты болып табылады.

Демек, объектіге байланысты айтатын болсақ, алаяқтықтың заты меншік қатынастарымен қамтылған зат екен. Алаяқтықтың заты болуы үшін заттың тұтыну қасиеті ғана емес, сонымен бірге-құны, сол құны арқылы азаматтық айналымға, тауар-ақша қатынастарына ене алатын қасиеті де болуы шарт.

Қылмыстық құқықта заттық сипаттағы құнды құжаттарды ұрлық заты табыла ма, табылмай ма деген әртүрлі пікір бар. Сондай-ақ, қандай да материалдық игіліктерді иемденуге мүмкіндік беретін кез-келген құжаттарды иемдену де ұрлық болып табылады деген пікір де бар. Енді біреулер мүліктік сипаттағы құжаттарды (құнды қағаздардан басқа) иемдену ұрлық болып табылмайды, деп санайды. Егер мұндай әрекеттер солар бойынша кейін мүлікке иемдену үшін жасалса, оны алаяқтыққа дайындық ретінде бағалау қажет [2].

Қолданылып жүрген заң бойынша алаяқтық істегендегі алдау деп, жәбірленушіге жалған мағлұматтар беріп, немесе шындықты қасақана бұрмалап, сол арқылы жәбірленушінің мүлкін иемденуді айтады.

Алаяқтықтың объективтік жағы қылмыс процесінің сыртқы сипатын көрсететін, заңда айтылған белгілердің жиынтығынан құралады. Мұның ішінде: қоғамға қауіпті әрекеттер (әрекет немесе әрекетсіздік); қылмыстың зардабы (қылмыстың нәтижесі) және әрекет пен зардаптың арасындағы себеп-салдарлық байланыстар бар.

Алаяқтықтың объективтік жағының өзіндік ерекшелігі – оны жасау тәсілдерінде жатыр. Алдау және сенімге кіру алаяқтық жасаудың, яғни мүлікке иемденудің тәсілдері болып табылады [3, 187 б.].

Қылмыстық мақсатқа жету үшін қылмыскер, мысалы, билет алып беремін (ниетпен алдау) деп алдайды. Алаяқтық алдаудың мәнісінде оның таныс кассирім бар (адамды айтып

алдау) деген жалған мәліметі жағыр. Алаяқ бұл өтірікті өз уәдесінің нақты екенін дәлелдеу, сөйтіп ақшаны алдап алуды жеңілдету мақсатында пайдаланады. Осылайша алаяқтық жасағанда мүлікке иемдену әдісі, қандай жағдайға байланысты айтылса да, алдау болып табылады. Алдаудың заттарға, адамдарға, әрекеттерге, құбылыстарға т.б. қатысы болуы мүмкін.

Заттарға қатысты қарағанда, алдаудың мәнісі олардың түрлерін, санын, бағасын т.с.с. жалған хабарлауға байланысты. Осылайша, қылмыскер сатушы, ал, жәбірленуші сатып алушы болып, айыпкер жоқ немесе нақты бағасына сәйкес келмейтін зат үшін жәбірленушіден ақша алып қояды.

Заттың ұқсастығы немесе сапасына байланысты алдау үстінде қылмыскер жәбірленушіге келісілген заттың орнына құны сәйкес келмейтін басқа бір затты беруі мүмкін. Алаяқтық алдаудың мазмұны, сондай-ақ, қылмыскердің мүлікті иеленуіне себепкер болған түрлі оқиғалар немесе адамдардың әрекеттері де болуы мүмкін. Олардың қатарына: мүлікті күзетуші адамға өтірік нұсқау бергізу, орындалмаған немесе аз орындалған жұмыс үшін жалған мағлұмат беріп, ақша алу т.с.с. жатады.

Бір сөзбен айтқанда алдаудың түрлері өте ұқсас болады, тек тиісті жағдайлар мен қатысатын адамдар ғана әртүрлі болуы мүмкін.

Алаяқтыққа жауапкершілік көрсетілген ҚК 190-бабында мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтың алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен жасалатындығы айтылған. Заң шығарушы сенімге кіруді алдаудан бөлек, алаяқтық жасаудың дербес тәсілі ретінде қарастырған. Бірақ, бұл баптың пәрмені онымен өзгермейді.

“Сенім” деген сөздің өзі белгілі бір жағдайға сенімділік, адалдық, тәртіптілік, шынайылық қасиеттеріне жуық мағына береді. Яғни, “сенім”

сөзін “сенгіш” сөзімен шатыстыруға болмайды. Өйткені сенгіштік адам мінезінің бір көрінісі, ал, сенім әрқашан бола бермейді.

Атап айту керек, сенімге кіру арқылы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың басқа қылмыстық құқық бұзушылықтарға ұқсас тұстары да аз емес.

Сенімге кіру көбінесе алдаумен ұштасып жатады. Әдетте қылмыскер келешекте оңай алдау үшін алдымен сенімге кіріп алуға ұмтылады. Егер жәбірленуші өзін алдаушыға сене қоймаған болса, алдаудың мақсатына жетпегендігі.

Алдау жәбірленушінің мүлкін иемдену үшін ғана емес, сонымен бірге, оның сеніміне ие болып, жәбірленушінің өзіне жақындатуға бағытталса мұндай алдау сенімді теріс пайдалану деп аталады. Сондықтан сенімге кіру мен алдау алаяқтық қылмыста бірімен-бірі ұштасып отырады.

Алайда, жіктеуі қиын болса да, сенімге кіруді алаяқтық алдаудың бір түрі деп санайтын авторлармен келісуге болады. Мұның өзі алдау мен сенімге кіруді қылмыс жасаудың дербес тәсілдері ретінде бөліп қарастырған заң шығарушының қағидасына да қайшы келмейді.

Алаяқтықтың бұл тәсілінің қажетті белгісі жәбірленуші мен айыпкердің арасындағы сенімнің ерекше қасиеттері болып табылады. Бұл қатынастардың белгілі бір құқықтық негізі болуы да мүмкін. Сондай-ақ, нақты жағдайларға байланысты болуы да (жәбірленуші мен айыпкердің таныстығы, нақты сыртқы жағдайлар) мүмкін. Сенімге кіре отырып, қылмыскер өзіне басқа адамдардың сенуіне негіз болатын жағдайларды (туыстық, келісімдік т.с.с.) да пайдаланады.

Көптеген зерттеушілер мүлікті өз еркімен беруді алаяқтықтың ерекше көрінісі ретінде қарастырады. Шынында, ұрлықтың басқа түрлеріне қарағанда, жәбірленуші қылмыскерге өз мүлкін еркімен бергендей болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – 768 б.*
- 2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚР Заңы. URL <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z236>*
- 3. Верина В.Г. Дифференциация уголовной ответственности за преступления против собственности: проблемы теории и практики. Саратов, 2003. – 87 с.*

УДК: 343.9.018.3
МРНТИ: 10.81.35

Б.П. Шмадияров¹

*¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, Құқықтану кафедрасының 6М030100-құқықтану мамандығының 1-курс магистранты, Алматы, Қазақстан
e-mail: bagdat_elibai@mail.ru*

Ғылыми жетекшісі: Н.Б. Калкаева

*²Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, Құқықтану кафедрасының қауымдастырылған профессоры, з.ғ.к., Алматы қ. Қазақстан
e-mail: nesibeli77@mail.ru*

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫН АЛУДЫ ЖӘНЕ ОЛАРДАН САҚТАНДЫРУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Аңдатпа

Мақалада кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының алдын алу проблемасын жан-жақты шешу үшін белгілі бір жағдайларда адамды теріс жолға түсіретін құбылыстарды жою мақсатында ұйымдық, материалдық және қаржы ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған әртүрлі шараларды жүзеге асыру керектігі көрсетіледі.

Кәмелеттік жасқа толмағандар қылмысымен күрес – жалпы қылмыспен күресте, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуда үлкен орын алады. Сондықтан да, қылмыспен күрес шараларының қылмыстық-құқықтық тиімділігін көтеру – жас жеткіншектердің тәрбиесіне бағытталған күрес стратегиясы болып табылатындығы қарастырылады.

Түйін сөздер: қылмыстық құқық, қылмыстық құқық бұзушылық, кәмелетке толмағандар, қылмыстық жауаптылық, қылмыс құрамы

Б.П. Шмадияров¹

*¹магистрант 1-курса специальности 6М030100- юриспруденция Института истории и права КазНПУ имени Абая, г. Алматы. Казахстан
e-mail: bagdat_elibai@mail.ru*

Научный руководитель: Н.Б. Калкаева

*к.ю.н., ассоциированный профессор кафедры Юриспруденции Института истории и права КазНПУ имени Абая, г. Алматы. Казахстан
e-mail: nesibeli77@mail.ru*

ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ ПРЕСТУПНОСТИ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ

Аннотация

В статье для того чтобы всесторонне решить проблемы предупреждения правонарушений несовершеннолетних, показывается необходимость реализации организационных, также различных мер, предназначенных для эффективного использования материальных, финансовых ресурсов в целях пресечения, предотвращения негативных явлений, способствующих становлению на преступный путь несовершеннолетнего.

Борьба с преступностью несовершеннолетних занимает значительное место как в укреплении законности и порядка, так и в целом в борьбе с преступностью.

Отсюда, значение эффективности уголовно-правовых мер в борьбе с преступностью состоит в стратегии, направленной на воспитание молодежи.

Ключевые слова: Уголовное право, уголовное правонарушение, несовершеннолетние, уголовная ответственность, состав преступления.

B.P. Shmadiyarov¹

*¹undergraduate of 1 course of specialty 6M030100 law of Institute of history and right of Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan
e-mail: bagdat_elibai@mail.ru*

Research supervisor: N. B. Kalkayeva

*PhD in Law, the associated professor of Chair of jurisprudence of Institute of history and right of Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan
e-mail: nesibeli77@mail.ru*

LEGAL REGULATION OF CRIME PREVENTION OF MINORS

Abstract

In article comprehensively to solve problems of prevention of offenses of minors, need of realization of the organizational, also various measures intended for effective use of material, financial resources for barring, prevention of the negative phenomena promoting formation on the criminal way of nesovershennoltny is shown.

Fight against crime of minors takes an important place as in strengthening of legality and an order, and in general in fight against crime.

From here, the value of efficiency of criminal measures in fight against crime consists in the strategy directed to education of youth.

Keywords: Uglolovny right, criminal offense, minors, criminal liability, corpus delicti.

Кіріспе. Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының алдын алу проблемасын жан – жақты шешу үшін белгілі бір жағдайларда адамды теріс жолға түсіретін құбылыстарды жою мақсатында ұйымдық, материалдық және қаржы ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған әртүрлі шараларды жүзеге асыру керек.

Бұл күрес шараларының жүйесі жалпы әлеуметтің сипаттағы іс-шараларға негізделген, олар азаматтардың әл-ахуалының, мәдениетінің, тәрбиесі мен білімінің биік деңгейде болуын қамтамасыз етуге бағытталған, оларда өзіндік ерекшеліктер бар. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығымен күрес шараларының ерекшелігі сонда:

– ол мемлекеттік отбасы, жастар және қылмыстық саясатқа сәйкес құрылып әрекет етеді, ол саясат отбасына, балаларға әлеуметтік, экономикалық және басқадай көмек көрсетудің кәмелетке толмағандардың қараусыздығы мен құқық бұзушылығының алдын алудың олардың отбасындағы қылмыстылықпен күрестің мақсатты республикалық және аймақтық бағдарламасының кешенді іс-шаралары арқылы іске асырылады;

– онда өзінше заңдық негіз – балалар мен жасөспірімдердің өмір сүруі мен тәрбиеленуінің оңтайлы жағдайының болуын, олардың құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын, теріс ықпалдардың алдын алуды регламенттейтін халықаралық, конституциялық және басқадай құжаттар бар;

– ол мемлекеттің оқу, тәрбие, емдеу, құқық қорғау және басқа органдары мен мекемелердің, қоғамдық ұйымдар мен діни конфессиялардың

мамандандырылған жүйесінің қызметімен қамтамасыз етіледі, ол қызмет республикалық та, аймақтық та деңгейде ұдайы үйлестіріліп отырады.

Бұл шаралар жүйесі қажетті ақпараттық – талдау базасына сүйенеді және материалдық техникалық жағынан бюджет қаржысынан қамтамасыз етіледі.

Кәмелетке толмағандар қылмыстылығымен күрес жүйесінде ерекшеліктердің болуы кәмелетке толмағандардың құқықтық және іс жүзіндегі жағдайының сипатына да байланысты, олар өздерінің тұлға ретінде қалыптаса қоймауының салдарынан қоғамдағы келеңсіз факторлардың ықпалына тез түседі. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығымен күрес әр деңгейде және әр бағытта жоспарлануда. Онда жалпы тәрбиелік, алдын алушыдық, сондай-ақ арнайы жазалау шаралары кең ауқымда қарастырылған.

Бұл шаралар кәмелетке толмағандардың қылмыстық әрекеттерінің жолын кесуге және ондай әрекеттердің қайталану мүмкіндігінің алдын алуға бағытталған. Бұл жұмыс оған қатысушы органдарға тән арнайы құралдар мен әдістердің көмегімен жүзеге асырылады.

Бұл жерде басты талқыланып жатқан мәселе кәмелетке толмағандарды отбасында, мектепте, еңбекпен тәрбиелеудегі, олардың демалысын ұйымдастырудағы кемшіліктерді жою жөніндегі мақсатты жұмыс туралы, сондай-ақ қылмыстылықпен күрес жүргізетін органдардың қызметінің тиімділігін көтеру туралы болып отыр.

Осыған байланысты проблемаларды шешуге бағытталған нақты шаралар нақты шаралар Қазақстан Республикасының Президенті мен үкі-

меті бекіткен көптеген құжаттарда белгіленген. Қазақстан Республикасының «Балалардың қараусыз қалуының және кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының алдын-алу туралы» Заңында, қылмыстылықпен күресті күшейту жөніндегі республикалық бағдарламаларда көзделген шаралар кәмелетке толмағандардың қылмыстылығымен күресі проблемасын шешуге бағытталған.

Бұл заңда кәмелетке толмағандардың қараусыз қалуының және құқық бұзушылығының алдын алу мәселелері бойынша түсіндірме берілген. Мысалы, жеке дара алдын алу жұмысы – әлеуметтік қауіпті жағдайда қалған кәмелетке толмағандар мен отбасыларын дер кезінде айқындау жөніндегі, оларды әлеуметтік – педагогикалық ақтау және олардың қоғамға қарсы әрекеттер жасауының алдын алу жөніндегі қызмет.

Кәмелетке толмағандардың қараусыз қалуының және құқық бұзушылығының алдын-алу, ол – кәмелетке толмағандардың қараусыз қалуына, панасыздығына, құқық бұзуына және қоғамға қарсы әрекет жасауына мүмкіндік тудыратын себептер мен жағдайларды айқындап, оларды жоюға бағытталған әлеуметтік, құқықтық, педагогикалық және басқа шаралар жүйесі, ол әлеуметтік қауіпті жағдайда қалған кәмелетке толмағандар мен отбасылар үшін жүргізілетін жеке дара алдын алу жұмыстарымен қоса жүзеге асырылады.

Кәмелетке толмағандардың қараусыз қалуының және құқық бұзушының алдын алу жөніндегі қызметтің негізгі міндеттері мыналар:

– кәмелетке толмағандардың қараусыз қалуының панасыздығының, құқық бұзушының және қоғамға қарсы әрекетке баруының алдын алу, оған апаратын себептер мен жағдайларды айқындап, оларды жою;

– кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету;

– әлеуметтік қауіпті жағдайда қалған кәмелетке толмағанды әлеуметтік – педагогикалық ақтау;

– кәмелетке толмағандарды қылмыс пен қоғамға қарсы әрекеттер жасауға тарту жағдайларын айқындау және олардың жолын кесу.

Кәмелетке толмағандардың қараусыз қалуы мен құқық бұзушының алдын алу жұмысы заңдылық, демократизм және кәмелетке толмағандарға қайырымды болу, отбасын қолдау, алынған ақпаратты жария етпей кәмелетке толмағандарды түзеуге әрекет жасау, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен қоғамдық ұйымдардың кәмелетке толмағандардың қараусыз қалуының және құқық бұзушының алдын алу жөніндегі қызметіне мемлекет тарапынан қолдау көрсету, кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғандық үшін лауазымды адам-

дар мен азаматтардың жауапкершілігін күшейту принципіне негізделеді.

Бұл алдын алу жүйесіне ҚР Заңнамасында белгіленген тәртіпке құрылған кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия, халықты әлеуметтік қорғауды басқару органдары, білім беруді басқару органдары, қамқоршылық органдары, жастардың істері жөніндегі органдар, денсаулықты басқару органдары, еңбекке орналастыру органдары, ішкі істер органдары кіреді.

Қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің учаскелік инспекторлары:

– Өзі қызмет көрсететін учаскедегі құқық бұзушыларды айқындайды;

– есірткі және жүйкедегі әсер ететін заттарды қолданатын притондарды ұйымдастырушылар мен ұстайтындарды айқындайды;

– оларға дер кезінде шара қолданылуын қамтамасыз етеді;

– ондай адамдарды есепке алып, жүріс-тұрысына бақылау орнатады; ауыр және аса ауыр қылмыстардың алдын алу мақсатында кез келген қылмысты өз бетімен айқындап, ол жайында құжат дайындайды.

Ішкі істер бөлімдерінің кәмелетке толмағандардың істері бойынша бөлімше қызметкерлері:

– Кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауына жағдай тудыратын себептер мен жағдайларды айқындайды, өз құзіреті шегіде оларды жоюға шара қабылдайды;

– кәмелетке толмағандардың құқыққа қарсы әрекеттерінің алдын алу, оларды тәрбиелеу, оқыту, жұмысқа тұрғызу, есірткіден емдеу жөніндегі жұмыстарға қатысты ақпарат пен ұсыныстарды талдап, жинақтап, тоқсан сайын тиісті атқарушы билік органдарына және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жіберіп тұрады;

– кәмелетке толмағандарды қылмыс пен басқадай құқыққа қайшы әрекеттер жасауға тартатын, оларды есірткі және жүйкеге әсер ететін заттарды пайдалануға үйрететін адамдарды айқындап, өз құзыреті шегінде тиісті шара қолданады – балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі өз міндетін мүлде орындамайтын немесе дұрыс орындамайтын ата-аналарды, сондай-ақ білім беру, тәрбиелеу, емдеу және басқа мекемелердің кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін бұзатын, оларға қатысты құқыққа қайшы әрекеттер жасайтын қызметкерлерін айқындап, заңға сәйкес тиісті шаралар қабылдайды;

– денсаулығы мен өміріне қауіпті, дәрменсіз не басқадай жағдайда қалған кәмелетке толмағандарды айқындап, ҚР Заңдарына сәйкес оларға көмек көрсетеді, қажет болған жағдайда оларды ішкі істер органдарына жеткізеді және ол жайында тиісті органдарды хабардар етеді;

– құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында ата-ана қамқорын-

сыз қалған кәметке толмағандар жайында қамқоршы органдарға хабарлайды;

– полицияда есепке тұрған кәметке толмағандардың жүріс-тұрысына бақылау орнатады;

– кәметке толмағандардың қылмыстылығының алдын алу мәселесіне қатысты халық арасында әңгіме-сұхбат жұмысын жүргізеді.

Бұл мақсатта баспасөз, радио және телеарналар мүмкіндіктерін пайдаланады.

Кәметке толмағандардың қылмыстылығының асқындауына байланысты ішкі істер органдары кәметке толмағандардың қылмыстарының алдын алуға бағытталған жұмыстың формалары мен әдістерін жетілдіруге тиіс.

Осы тұрғыда мамандандырылған оқу-тәрбие мекемелерінің де атқарар рөлі зор.

Мамандандырылған кәсіби – техникалық училищелер аса қажет. Кәметке толмағандардың істері бойынша бөлімше қызметкерлерінің орта мектеп педагогтарымен бірлесіп жүргізген тексерулерінің нәтижелері осыны көрсетті. Тексерудің мақсаты мамандандырылған кәсіби мектеп түлектерінің тұрмыстық жағдайын анықтау болатын. Тексеру нәтижелері адам шошылықтай. Көптеген түлектер қайта тәрбиелеуге жіберген жерге қайтадан баруы мүмкін.

Мамандандырылған кәсіби - техникалық училище «қиын» жастардың мінез – құлқына оң ықпал ете алады. Сондықтан да қылмыс жасаған жастардың кейбіреулерін тәрбие колонияларына емес аталған училищелерге жіберу керек, онда олар қажетті мамандық алған болар еді. Жастарға теріс ықпал етуі мүмкін адамдардың қылмыстарын ашып, оны тергеу, ондай адамдарды жедел іздестіру шаралары арқылы табудың да кәметке толмағандар қылмыстарының алдын-алуға септігі бар. Кәметке толмағандарды қылмыстық және басқа құқық бұзушылық әрекетке, маскүнемдікке, қайыр сұрауға және т.б. тартатын адамдарды жазасыз қалдырмаудың да маңызы зор.

Құқық бұзушылықтың жеке дара алдын алуының бір элементі – адамның мінез-құлқын өзгерту мақсатында оған ықпал ету.

Кәметке толмағандар қылмыстылығы өте өзекті проблема оның қазір қалай шешілетіндігіне қылмыстылықтың келешектегі жайы көп байланысты.

Ал, арнайы алдын алу жалпы алдын алудың құрамдас бөлігі, себебі оның тиімділігі қоғам өмірінің басқа салаларындағы шаралардың тиімділігіне тікелей байланысты.

Қылмыстылықтың алдын алудың әртүрлі деңгейлерін жалпы әлеуметтік және арнайы – криминологиялық деп атаймыз. Бұл жерде кәметке толмаған құқық бұзушыларға қатысты мемлекеттік органдар тарапынан да, қоғамдық ұйымдар тарапынан да болатын алдын алу жүйесінің ерте кезеңін бөліп алу керек.

Қылмыстылықтың алдын алу қоғамдық қатынастардың, яғни экономиканы, тұрмысты, идеологияны, мәдениетті және т.б. дамытуға және жетілдіруге, құқық бұзушылық әрекеттерге қарсы тұра алатын қоғамдық өмір құрып, оны нығайтуға бағытталған көптеген шаралармен қамтамасыз етіледі.

Сонымен, С.А. Сартаевтің пікірінше, мемлекеттік саясат жеткіншек ұрпақтың тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталған, оларға теріс ықпал етуі мүмкін адамдарды моральдық және өнегелік – психологиялық оқшаулайтын әлеуметтік шаралар жүргізілуін көздейді. Оны қоғам да, бұл мәселемен айналысып жүрген мамандар да жақсы түсінеді [1, 676.].

Мыналарды басты бағыттар деп санауға болады:

– Отбасының, қоғамның және мемлекеттің балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу қызметін басқаруға қарағанда ауытқушылық пен жеңілдікті көп талап ететін ерекше сала ретінде заңмен бөліп алу;

– кәметке толмағандардың қалыптасуына шешуші ықпал ететін ең маңызды әлеуметтік институт ретінде ата – ана отбасын бірінші кезекте және жан – жақты нығайту;

– ата-ана отбасын жоғалтудан немесе оның кәметке толмағандардың қалыптасуына шешуші ықпал ететін ең маңызды әлеуметтік институт ретінде ата – ана отбасын бірінші кезекте және жан – жақты нығайту;

– ата-ана отбасын жоғалтудан немесе оның басына түскен қиыншылықтан болған зиянды мемлекеттік және қоғамдық институттар арқылы балалар мен жасөспірімдерге толық және уақтылы төлеу; оларға отбасында тәрбиеленуге жақын жағдай жасау;

– тәрбиелейтіндерден зардап шеккен балалардың тағдырына жауапкершілікті күшейту;

– тәрбиелеу және алдын алу қызметтерін ведомстваларға бөлмеу;

– жас адамның өзінің шығармашылық еңбекке деген табиғи мұқтаждығын сақтауына, ұдайы дамытуына және толық іске асыруына жағдай тудыру.

Барлық осы бағыттар бойынша әртүрлі мамандықтағы ғалымдар көптеген ұсыныстар даярлауда, олардың іске асырылуы оң оң нәтиже берер деп сенеміз.

Криминологтар өздерінің көптеген жұмыстарында кәметке толмағандардың бос уақытты өткізу проблемасына баса назар аударады, мақсатсыз, босқа өткізілген уақыт қылмысқа барудың бір себебі деп санайды. Ойластырылып ұйымдастырылған демалыстың да қылмыстардың алдын алуда тигізер пайдасы зор, деген пікірді Е.О. Алауханов білдірген [2,282б.].

Кәметке толмағанның тұлға болып қалыптасуына және жан-жақты дамуына дене шынық-

тыру мен спорттың тигізер әсері мол. Бұрындары бірқатар тәрбие колонияларында спорттың мамандандырылған профильдік түрлері болды. Спорт құрылыстары мен базалары болғандықтан спортпен шындап айналысуға мүмкіндік те болды. Спорт қоғамдарының қызметкерлерімен дене шынықтыру мұғалімдері көптеген балаларды спортқа тартып, оларды құқық бұзушылықтан алып қалды.

Балалар үйлері мен басқадай интернаттық мекемелердің түлектеріне әлеуметтік көмек көрсету, виктимологиялық сақтандыру өзінше бір проблема болып саналады. Интернаттық мекемелер қызметінің талдамасы тәрбиеленушілердің мекеме басшысы жасаған жағдайларда өмір сүретіндігін көрсетті. Кейде толық «пансион» жағдайы балаларға теріс әсер етеді. Оларға тағам дайындауға қатысуға, өз киімін өзі жууға және т.б. тыйым салынған. Сол себепті олар кейін ешнәрсеге ебі жоқ адам болып шығады. Олар өздерінің «үй» балаларынан басқа екендігін сезінеді, өздерін дайын тамақтың иесімен деп санайды. Кейін олардың оқуды жалғастырып кетуі, жұмыс табуы және т.б. қиынға түседі.

Балалар үйі мен мектеп – интернат кеткен түлектер үшін заң алдында жауаптылық көтермейді, ал қамқорлықты өз мойнына алатын басқа ұйымдардың көрсетер көмегі шамалы. Осы аралықта кәмелетке толмағанның жолдан таюына қолайлы жағдай туады, ол өзінше шешім қабылдайды нәтижесінде оғаш қылықтар жасайды. Жалпы әлеуметтік деңгейдегі ерте алдын алу жұмысы ол кешенді және формальды емес жағдайды, барлық формалар, әдістер мен құралдар жан – жақты пайдаланылғанда ғана тиімділік береді.

Сонымен, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының жалпы әлеуметтік деңгейде алдын алудың басты бағыттарына мыналар жатады:

– Отбасының, қоғамның және мемлекеттің балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу жұмы-

сын қоғам өмірінің басқа салаларына қарағанда артықшылық пен жеңілдіктерді ең көп керек ететін сала ретінде кешенді, оның ішінде заң бойынша бөліп алу;

– кәмелетке толмағанның жеке басының қалыптасуына шешуші ықпал ететін ең маңызды да жетілген әлеуметтік институт ретінде ата-ана отбасын бірінші кезекте және жан-жақты нығайту;

– ата-ана отбасын жоғалтудан немесе оның қиын жағдайынан болған шығынды мемлекеттік және қоғамдық институттар аркылы балалар мен жасөспірімге толықтай және уақтылы өтеу, бұл ретте отбасындағы тәрбиеге неғұрлым жақын жағдай тудыру;

– тәрбие және алдын алу қызметтерін ведомстваларға бөлмеу;

– жас адамның шығармашылық еңбекке деген өз табиғи мұқтажығын сақтауына, ұдайы дамуына және толық іске асыруына жағдай жасау.

Заң шығарушы кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауы олардың психологиялық өсуі ерекшеліктерінен, қоршаған ортаның қылмыстекті жағдайының әсерінен, қамқорлыққа алынбауының салдарынан және тағы басқа факторлардың әсерінен пайда болады деген тұжырымынан шығады.

Осылайша, кәмелетке толмағандардың қоғамға қарсы қылмыстарын алдын алудың жұмысы – бұл күрделі теоретикалық және тәжірибелік мәселелер. Ең бастысы кәмелетке толмаған мағандардың қоғамға қарсы қылмыстарын алдын алудың жүйесін құру болып табылады.

Кәмелеттік жасқа толмағандар қылмысымен күрес – жалпы қылмыспен күресте, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуда үлкен орыналады. Сондықтан да, қылмыспен күрес шараларының қылмыстық-құқықтық тиімділігін көтеру – жас жеткіншектердің тәрбиесіне бағытталған күрес стратегиясы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Сартаев С.А. Кәмелетке толмағандардың санасының қалыптасу ерекшеліктері. Дисс. ... канд.юр.наук: 12.00.08. – Алматы.2009. – 67б.*
2. *Алауханов Е.О. Криминологические проблемы борьбы с корыстно – насильственными преступлениями. – Алматы, 2002. – 282с.*

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСС
УГОЛОВНЫЙ ПРОЦЕСС
CRIMINAL PROCEEDING**

УДК: 342.56:343.12
МРНТИ: 10.79.21

В.К. Аллахвердиева¹

*¹магистрант 2-го курса специальности 6М0300100 – Юриспруденция
Института истории и права*

Научный руководитель – Б.Х. Толеубекова

**СУБЪЕКТ РЕАЛИЗАЦИИ СУДЕБНОЙ ВЛАСТИ В ДОСУДЕБНОМ
ПРОИЗВОДСТВЕ ПО УГОЛОВНОМУ ДЕЛУ**

Аннотация

Вместе с принятием 04.07.2014г. нового Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан (далее – УПК РК), введенного в действие с 01.01.2015г., класс субъектов, уполномоченных осуществлять судебную власть, пополнился еще одним участником в лице следственного судьи. Основная функция, возлагаемая на следственного судью, состоит в реализации судебного контроля за досудебным производством. Прокурорский надзор за законностью предварительного расследования и дознания по ряду решений и действий был передан следственному судье. Вместе с тем, участие прокурора в процессе судебного контроля в досудебном производстве своей актуальности не потеряло.

Новая форма реализации судебной власти требует своего научного осмысления в целях формулирования рекомендаций по усовершенствованию уголовно-процессуального законодательства.

Ключевые слова: судебная власть, судебный контроль за досудебным производством, следственный судья, форма реализации судебной власти.

В.К. Аллахвердиева¹

*¹Тарих және құқық институтының 6М0300100 – құқықтану
мамандығының 2-курс магистранты*

Ғылыми жетекшісі – Б.Х. Толеубекова

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС БОЙЫНША СОТҚА ДЕЙІНГІ ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ СОТ БИЛІГІН
ІСКЕ АСЫРУ СУБЪЕКТІСІ**

Аңдатпа

04.07.2014 ж. қабылданып 01.01.2015 ж. күшіне енгізілген жаңа Қылмыстық процесстік кодексіні (бұдан әрі - ҚР ҚПК) сот билігін жүзеге асыруға уәкілетті субъектілердің, сыныбы, тағы бір тергеуші сот қатысушымен толықты. Судьяға, сот бақылауын жүзеге асыру негізгі функция тергеу арналған тапсырхатын тұрады сотқа дейін қолданылмайды. Алдын ала тергеу және анықтау заңдылығын прокурорлық қадағалау қатары бойынша тергеу судьяға шешімдері мен әрекеттеріне кері қайтарылған. Сонымен бірге, сотқа дейінгі іс жүргізуде соттың бақылау процесінде прокурордың қатысуы өз өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Жаңа Қылмыстық процесстік заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсынымдар тұжырымдау мақсатында сот билігінің іске асырудың нысаны өзінің ғылыми ойларды талап етеді.

Түйін сөздер: Сот билігі, сотқа дейін судья соттың бақылауы өндірумен, тергеу, сот билігінің іске асырудың нысаны.

V.K. Allakhverdiyeva¹
¹undergraduate of the 2nd course of specialty 6M0300100 – Law
Institute of history and right

The research supervisor – B.H. Toleubekova

THE SUBJECT OF REALIZATION OF JUDICIAL AUTHORITY IN PRE-JUDICIAL CRIMINAL PROCEEDINGS

Abstract

Together with acceptance of 04.07.2014 of the new Code of Criminal Procedure of the Republic of Kazakhstan (further – the Code of Criminal Procedure of RK) which is put into operation since 01.01.2015, the class of the subjects authorized to carry out judicial authority was replenished with one more participant in the person of the investigative judge. The main function assigned to the investigative judge consists in realization of judicial control of pre-judicial production. Public prosecutor's supervision of legality of preliminary investigation and inquiry on a number of decisions and actions was transferred to the investigative judge. At the same time, participation of the prosecutor in the course of judicial control in pre-judicial production of the relevance did not lose.

The new form of realization of judicial authority demands the scientific judgment for formulation of recommendations about improvement of the criminal procedure legislation.

Keywords: judicial authority, judicial control of pre-judicial production, investigative judge, form of realization of judicial authority.

Введение. Впервые понятие «судебная власть» вошло в терминологический оборот системы национального права Республики Казахстан вместе с принятием 30 августа 1995 года действующей Конституции. Согласно п.4 ст.3 Конституции РК (далее – КРК) государственная власть в Республике едина и осуществляется на основе принципа ее разделения на три ветви: законодательную, исполнительную и судебную. В развитие этого в КРК предусматривается следующее положение: «Судебная власть осуществляется посредством гражданского, уголовного и иных установленных законом форм судопроизводства». Это означает, что уголовный процесс – это форма судопроизводства, посредством которой реализуется судебная власть (п.2 ст.75). Для полноты понимания сущности субъекта производства имеют значение также иные положения, закрепленные в Основном законе страны. В числе таких положений мы усматриваем следующее:

– решения, приговоры и иные постановления судов имеют обязательную силу на всей территории Республики (п.3 ст. 76 КРК);

– принципы правосудия, установленные Конституцией, являются общими и едиными для всех судов и судей Республики (ст.77 КРК);

– арест и содержание под стражей допускаются только в предусмотренных законом случаях и лишь с санкции суда (ст.16 КРК).

Относительно последнего положения необходимо обратить внимание на то обстоятельство, что в результате второй конституционной реформы, проведенной 21 мая 2007 года, право санкционирования ареста и содержания под стражей, ранее предоставленное суду и прокурору, ныне оставлено только за судом.

Таким образом, суд обрел право санкционирования указанных выше мер пресечения с 21 мая 2007 года. Современная отраслевая регламентация установлена только с 1 января 2015 года.

Более глубокое развитие статус судьи получил в Конституционном законе РК «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан» от 25 декабря 2000 года. Согласно п.1 ст. 1 названного закона судебная власть принадлежит только судам в лице постоянных судей. Далее, в соответствии с п.1 ст.23 этого закона судья является «носителем судебной власти». Вместе с тем, термин «следственный судья» применяется только в УПК РК. В частности, в п.47 ст. 7 УПК РК дается следующее определение: «следственный судья – судья суда первой инстанции, осуществляющий предусмотренные настоящим Кодексом полномочия в ходе досудебного производства». Это обстоятельство представляется важным на том основании, что статус следственного судьи равнозначен статусу судьи при том, что понятие «следственный судья» не применяется в нормах КРК и Конституционного закона

РК «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан». Отсюда вытекает, что следственный судья – это полноправный субъект реализации судебной власти и тому подтверждением является Концепция правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года, в которой указывается в качестве приоритета необходимость «усиления процессуального судебного контроля» [1].

Как всякий иной субъект процессуально-правовых отношений, следственный судья наделен полномочиями, которые реализуются исключительно в досудебном производстве по уголовному делу. Эти полномочия, закрепленные в ст.55 УПК РК, по основанию характера и направленности действий и принимаемых решений, могут быть сгруппированы следующим образом: а) санкционирование мер процессуального принуждения; б) санкционирование производства отдельных следственных действий; в) рассмотрение вопросов, связанных с досудебным производством; г) выполнение иных полномочий предусмотренных законодательством. За исключением особенностей депонирования показаний потерпевшего и свидетеля, используемого непосредственно в главном судебном заседании при судебном следствии по делу, все полномочия ориентированы на решение задач досудебного расследования. Во взаимосвязи с изложенным представляет интерес такой аспект, как влияние принципов уголовного процесса на статус следственного судьи.

Так, принципы осуществления правосудия только судом (ст.11 УПК РК), судебной защиты прав и свобод человека и гражданина (ст.12 УПК РК), презумпция невиновности (ст.19 УПК РК), недопустимость повторного осуждения и уголовного преследования (ст.20 УПК РК), осуществления правосудия на началах равенства перед законом и судом (ст.21 УПК РК), осуществ-

ление судопроизводства на основе состязательности и равноправия сторон (ст.23 УПК РК), всестороннее, полное и объективное исследование обстоятельств дела (ст.24 УПК РК) не могут быть применены непосредственно к следственному судье в силу того, что они определяют правовые основы статуса судьи и не охватывают собой статус следственного судьи. Кроме того, отдельные принципы лишь частично могут быть применимы к следственному судье. К таким принципам мы относим, например, независимость судьи (ч.3 ст.22 УПК РК) о том, что гарантии независимости судьи установлены Конституцией РК и законом (части 1 и 2 ст. 22 УПК РК посвящены независимости судьи при отправлении им правосудия, что не входит в полномочия следственного судьи.

С учетом того, что принципы уголовного процесса носят всеобщий характер, представляется, что в принципах, ориентированных непосредственно на правила отправления правосудия, целесообразно включить гарантии их соблюдения также следственным судьей. Однако и здесь имеет место определенный спорный момент.

Дело в том, что большинство исследователей склонны считать, что судопроизводство – это не только судебные стадии, но и в целом производство в уголовно-процессуальном смысле. Иными словами, судопроизводством можно называть деятельность уполномоченных органов от начала досудебного расследования до обращения приговора к исполнению. Непосредственная деятельность суда в рамках общего понятия «судопроизводство» – это уже иное обозначение: отправление правосудия. Отсюда, экстраполяция принципов, лежащих в основе судопроизводства, на сферу деятельности следственного судьи является вполне правомерной.

Список использованной литературы:

- 1. Концепция правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года//Каз. Правда, 24 августа 2009г.(с изменениями и дополнениями на 01.01.2018г.)*

УДК 343.12

МРНТИ: 10.79.47

С.Аманов¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, Құқықтану кафедрасының
6М030100 – құқықтану мамандығының 1-курс магистранты, Алматы, Қазақстан

СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУ САТЫСЫНЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы – өз алдына жеке стадия, 2015 жылдың 1 қаңтарына дейін бұл стадия қылмыстық істі қозғау стадиясы болып аталып келді. Тергеп тексерудің толық болуы үшін заңмен реттелген сотқа дейінгі іс жүргізу барысында құқықта қолданылатын арнайы терминдердің ұғымдарын анықтап, ажырата білу маңызды.

«Алдын ала тергеп-тексеру» және «алдын ала тергеу» ұғымдарын ажырата білу аса маңызды. Алдын ала тергеп-тексеру – бұл анықтауды жүзеге асыратын тұлғаның, анықтау органының, тергеушінің, сондай-ақ прокурордың процессуалдық қызметі. Осыған орай автор өз мақаласында аталған сатының жеке саты екендігіне және де аталған сатының жалпы шарттарына толыққанды тоқталып өтеді.

Түйін сөздер: сотқа дейінгі тергеп-тексеру, стадия, процестік әрекеттер, алдын ала тексеру, жалпы шарттар.

С. Аманов¹

¹Магистрант 1 курса специальности 6М030100 – Юриспруденция Института
истории и права КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

Научный руководитель: Э.П. Кенжибекова

*К.ю.н., ст.преподаватель кафедры Юриспруденции Института истории и права
КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан
e-mail: danaestai@mail.ru*

ОБЩИЕ УСЛОВИЯ СТАДИИ ДОСУДЕБНОГО ПРОИЗВОДСТВА

Аннотация

Начало досудебного расследования – отдельный этап уголовного процесса. До 1 января 2015 года, этот этап назывался стадией возбуждения уголовного дела. Для полного расследования важно различать специальные термины, используемые в законодательстве в ходе досудебного производства, регулируемого законом.

Важно различать понятие «предварительное следствие» и «предварительное расследование». Предварительное расследование - это процессуальная деятельность лица, ведущего расследование: органа дознания, следователя и прокурора. В этой связи мы полагаем, что он является отдельным этапом.

Ключевые слова: досудебное производство, стадия, следственные действия, предварительное расследование, общие условия

S.Amanov¹

¹Undergraduate 1 course specialty 6M030100 - Law of the Institute of History and Law
KazNPU named after Abai, Almaty, Kazakhstan

*Scientific adviser: E.P. Kenjibekova Ph.D., senior lecturer of the Department of Criminal Law Disciplines
of the Institute of History and Law of KazNPU named after Abay, Almaty, Kazakhstan e-mail: danaestai@
mail.ru*

GENERAL TERMS AND CONDITIONS OF THE PROCEDURE PRODUCTION STAGE

Abstract

The beginning of the pre-trial investigation is a separate stage of the criminal process, until January 1, 2015, this stage was called the stage of initiation of a criminal case. For a full investigation, it is important to distinguish between special terms used in law during pre-trial proceedings regulated by law.

It is important to distinguish between the concept of "preliminary investigation" and "preliminary investigation". A preliminary investigation is the procedural activity of the person conducting the investigation, the inquiry body, the investigator and the prosecutor. In this regard, the author further says that he is a separate stage of the stage mentioned in his article and the general conditions of this stage.

Keywords: pre-trial proceedings, stage, investigative actions, preliminary investigation, general conditions, evidence, criminal procedure, case action.

Кіріспе. Қылмыстық процестік кодексте «сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы» сол сияқты «сотқа дейінгі тергеп-тексеру» деген ұғымдардың түсінігі берілмеген. Дегенменде, заң шығарушы «сотқа дейінгі іс жүргізу» деген ұғымға түсінік береді.

ҚР ҚПК 7 бабының 41 бөлігіне сәйкес сотқа дейінгі іс жүргізу – қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталғаннан бастап оны прокурор мәні бойынша қарау не іс бойынша іс жүргізуді тоқтату үшін сотқа жібергенге дейін іс бойынша іс жүргізу, сондай-ақ жекеше айыптаушының және қорғаушы тараптың қылмыстық іс бойынша материалдар дайындауы.

Осылайша, сотқа дейінгі іс жүргізу мыналарды қамтиды: сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы; сотқа дейінгі тергеп-тексеру; жекеше айыптаушының және қорғаушы тараптың қылмыстық іс бойынша материалдар дайындауы; күдіктінің іс-әрекетінің саралануын айқындау; сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін адамның айыптау актісін жасауы.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру бастапқы және қорытынды бөліктерді қамтиды:

– бастапқы бөлік екі фактормен айқындалады: а) қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабардың сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінші тізілімінде бұдан әрі – (СДТБТ) тіркелуі, бұндай тіркелудің жылын, айын, күнін және сағатын дәл көрсете отырып; б) бірінші кезек күттірмейтін тергеу әрекетінің жүргізілу уақыты, хаттамада жүргізілген әрекеттің жылын, айын, күнін және сағатын дәл көрсете отырып;

– қорытынды бөлік төрт фактормен айқындалады: а) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін адамның жасаған айыптау актісін прокурордың бекітуі; б) прокурордың қылмыстық теріс қылықтар туралы хаттаманы бекітуі (іс бойынша іс жүргізу қылмыстық теріс қылық туралы хаттама нысанында болған жағдайда);

в) прокурордың айыпталушыны сотқа беру туралы қаулы шығаруы және қылмыстық істі соттылығы бойынша сотқа жіберуі; г) іс бойынша іс жүргізуді тоқтату.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру бастапқы бөлігі сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы болып табылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы – өз алдына жеке стадия, 2015 жылдың 1 қаңтарына дейін бұл стадия қылмыстық істі қозғау стадиясы болып аталып келді.

Тергеп тексерудің толық болуы үшін заңмен реттелген сотқа дейінгі іс жүргізу барысында құқықта қолданылатын арнайы терминдердің ұғымдарын анықтап, ажырата білу маңызды.

«Алдын ала тергеп-тексеру» және «алдын ала тергеу» ұғымдарын ажырата білу аса маңызды.

Алдын ала тергеп-тексеру – бұл анықтауды жүзеге асыратын тұлғаның, анықтау органының, тергеушінің, сондай-ақ прокурордың процессуалдық қызметі. Бұл қызмет сотқа дейінгі тергеп тексерудің басталуынан тергеушінің айыптау актісін жасауына дейін жүргізіледі [1, 120 б.]. Алдын ала тергеп-тексеру – «сотқа дейінгі іс жүргізу» терминінің синонимі болып табылады.

Алдын ала тергеу – сотқа дейінгі тергеп-тексеру стадиясы жүргізілетін негізгі процессуалдық нысан. Алдын ала тергеу сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталғаннан кейін дереу басталады. Бұл, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау стадиясының аяқталуы, келесі стадияға – сотқа дейінгі тергеп-тексеру стадиясына ауысады дегенді білдіреді.

ҚР ҚПК «алдын ала тергеу» термині «сотқа дейінгі тергеп-тексеру» терминімен қатар қолданылады (мысалы, ҚР ҚПК 196 бабы).

Негізгі бөлім. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысының жалпы шарттары дегеніміз – бүкіл қылмыстық процестің барысын қалыптастыратын, реттейтін, жүйелейтін және жүргізудің

процесуалдық тәртібін анықтайтын ережелердің жиынтығын айтамыз.

Ол жөнінде ҚР ҚПК-нің 24 тарауында 187 – 201 баптар аралығында айтылады. Дәлірек келер болсақ, оларға тергеулік, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілетін жер, сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысандары, сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру, анықтау нысанында және хаттамалық нысанда жүргізілетін сотқа дейінгі тергеп-тексеру, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімі, прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы өкілеттіктері, тергеу, жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуі, топ жетекшісінің өкілеттіктері, анықтау органдарының алдын ала тергеу жүзеге асырылатын істер бойынша қызметі, тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы қағидалары, сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында шығарылатын қаулылар, тергеу әрекеттерінің хаттамасы, қылмыстық құқықбұзушылықтар және басқа да құқықбұзушылықтар жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөніндегі ұсыныстар жасау, сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жария етуге жол бермеу сияқты жалпы шарттар қарастырылған [2, 109 б.].

Тергеулік дегеніміз (тергелу реті) – болған қай қылмыстық құқықбұзушылық қандай органның қарауына жататындығын анықтайтын белгілердің жиынтығын айтамыз. Ол жөнінде қылмыстық іс жүргізу заңының 187 бабында қарастырылған.

Жалпы тергеулікті анықтаудың төрт белгісі бар. Олар: тектік белгі (предметно-родовой признак), ол қылмыстарды саралауға байланысты анықталады; қылмыстық құқықбұзушылықтың анықталған орны бойынша анықталады; қылмыстық құқықбұзушылықты жасаған субъектіге байланысты анықталады; қылмыстық құқықбұзушылықтың аралас белгісі бойынша анықталады.

Осы жоғарыда аталған белгілер бойынша ҚР Қылмыстық кодексінде көзделген қылмыстар бойынша, егер олар ұрыс жағдайында жасалса, алдын ала тергеуді Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тергеушілері жүргізуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің өзге баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша мынадай органдар жүзеге асырады, егер оларды тергеп-тексеру ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеулігіне жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша алдын ала тергеу жүргізумен тікелей байланысты болса және қылмыстық істі жеке іс жүргізуге бөліп алу мүмкін болмаса, алдын ала тергеуді ұлттық қа-

уіпсіздік органы жүргізуі мүмкін. ішкі істер органдарының тергеушілері жүргізеді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет тергеушілері жүргізуі мүмкін, экономикалық тергеу қызметінің тергеушілері жүргізеді, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ішкі істер органдары немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жүргізеді.

Түрлі алдын ала тергеу органдарының тергеулігіне жататын қылмыстық істерді бір іс жүргізуге біріктірген кезде тергеулікті прокурор айқындайды.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілетін орын қылмыстық құқық бұзушылық жасалған ауданда (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) жүргізіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жедел және толық болуы мақсатында ол қылмыстық құқық бұзушылық анықталған орын бойынша, сондай-ақ күдікті немесе куәлардың көпшілігі тұратын жерде жүргізілуі мүмкін.

Тергеу әрекеттерін басқа ауданда (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) жүргізу қажет болған жағдайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам оларды жеке өзі жүргізуге не бұл әрекеттерді жүргізуді сол ауданның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) тергеушісіне немесе анықтау органына тапсыруға құқылы. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жасырын тергеу әрекеттерін немесе іздестіру іс-шараларын жүргізуді сотқа дейінгі тергеп-тексеру орнындағы немесе олар жүргізілетін жердегі анықтау органына тапсыра алады. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуді қоспағанда, тапсырма он тәуліктен аспайтын мерзімде орындалуға тиіс.

Ғалым профессорлардың Б.Х. Толеубекова, Б.К. Шнарбаев Б.К., К.Ж. Капсалямов, Д.К. Канафиндердің пікірлерінше тергеушінің, прокурордың тергеу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмаларын орындаған кезде анықтау органының қызметкері тергеушінің өкілеттіктерін пайдаланады [3, 43 б.] деп атап көрсеткен.

Алдын ала тергеу нысанындағы сотқа дейінгі тергеп-тексеру осы Кодекстің 32-бабының екінші бөлігінде көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істерді қоспағанда, осы Кодекстің 187-бабында көрсетілген қылмыстар бойынша кәмелетке толмағандар немесе дене бітімінің немесе психикасының кемістіктеріне байланысты өзінің қорғалу құқығын өздері жүзеге асыра алмайтын адамдар жасаған барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша, сон-

дай-ақ қылмыс жасады деп күдік келтірілген адам белгісіз болған анықтау істері бойынша жүзеге асырылады.

Анықтау органының бастығы қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша, осы Кодекстің 526-бабында белгіленген мерзімдерде іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлардың толық және жан-жақты анықталуын қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда, бір тәулік ішінде прокурорды хабардар ете отырып, анықтау тағайындауға құқылы.

Анықтау органының бастығы осы Кодекстің 192-бабының екінші бөлігінде белгіленген мерзімде істің мән-жайының жеткілікті және толық зерттелуін қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайларда да алдын ала тергеу жүргізуді тағайындауға құқылы.

Қылмыстық қудалау органы осы Кодекстің 191-бабының он алтыншы – жиырма төртінші бөліктерінде көзделген қылмыстық теріс қылықтар бойынша хаттамалық нысанда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізеді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуді келесі бір жалпы шарты ол сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру. Хаттамалық нысандағы істерді қоспағанда, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жеделдетілген тәртіппен аяқталуы мүмкін.

Онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар, сондай-ақ ауыр қылмыстар бойынша, егер жиналған дәлелдемелермен қылмыс фактісі мен оны жасаған адам, оның өз кінәсін толық мойындағаны, келтірілген залал (зиян) мөлшерімен (сомасымен) келіскені анықталса, бұл жөнінде күдіктіні хабардар ете отырып және оған бұл шешімнің құқықтық салдарын түсіндіре отырып, сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру жүргізілуі мүмкін.

Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тергеу он бес тәулік ішінде аяқталуға тиіс. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың мән-жайларын анықтайды және күдіктінің оны жасауға қатысқанын растайтын дәлелдемелерді жинайды.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тек нәтижелері қылмыстық құқық бұзушылық іздерін және күдікті, айыпталушы кінәсінің өзге де дәлелдемелерін ресімдейтін тергеу әрекеттерін және өзге де процестік әрекеттерді ғана жүргізуге құқылы. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру: 1) олардың ішінде біреуі болса да аса ауыр болып табылған жағдайда, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығына қатысты;

2) сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін адамдарға қатысты; 3) қылмыстық қудалаудан артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдарға қатысты; 4) қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылардың біреуі болса да өз кінәсін мойындамаған жағдайда; 5) кәмелетке толмағандар немесе дене бітімінің немесе психикасының кемістіктеріне байланысты өзінің қорғалу құқығын өздері жүзеге асыра алмайтын адамдар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша қолданылмайды.

Прокурор сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін айыптау актісімен бірге қылмыстық істі ала отырып, ол бойынша үш тәуліктен кешіктірмей мына әрекеттердің бірін жүргізеді: айыптау актісін бекітеді және қылмыстық істі сотқа жібереді; істі анықтау не алдын ала тергеу жүргізу үшін жібереді; жекелеген күдіктілерге қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді немесе қылмыстық қудалауды тоқтату туралы қаулы шығарады.

Анықтау нысанында және хаттамалық нысанда жүргізілетін сотқа дейінгі тергеп-тексеру мына төмендегі көрсетілген баптар бойынша жүргізіледі. Құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес және анықтау материалдары істі сотта қарау үшін негіз болып табылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімі бұл да маңызды жалпы шарттардың бірі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру қылмыстық істің күрделілігі, тергеу әрекеттерінің көлемі және істің мән-жайларын зерттеудің жеткіліктілігі ескеріле отырып, қисынды мерзімде, бірақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде белгіленген қылмыстық қудалаудың ескіру мерзімінен аспайтын мерзімде аяқталуға тиіс.

Қылмыстық сот ісін жүргізудің қисынды мерзімін айқындаған кезде қылмыстық істің құқықтық және нақты күрделілігі, сотқа дейінгі іс жүргізуге қатысушылардың процестік құқықтарды іске асыруы, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өз өкілеттіктерін сотқа дейінгі іс жүргізуді уақтылы жүзеге асыру мақсатында іске асыру тәсілі сияқты мән-жайлар ескеріледі

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі туралы С.К. Журсимбаев мырза өз ойын былай білдіреді: «арыз бен хабарды сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде тіркеген кезден бастап қылмыстық іс айыптау актісімен немесе істі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселені қарау үшін сотқа беру туралы қаулымен прокурорға жі-

берілген күнге дейін не іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы шығарылған күнге дейін есептеледі» [4, 17 б.] деп атап көрсетеді.

Анықтау істері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру бір айдан және алдын ала тергеу істері бойынша екі айдан аспауға тиіс.

Қылмыстық іс жүргізу заңында көрсетілген мерзімге қылмыстық процеске қатысушылардың қылмыстық іс материалдарымен танысу уақыты, сондай-ақ күдіктінің, жәбірленушінің шағымы бойынша қылмыстық істің сотта және прокуратурада болған уақыты кірмейді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін тергеушінің, анықтау органы бастығының уәжді өтінішхаты бойынша: істің күрделілігіне байланысты аудандық және оған теңестірілген прокурор – қисынды, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге; істің ерекше күрделілігіне байланысты немесе қылмыстық істің материалдарын қылмыстық қудалауды жалғастыру үшін шет мемлекетке жіберу туралы мәселені шешу кезінде – облыс прокуроры мен оған теңестірілген прокурор және олардың орынбасарлары қисынды, бірақ он екі айдан аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін одан әрі ұзартуға айрықша жағдайларда ғана жол беріледі және оны Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, оның орынбасарлары қисынды, бірақ осы баптың бірінші бөлігінде белгіленгеннен аспайтын мерзімге жүзеге асыра алады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімін ұзарту туралы қаулыны тергеу бөлімінің, анықтаудың бастығы, прокурор ауданның, облыстың прокурорына және оларға теңестірілген прокурорларға сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі аяқталардан – бес тәуліктен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына, оның орынбасарларына – он тәуліктен кешіктірмей ұсынуға міндетті.

Прокурор істі қосымша тергеп-тексеру үшін қайтарған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеру прокурор белгілеген, бірақ іс қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын адамға келіп түскен кезден бастап бір айдан аспайтын мерзімде жүргізіледі. Мерзімді одан әрі ұзарту жалпы негіздерде және осы бапта көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Күдікті, жәбірленуші тергеп-тексерудің негізсіз созылуына шағым жасауға және қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын адамның оның барысында істі тергеп-тексеруді толық көлемінде аяқтауына қажетті белгілі бір мерзімді белгілеу туралы өтінішхатты прокурорға мәлімдеуге немесе осы Кодексте көзделген тәртіппен сотқа шағым жасауға құқылы.

Тергеу, жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуі – ол іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру ол күрделі немесе үлкен көлемді болған жағдайда тергеушілер және анықтау органының қызметкерлері тобына (тергеу, жедел-тергеу тобына) тапсырылуы мүмкін, бұл туралы қаулы шығарылады. Бұл туралы шешімді тергеу бөлімінің немесе анықтау органының бастығы қабылдауға құқылы. Қаулыда тергеп-тексеру жүргізу тапсырылған барлық тергеушілер, анықтау органының қызметкерлері, оның ішінде топ жетекшісі – тергеуші көрсетілуге тиіс.

Күдікті, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері тергеушілер, анықтау органының қызметкерлері тобының тергеп-тексеретіні туралы қаулымен танысуға тиіс және оларға осы топ жетекшісіне, сондай-ақ топ құрамындағы кез келген тергеушіге, анықтау органының қызметкеріне қарсылық білдіру құқығы түсіндіріледі.

Топқа сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын бірнеше органның тергеушілері, анықтау органының қызметкерлері кіруі мүмкін. Мұндай топты құру туралы шешім прокурордың нұсқауы бойынша да, тергеу бөлімі немесе анықтау органы бастықтарының бастамасы бойынша да қабылдануы мүмкін. Мұндай шешім осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген талаптарды сақтай отырып шығарылатын бірлескен қаулымен ресімделеді.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, оның орынбасары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар айрықша жағдайларда тергеп-тексерудің толық және объективті болмау фактілері, істің күрделілігі мен маңыздылығы анықталған кезде прокурорлар, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын бір немесе бірнеше органның тергеушілері мен жедел қызметкерлері арасынан топ құра алады, бұл ретте прокурорды осы топтың жетекшісі етіп тағайындап, бұл шешімді өз қаулысымен ресімдейді.

Анықтау органдарының алдын ала тергеу жүзеге асырылатын істер бойынша қызметі дейді М. Амиров алдын ала тергеудің жүзеге асырылуы қажет қылмыс белгілері болған жағдайда, анықтау органы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға және қылмыс іздерін анықтау және бекіту бойынша кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін: қарап-тексеруді, тінтуді, алуды, куәландыруды, күдіктілерді ұстап алу мен олардан жауап алуды, жәбірленушілер мен куәлардан жауап алуды және басқа да тергеу әрекеттерін жүргізуге құқылы.

Анықтау органы анықталған қылмыстық құқық бұзушылық және сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы прокурорды дереу хабардар етеді [5, 65-67 бб.].

Кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін орындағаннан кейін, бірақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған күннен бастап бес тәуліктен кешіктірмей, анықтау органы тергеулігі туралы мәселелер болмаған ретте бұл туралы жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорды жазбаша хабардар ете отырып, істі дәл осы органның тергеушісіне беруге міндетті. Қалған жағдайларда қылмыстық іс тергеулігін айқындау үшін прокурорға беріледі.

Істі тергеушіге бергеннен кейін анықтау органы ол бойынша тергеу әрекеттерін, жасырын тергеу әрекеттерін, сондай-ақ іздестіру шараларын тек тергеушінің тапсырмасы бойынша ғана жүргізе алады. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды табу мүмкін болмаған істі тергеушіге берген жағдайда, анықтау органы тергеушіні нәтижелері туралы хабардар ете отырып, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды анықтау үшін іздестіру шараларын қолдануға міндетті.

Қорытынды. Тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы қағидалары. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам заңда көзделген тергеу әрекеттеріне қатысуға адамдарды тарта отырып, олардың жеке басына көз жеткізеді, оларға құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ тергеу әрекетін жүргізу тәртібін түсіндіреді. Кейінге қалдырылмайтын жағдайларды қоспағанда, тергеу әрекетін түнгі уақытта жүргізуге жол берілмейді. Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде ғылыми-техникалық құралдар қолданылуы және қылмыстық құқық бұзушылықтың іздері мен заттай дәлелдемелерді анықтаудың, тіркеу мен алудың ғылыми негізделген тәсілдері пайдаланылуы мүмкін.

Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде азаптауға, зорлық-зомбылық көрсетуге, қорқытуға және өзге де заңсыз шараларды, қатыгез қарым-қатынасты қолдануға, сол сияқты оған қатысатын адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруге жол берілмейді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тергеу әрекеттеріне қылмыстық қудалау органының басқа да қызметкерлерін тартуға құқылы.

Ғылыми-техникалық тіркеу құралдары болмаған немесе оларды қолдану мүмкін болмаған жағдайда, тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде куәгерлер тартылады. Әрекеттердің барысы мен

нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралдарды қолдану тәртібін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры тиісті мемлекеттік органдармен келісу бойынша айқындайды.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында шығарылатын қаулылар. Қылмыстық іс жүргізу заңына сай қандай да бір процестік шешімді қабылдау кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қаулы шығарады, онда оның жасалған орны мен уақыты, осы адамның тегі және лауазымы, қабылданатын шешімнің мәні мен негіздері, олардың негізінде қаулы шығарылған осы Кодекстің баптары көрсетіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізудің келесі бір шарты ол тергеу әрекеттерінің хаттамалары болып табылады. Тергеу әрекетінің хаттамасы тергеу әрекетін жүргізу барысында немесе ол аяқталған бойда жасалады.

Хаттама қолмен жазылуы, машинкамен не компьютермен басу тәсілі арқылы жасалуы мүмкін. Хаттаманың толық болуын қамтамасыз ету үшін стенографиялау, киноға түсіру, дыбыс және бейнежазба немесе өзге де ғылыми-техникалық құралдар қолданылуы мүмкін. Стенографиялық жазба, дыбыс және бейнежазба материалдары немесе өзге де ақпарат жеткізгіштер хаттамаға қосып тігіледі және іспен бірге сақталады.

Хаттамада: тергеу әрекетін жүргізу орны мен күні; оның басталу және аяқталу уақыты минутына дейінгі дәлдікпен; тергеу әрекетін жүргізген адамның лауазымы мен тегі, тергеу әрекетіне қатысқан әрбір адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі.

Хаттамада процестік әрекеттер олардың болған ретімен, оларды жүргізу кезінде анықталған іс үшін елеулі мән-жайлар, сондай-ақ адам құқықтары да тиісті деңгейде құрметтеліп сақталуы тиіс. Тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан адамдардың мәлімдемелері жазылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тергеу әрекетінің хаттамасында жәбірленушінің, оның өкілінің, сондай-ақ куәлардың (куәгерлердің) жеке басы туралы деректерді келтірмейді, қорғалатын адам өзі қатысатын тергеу әрекеттерінің хаттамаларында таңдайтын адамның бүркеншік аты мен қоятын қолын қолданады.

Егер тергеу әрекетін жүргізу кезінде фотосуретке түсіру, киноға түсіру, дыбыс- және бейнежазба немесе өзге де ғылыми-техникалық құралдар қолданылса не іздің баспа-таңбалары мен бедерлері әзірленсе, сызбалар, схемалар, жоспарлар жасалса, онда хаттамада сондай-ақ оны жүргізу барысында қолданылған ғылыми-

техникалық құралдар, оларды пайдалану талаптары мен тәртібі, осы құралдар қолданылған объектілер және алынған нәтижелер көрсетілуге тиіс. Хаттамада бұған басқа ғылыми-техникалық құралдарды қолданудың алдында бұл туралы тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан адамдардың хабардар етілгені аталуға тиіс.

Хаттамаға тергеу әрекетін жүргізу кезінде орындалған фотографиялық негативтер мен суреттер, кинотаспалар, диапозитивтер, фонограммалар, бейнежазба кассеталары, өзге ақпарат жеткізгіштер, сызбалар, жоспарлар, схемалар, іздің баспа-таңбалары мен бедерлері қоса тіркеледі. Егер тергеу әрекетін жүргізу барысында маман өз зерттеу нәтижелері бойынша ресми құжат жасаса, осы құжат хаттамаға қоса тіркеледі, бұл туралы хаттамаға тиісті жазба жасалады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар және басқа да заң бұзушылықтар жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөніндегі ұсыну.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам өте сауатты болуы тиіс деп Р.С. Белкин «профессия следователь» деген еңбегінде толыққанды тоқталып өткен. Яғни қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде қылмыстық құқық, бұзушылық жасауға ықпал еткен мән-жайларды

анықтай отырып, тиісті мемлекеттік органдарға, ұйымдарға немесе онда басқарушылық функцияларды орындайтын адамдарға осы мән-жайларды немесе басқа да заң бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар қолдану туралы ұсыну енгізуге құқылы.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жария етуге жол бермеу.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректері жария етілмеуге тиіс. Олар, егер бұл тергеп-тексеру мүдделеріне қайшы келмесе және басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға байланысты болмаса, прокурордың рұқсатымен қандай көлемде жария ету мүмкін деп танылса, сол көлемде жария етілуі мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қорғаушыға, куәларға, жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге немесе олардың өкілдеріне, сарапшыға, маманға, аудармашыға, куәгерлерге және тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде қатысқан басқа да адамдарға өзінің рұқсатынсыз істегі мәліметтерді жария етуге жол берілмейтіні туралы ескертеді, бұл туралы көрсетілген адамдардан жауаптылық туралы ескертіле отырып қолхат алынады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Савицкий В.М., Ларин А.М. Уголовный процесс: Словарь-справочник. – М.:РАН, 1999.
2. Налибаев М.Н. Проблемные вопросы организации расследования в деятельности следователя /Автореф... к.ю.н. – Караганда, 2010.
3. Б.Х. Толеубекова, Б.К. Шнарбаев Б.К., К.Ж. Капсалямов, Д.К. Канафин. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Часть Особенная. Досудебные стадии: Учебник. – Алматы НИИ-РИО Академия МВД Республики Казахстан, 2002. – 270 с.
4. Журсимбаев С.К. Актуальные проблемы обеспечения прокурором прав и свобод человека и гражданина на досудебных стадиях уголовного процесса / Автореф... к.ю.н. (12.00.09). – Алматы, 2000. – 38 с.
5. Амиров М. Проблемные вопросы, связанные с регистрацией и расследованием уголовных правонарушений, граничащих с гражданско-правовыми отношениями // Заңгер, №11(172), 2015г. – С.65 - 67.

УДК 343.13
МРНТИ: 10.79.45

С.Мейранов¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, Құқықтық пәндер кафедрасының 6М030100 – құқықтану мамандығының 1-курс магистранты, Алматы, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетешісі: Э.П. Кенжибекова

*Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, Құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.к., Алматы, Қазақстан Республикасы
e-mail: danaestai@mail.ru*

СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІ ТОҚТАТУДЫҢ ПРОЦЕСУАЛДЫҚ САЛДАРЛАРЫ

Аңдатпа

Іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтата тұру және сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу жөнінде қылмыстық процесулдық заңнамада айқын көрсетілген.

Айыпталушы ретінде жауапқа тартуға жататын адамның анықталмауымен байланысты іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру – ол белгілі бір негіздерге орай жүзеге асырылады. Бұл негіз бойынша алдын ала тергеуді тоқтата тұру қылмыс оқиғасы анықталып, бірақ қоғамдық қауіпті әрекетті жасаған тұлға анықталмаған жағдайларда жүзеге асады. Басқа сөзбен айтқанда қылмыс белгілері анықтағанда, қылмыс әрекеттің болуы дәлелденген, ал кім жасағандығы, анықталмаған. Оқымыстылардың мәліметтері бойынша тоқтатылған істердің жалпы санының 72 пайызы айыпталушы ретінде жауапқа тартылуға жататын адамның анықталмауымен байланысты тоқтатылады деп көрсетеді..

Түйін сөздер: айыпталушы, күдікті, қылмыстық қудалау, алдын ала трегеу.

С. Мейранов¹

¹Магистрант 1 курса специальности 6М030100 – Юриспруденция Института истории и права КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

Научный руководитель: Э.П. Кенжибекова

*К.ю.н., ст.преподаватель кафедры Юриспруденции Института истории и права КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан
e-mail: danaestai@mail.ru*

ПРОЦЕССУАЛЬНЫЕ ПОСЛЕДСТВИЯ ПРИОСТАНОВЛЕНИЯ ДОСУДЕБНОГО ПРОИЗВОДСТВА

Аннотация

В уголовно-процессуальном законе определены основания приостановления судопроизводства и прерывания досудебного расследования по делу. Приостановление разбирательства по неустановленному лицу, которое подлежит привлечению в качестве обвиняемого осуществляется в каждом конкретном случае.

Приостановление предварительного расследования осуществляется в случаях обнаружения преступления, но лицо, совершившее общественно опасный акт, не было идентифицировано. Другими словами, когда дело доходит до обнаружения преступлений, доказано, что преступление было совершено, а субъект, не был определен. По мнению многих ученых 72 % приостановленных дел от общего числа связано с неустановлением лица подлежащее к привлечению в качестве обвиняемого.

Ключевые слова: обвиняемый, подозреваемый, уголовное преследование, предварительное расследование.

S.Meyranov¹

*¹Undergraduate 1 course specialty 6M030100 - Law of the Institute of History and Law
KazNPU named after Abai, Almaty, Kazakhstan*

Scientific adviser: E.P. Kenzhibekova

*Candidate of Law, Senior Lecturer, Department of Law, Institute of History and
Law, Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan*

e-mail: danaestai@mail.ru

PROCEDURAL CONSEQUENCES OF THE SUSPENSION OF ANALYZABLE PRODUCTION

Abstract

The criminal procedure law accurately describes the suspension of proceedings and the interruption of pre-trial investigation of the case. The suspension of the proceedings on an unidentified person who is to be charged as a charge is carried out in each specific case.

The suspension of a preliminary investigation on this basis is carried out in cases of detection of a crime, but the person who committed the socially dangerous act was not identified. In other worcharged as a charge is carried out in each specific case.

The suspension of a preliminary investigation on this basis is carried out in cases of detection of a crime, but the person who committed the socially dangerous act was not identified. In other words, when it comes to detecting crimes, it is proved that the crime was committed, and who did it was not determined. According to the data, 72 percent of the total number of dismissed cases cease to be associated with an unidentified person who is being held as a defendant.

Keywords: accused, suspect, time limit, procedural law, basis, prosecution, preliminary investigation, general conditions, evidence, criminal justice.

Кіріспе. Қазіргі таңдағы баршамыз өмір сүріп отырған қоғам, құқықтық мемлекет құру жолында. Құқықтық мемлекетте заңның үстем болатындығы барлығымызға белгілі. Яғни Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілген әрбір адам және азаматтың, құқықтары мен бостандықтарының сақталуын, өмірлері мен заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етуде заңның үстемдігінің қосар үлесі шексіз. Яғни, осыған орай негізгі заңымыз ҚР Конституциясында 12 бап 1-ші бөлігі «Адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі» деп көрсетілген [1].

Қылмыстық процесте өз кезегінде айыпталушы деген қатысушы бар. Айыпталушы – бұл өз тарапынан қылмыстық құқық бұзушылық жасалғаны туралы куәлік беретін жеткілікті мәліметтер жиналған адам.

Заңға сәйкес айыпты болып мойындалатын адамға қатысты: прокурор айыптау актісін бекіткен; прокурор қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы бекітілген және қылмыстық істі қылмыстық заңның тиісті бабы (баптары) бойынша сотқа жіберу туралы шешім қабылданған; сотқа дейінгі терген терсеру процесін келісім жасау арқылы аяқталған адам айыпталушы болып танылады.

Оған қатысты сот талқылауы дайындалған, ал жекеше айыптау істері бойынша оған қатысты шағымды сот өзінің іс жүргізуіне қабылданған айыпталушы сотталушы деп аталады. Ал оған қатысты айыптау үкімі шығарылған сотталушы сотталған адам деп аталады. Оған қатысты ақтау үкімі шығарылған айыпталушы ақталған адам деп аталады.

Сөлай етіп, (айыпталушы) түсінігімен заң сотталушыны, сотталғанды және ақталған-сотталушыны, сотталғанды және ақталған адамдарды қамтиды [2, 95 б.].

Айыпталушы қылмыстық процестегі ортақ фигура. Қолданыстағы процестік заңымызда айыпкер немесе айыпталушы деген сөз әржерде кездеседі. Ал айыпталушыны жауапқа тарту деген тіпті де жоқ. Тек қана сезікті, күдікті деп көрсетілген. Жалпы күдікті деп тану және оның әрекетін саралау жөнінде қаулы шығару керек, брақ ол жерде айыпталушы туралы айтылмайды. Жаңа заңымыз бойынша айыпталушының процесуалдық жағдайы жойылған. Бұл қазіргі кездегі іс жүргізу тәртібіне қайшы деп уақытында Е.Е. Ерешев атап кеткен болатын [3, 4 б.].

Кінәсіздік презумциясы принципі айыпталушынының құқықтық жағдайы үшін маңыз-

ды болып табылады. Сот, прокурор, тергеуші, анықтаушы заңда тиым салынбаған барлық амалдарымен қорғануға мүмкіншілік қамтамасыз етуге міндетті, сонымен қатар айыпталушыға өзінің кінәсіздігін дәлелдеуді оған жүктеуге және айыптаушының өзін өзі айыптауға мәжбүрлейтін шараларға жол бермеуі тиіс.

Айыпталушы күдікті үшін заңда қарастырылған құқықтарды пайдалануға құқылы (ҚПК бап 64, 9 бөлігі), және сондай-ақ: оған қандай айып тағылғанын білуге; прокурор бекіткен айыптаушы актінің, қылмыстық теріс қылығы туралы хаттаманың көшірмесін алуға; өз құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы емес құралдар және тәсілдермен қорғауға және қорғану үшін дайындыққа жеткілікті уақытпен мүмкіндікке ие болуға; іс бойынша азаматтық талап қойылуына байланысты өзін азаматтық жауапкер деп таныған жағдайда оның құқықтарын пайдалануға; тергеп тексерудің кез келген сатысында процестік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдемеуге немесе оған келісім білдіруге және процестік келісім жасасуға, процестік келісімнің көшірмесін алуға; қылмыстық істі алқабилер қатысатын соттың қарауы туралы өтінішхат мәлімдеуге құқылы.

Сотталушы құқылы: бірінші және апелляциялық сатылардағы сотта істі соттық талқылауына қатысуға; қорғаушы тараптық барлық құқықтарын, сондай-ақ соңғы сөз құқығын пайдалануға; сот талқылауының кез келген сатысында ынтымақтастық туралы процестік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге немесе оған келісім білдіруге және процестік келісім жасасуға; жасалған процестік келісімнен сот шешім қабылдау үшін кеңесу бөлмесіне кеткен кезге дейін бас тартуға; жария сот талқылауын талап етуге; істі тоқтатуға қарсылық білдіруге құқығы бар.

Сотталған немесе ақталған адамның құқықтары: сот отырысының хаттамасымен танысуға және шағым жасалған шешімдердің көшірмелерін алуға; іс бойынша келтірілген шағымдар мен наразылықтар туралы білуге және оларға қарсылықтар беруге; келтірілген шағымдар мен наразылықтардың сотта қаралуына қатысуға; ынтымақтастық туралы процестік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге немесе оған келісім білдіруге және процестік келісім жасасуға құқығы бар.

Айыпталушыда қорғаушысының немесе заңды өкілінің болуы айыпталушының қандай да бір құқығын жоюға немесе шектеуге негіз бола алмайды.

Негізгі бөлім. Іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру қылмыстық-процессуалдық құқықтың маңызды институттарының бір ретінде ұзақ уақыттар бойы процессуалист оқымыстылардың мұқият назарында болып отыр. Біздің республикамыздың қолданыстағы қылмыстық-процессуалдық заңдылығы бұл институтты мүлде жаңа түрде көрсетіп отыр. Жаңа қылмыстық-процессуалдық Кодекс қабылданғанға дейін күші болған нормалардан анағұрлым ерекшеленеді. Іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұрудың негіздері өзгерді – бұрынғы заңда қарастырылған үш негіздің орнына істі тоқтата тұрудың сегіз негізі енгізілген. Олардың мөлшері өзгеріп қана қоймай, олардың сипаты да өзгерді, егер бұрын іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру негіздері іс бойынша іс жүргізуге айыпталушының (айыпталушы ретінде жауапқа тартылатын тұлға) қатысуға мүмкіншілігінің жоқтығымен байланысты болса, қазір заң бірқатар басқа да негіздерді қарастырады.

Сонымен қатар, өзіне қатысты сот талқылауы тағайындалған, ал жекеше айыптау істері бойынша өзіне қатысты шағымды сот өзінің іс жүргізуіне қабылдаған айыпталушы сотталушы деп аталады. Өзіне қатысты айыптау үкімі шығарылған сотталушы сотталған адам деп аталады. Өзіне қатысты ақтау үкімі шығарылған айыпталушы ақталған адам болып табылады деп көрсетілген.

Қылмыстық процестік кодекстің 45 бабы 1 бөлігі 1-ші тармақшасына сай айыпталушы соттан жасырынған не оның жүрген жері басқа себептермен анықталмаған жағдайда іс бойынша сот ісін жүргізу тоқтатыла тұады және сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері уақытша үзіледі делінген [4]. Айыпталушы ретінде жауапқа тартуға жататын адамның анықталмауымен байланысты іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру. Бұл негіз бойынша алдын ала тергеуді тоқтата тұру қылмыс оқиғасы анықталып, бірақ қоғамдық қауіпті әрекетті жасаған тұлға анықталмаған жағдайларда жүзеге асады. Басқа сөзбен айтқанда қылмыс белгілері анықтағанда, қылмыс әрекеттің болуы дәлелденген, ал кім жасағандығы, анықталмаған. Оқымыстылардың мәліметтері бойынша тоқтатылған істердің жалпы санының 72 пайызы айыпталушы ретінде жауапқа тартылуға жататын адамның анықталмауымен байланысты тоқтатылады.

Берілген негіздер бойынша іс бойынша тоқтата тұру, тергеу тұйыққа тірелгендігін және қылмысты заң мен белгіленген мерзімде ашуға

мүмкіншілік жоқ болуын білдіреді. Қылмыстық процесстік кодекстің 8 - ші бабына сай қылмыстың тез және толық ашылуын процес міндеттерінің бірі болып табылатындығы аталып көрсетілген.

Өкінішке орай не қылмыстың процессуалдық құқықта, не оны қолдану практикасында, не қылмыстық процесс теориясында қылмысты ашудың бірыңғай түсінігі көрсетілмеген. Осы сұрақтың тәжірибелік түсінігі туралы айта отырып А.М. Ларин «Ашылу – жекелеген қылмысқа қатысты қолданылатын, берілген қылмыстың жағдайларын және оны жасаған тұлғаны анықтауды білдіретін түсінік» – деп жазады [5, 74 б.].

Бұл түсініктің әртүрлі аспектілері мен деңгейлері бар. Жедел іздестіру қызметінің көзқарасы бойынша қылмыстық істе күдікті немесе айыпталушы ретінде тұлғаның қатысуына тартатын негіздер белгіленгенде қылмыс ашылған деп тану үшін қажетті, бірақ жеткіліксіз алғышарт болып табылады. Айыптау актісін жасау үшін жинақталған дәлелдемелер жеткілікті деп есептегенде тергеуші қылмыс ашылды деп есептейді. Прокурор тергеушінің ойымен келіссе істі сотқа береді.

Қылмысты ашылған деп соттың тануы айыптау үкімімен көрініс табады.

Қылмыстарды ашпау қиыншылықтарды тексеру процесінде пайда болған салдар ретінде объективті және субъективті себептерге байланысты болады. Объективті себептер ретінде жасалынған қылмыс туралы мәлімет қылмыстық тергеу органдарын кеш түсуін айтады, сақталған қылмыспен қылмыстық іс қорғау арасындағы үлкен интервал, осының салдарынан дәлелдемелік материалдың болмауы және жоғалуы, іс жағдайларының күрделілігі, тергеушінің жұмысының көп болуы және т.б. Осы жағдайлар және басқа да объективті дәлелдемелерді таппай қалу мүмкіншіліктері сонымен қылмыстың ашылмай қалулары жөнінде бірқатар теоретик-процесуалситер, дәлірек келсек Ф.Ю. Бердичевский, Н.А. Якубович, В.М. Быков, А.С. Ломовский өз пікірлерін айтады [6, 87 б.].

Қылмыстың ашылмауының субъективті себептеріне оны жасаған адамының анықталынбағандығы мен байланысты бірқатар жағдайларда анықтау және алдын ала тергеу органдарының қызметкерлерінің кәсіптілігінің болмауы, жұмысты нашар жоспарлау немесе мүлдем болмауы, тергеудің алғашқы кезеңдеріндегі қателіктер, тергеу әрекеттерін сапасыз өткізу және т.б. көптеген. Оларға: тергеушілердің маңызды бөлігінің бұл әрекеттің оң аяқталуына сенбе-

уі, тергеу жүргізуді тоқтатқаннан кейінгі өз міндеттерін тергеушілердің дұрыс білмеуі, сонымен қатар жалпы тергеуді ұйымдастыру жеткіліксіздігімен байланысты.

Қылмыстың ашылмай қалу себептері туралы сонымен қатар қылмысты жөнінде тергеушілердің жұмысын ұйымдастыруды жетілдірудің шаралары туралы тек теоретиктер ғана емес, сонымен қатар практиктерде айтады.

Жоғарыда көрсетілген істі тоқтата тұру негіздерінен бұл негіздің айырмашылығы, бұл жағдайда тергеу орындарына және сотқа жауапкершілікке тартылуға тиіс тұлға белгілі, бірақ оның қайда жүргендігі белгісіз. Істі осы негізге сәйкес тоқтата тұрған жағдайда, қылмыстық тергеу органдарының күші тұлғаның жеке басын анықтауға емес, айыпкерді іздеп тауып, оның алдын ала тергеу жұмыстарына және істің сотта қаралуына қатысуын қамтамасыз етуге бағытталады. ҚР ҚПК-сі 45 бабының 1 тармағының 1 бөліміне сай істер барлық тоқтата тұрған істердің бестен бір бөлігін құрайды.

Осы қарастырылған негізге сәйкес іс жүргізуді тек айыпкерге қатысты ғана қолданылады. ҚР ҚПК-сі 65 – бабына не сәйкес айыпталушы деп алдын ала тергеу жұмыстары жүргізіліп жатқан іске сәйкес айыпкер ретінде жауапкершілікке тартылуға тиіс екендігі туралы шешім шыққан немесе айыптама хаттамасы құрастырылып жауап алу органының бастығының қолымен бекітілген болса (алғашқы тергеу жұмыстары қажетті емес істерге қатысты жауап алынғанда), сондай-ақ сотта соған қатысты жеке айыптау ісі қозғалған (жеке айыптау ісі) тұлғаны айтады. Айыпкердің істе пайда болуын заң қылмысты осы тұлғаның жасағанын негіздейтін айғақтардың жеткілікті болуымен баланыстырады. Сондықтан егер айғақтар жеткілікті болмаса, бұл негіздемеге сай іс жүргізілуі уақытша тоқтатыла алмайды.

Теоретиктердің арасында қылмысты іздестіру органдарының айыптауға дейінгі және айып тағылғаннан кейін де айыпкердің тұрғылықты жері туралы толық мәліметтер болмаған жағдайда істі тоқтатыла алады деген пайымға қарсы кері тартушылық жоқ.

Мұндай келісімшілік түсінікті де, өйткені заңға сәйкес тұлғаны айыпкер деп тану үшін айып тағу міндетті емес айыпкер ретінде жауапқа тарту туралы шешім болса жеткілікті. Тұлға мұндай шешім сырттай қабылданғанда да айыпкер ретінде таныла береді. Сондықтан тұлғаны айыпкер деп танып, оны жауапкершілікке тартуға барлық айғақтар бар болып, айыпкердің

тұрғылықты жері ғана белгісіз болса, тергеуші тұлғаны айыпкер ретінде жауапкершілікке тарту жөнінде шешім шығарып, артынан заңның қажетті талаптарын сақтай отырып істі тоқтата алады.

ҚР ҚПК-сі 45 бабының 1-тармағының 1 бөліміндегі көрсетілген негіздеме екі шартпен біріктірілген істі тоқтата тұрудың екі жеке мәнін қарастырады. Бұл шарт - айыпкердің тұрған жерінің белгісіздігі. Бұл мән мына кездерде көрінеді: егер айыпкердің жауапкершіліктен қашып оның тұрғылықты жері белгісіз болса, қылмыстық жауапкершілікке тарту уақыты тоқтатыла тұрады (мерзімнің тоқтатыла тұруы деген сөз, қылмыскердің өз қылмысын мойындап келуінен кейін немесе оның қолға түсуінен кейін қайта жалғастыруға дейінгі істің мүлде тоқтатылуы. Мұндай жағдайда уақыт тұлғаның жауапкершіліктен қашып кеткенге дейін уақыт пен оның өз кінәсін мойнына алып келуі немесе қолға түсу уақыты қосылып есептеледі, егер айыпкердің тұрғылықты жері анықталмаса, істі тоқтата тұру мерзімі шектелмейді.

ҚР ҚПК-сі 45-бабының 2-тармағының 1-бөлімінде көрсетілген негіздердің жеке мәні істі тоқтата тұруға айыпкердің жауапкершіліктен қашып жүргендігіне немесе оның тұрғылықты жері басқа жағдайларға байланысты анықталмағанына қатысты іс уақытша тоқтатылғандығына тікелей байланысты. Сондықтан бұл жағдайлар алдын алу шаралары туралы, бұрынғы алдын-алу шараларын өзгертуде немесе басқа түрін қабылдау туралы шешім қабылдауда басшылыққа алынады. Бұл жағдайларға ары қарай тергеу шаралары да тәуелді: егер айыпкер жауапкершіліктен қашып кетсе, оны іздестіру шаралары ҚР ҚК 71 бабының 1 бөліміне сәйкес шектеулі уақыттың ішінде емес, қылмыс жасаған күннен бастап 15 жыл ішінде жүреді. Егер айыпкер жауапкершіліктен тен қашпай, тек оның тұрғылықты жері ғана белгісіз болса, іздеу жұмыстары шектеулі мерзім ішінде жүргізіледі. Айыпкердің қашып кеткеніне немесе оның тұрғылықты жерінің кейбір жағдайларға байланыс-

ты болғандығына істі тоқтата тұру мерзімі немесе оның тоқтатылуы байланысты.

Қорытынды. Айыптаушыны қылмыстық ізге түсу иммунитетінен айыру оны шетелдік мемлекеттердің беруі туралы мәселелердің шешуіне байланысты айыпталушының іске қатысуының нақты мүмкіншіліктері болмаған кезде іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру.

Іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұрудың берілген негізгі тоқтата тұрудың екі жекелеген жағдайларын қамтиды; а) қылмыстық қудалау иммунитетінен тұлғаны айыру туралы сұрақтың шешілуімен байланысты және б) тұлғаны шетелдің беруі туралы сұрақтың шешілуімен байланысты. Екі жағдайда да істі тоқтата тұру туралы сұрақ істе айыпталушының қатысуының шынайы мүмкіншілігінің болмаумен байланысты болады.

Кейбір оқымыстылардың пікірі бойынша айыптаушының психикалық немесе басқа да ауыр аурулар істі тоқтата тұру үшін негіз болады, егер ауру өз сипаты бойынша – 1) ауыр; 2) уақытша; 3) емделетін болса.

Біздің көзқарасымызша, психикалық ауру және басқа ауыр ауру туралы бір мезгілде айтылса, онда ондай жалпылау орынсыз, өйткені: біріншіден істі тоқтата тұрудың негізі болып өз сипаты бойынша ауыр болып табылмайтын психикалық бұзылыс (психопатиялық күй, невротения) болуы мүмкін, сондықтан «Тергеушінің қойын кітапшасы» кітабының авторлары кез келген психикалық бұзылыстар істі уақытша тоқтата тұруға негіз болып табылады.

Екіншіден тоқтата тұру көбінесе уақытша психикалық бұзылыстар кезінде мүмкін болса, онда өзгеде ауыр науқастар созылмалы болуы мүмкін болады (қантты диабет, бір қатар басқада соматикалық аурулар). Сондықтан бір немесе өзге де аурулар, іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға негіз болуы мүмкін жағдайларды, психикалық бұзылыстарға қатысты және басқа да ауыр ауруларға қатысты жеке қарастыру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған). (2017.10.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)*
- 2. Уголовный процесс Республики Казахстан: Общая часть. В схемах: Учебно-методическое пособие /Толеубекова Б.Х., Грек Е.Н., Жуманбаева Н.А., Кенжибекова Э.П., Хведелидзе Т.Б.– Алматы: КазНПУ им. Абая, 2015. - 178 с.*
- 3. Ерешев Е.Е. Айыпталушының процесуалдық жағдайы // Заң газеті № 76 (2277) 28 мамыр 2013 жыл.*

4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2018 – 348 б.

5. Ларин А.М. Приостановление предварительного следствия. М., 1994. – 137 с.

6. Бердичевский Ф. Ю., Якубович Н. А. Быков В. М., Ломовский А. С. Приостановление производства по делу. М., 2008. – 214 с.

УДК: 342.56:343.12

МРНТИ: 10.79.21

А.Нуртаева¹

¹магистрант 2-го курса

Института истории и права, спец. – 6М0300100 – Юриспруденция

Научный руководитель: Т.Б. Хведелидзе ю.н., ст. преподаватель

e-mail: khvedelidze_tima@mail.ru

МЕСТО И ЗНАЧЕНИЕ ИНСТИТУТА ЗАЩИТЫ В СУДЕ С УЧАСТИЕМ ПРИСЯЖНЫХ ЗАСЕДАТЕЛЕЙ

Аннотация

Отправление правосудия с участием присяжных заседателей – явление уже достаточно апробированное судебной практикой Республики Казахстан. Институт защиты при таком производстве имеет особое значение в силу того, что основаниями для участия присяжных заседателей являются совершение преступлений, за которые предусмотрено наказание в виде смертной казни или пожизненного лишения свободы, а также иных преступлений, относящихся к тяжким и особо тяжким. Вместе с тем, как устанавливается в ст.630 УПК РК, производство по делам, в рассмотрении которых принимают участие присяжные заседатели, осуществляется в общем порядке с учетом особенностей, предусмотренных нормами глав 65-68 УПК РК. Среди этих особенностей нет норм о правилах осуществления защиты.

Ключевые слова: присяжные заседатели, защитник, институт защиты, отправление правосудия

А.Нуртаева¹

¹Тарих және құқық Институтының 6М0300100 – құқықтану мамандығының 2-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: Т.Б. Хведелидзе з.ғ.к., аға оқытушы

e-mail: khvedelidze_tima@mail.ru

АЛҚАБИЛЕРДІҢ ҚАТЫСУЫМЕН СОТТА ҚОРҒАУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ОРНЫ МЕН МАҒЫНАСЫ

Аңдатпа

Алқабилердің қатысуымен істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыруы Қазақстан Республикасының сот практикасына қазірдің өзінде ресми түрде мақұлда жеткілікті заңды құбылыс. Мұндай жағдайда қорғау институтын жүргізу алқабилердің қатысуы үшін негіз болып табылады, олар үшін ерекше мәні бар екендігін күші түріндегі жаза көзделген қылмыс жасалғаны қатысты өлім жазасы немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру, сондай-ақ өзге де қылмыстар ауыр және аса ауыр. Сонымен қатар, ҚР ҚІЖК 630-құжат белгіленеді, қатысатын істер бойынша іс жүргізу ретінде қарауға 65-68 басшылары ҚР ҚІЖК нормаларына көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, алқабиге жалпы тәртіппен жүзеге асырылады. Осы ерекшеліктердің арасында қорғауды жүзеге асыру ережесі туралы нормалар жоқ.

Түйін сөздер: қорғау институтын, алқабиге, қорғаушы, сот төрелігін жүзеге асыруы

A. Nurtayeva¹
¹undergraduate of the 2nd course
Institute of history and right

Research supervisor: T.B. Khvedelidze
PhD in Law, senior teacher
e-mail: khvedelidze_tima@mail.ru

SEAT AND VALUE OF INSTITUTE OF PROTECTION IN COURT WITH PARTICIPATION OF JURORS

Abstract

Administration of justice with participation of jurors – the phenomenon which is already rather approved by judicial practice of the Republic of Kazakhstan. The institute of protection by such production is of particular importance owing to the fact that the bases for participation of jurors are commission of crimes for which punishment in the form of the death penalty or lifelong imprisonment and also other crimes relating to heavy and especially heavy is prescribed. At the same time, as is established in Article 630 of the Code of Criminal Procedure of RK, affairs production in which consideration jurors take part is carried out in the general order taking into account the features provided by standards of Chapters 65-68 of the Code of Criminal Procedure of RK. Among these features there are no norms on rules of implementation of protection.

Keywords: jurors, defender, institute of protection, administration of justice.

Регламентация порядка судопроизводства с участием присяжных заседателей в УПК РК направлена в основном на установление процедуры формирования коллегии присяжных заседателей и порядка вынесения вердикта. То, что касается защиты подсудимого в суде с участием присяжных заседателей, то здесь каких-либо особенностей практически нет. Все предписания в этой части носят общий характер и сводятся к следующему:

- 1) обязательное участие защитника по делам, по которым лицу может быть назначено наказание в виде лишения свободы пожизненно либо смертная казнь (п.5) ч.1 ст.67 УПК РК);
- 2) участие защитника в первой части прений в суде (ч.1 ст.651 УПК РК);
- 3) участие защитника во второй части прений в суде (ч.4 ст.651 УПК РК);
- 4) право защитника на последнюю реплику в суде (ч.1 ст.652 УПК РК).

Отсутствие в ст.67 УПК РК прямого указания на обязательное участие защитника по уголовным делам, подпадающим под признаки судопроизводства с участием присяжных заседателей, нами оценивается как существенный пробел в уголовно-процессуальном законодательстве по следующим соображениям.

Во-первых, в ч.1 ст.631 УПК РК указываются нормы УК РК, которые являются основанием для производства с участием присяжных заседа-

телей. К таким основаниям по УК РК относятся:

- похищение человека (ч.3 ст.125);
- торговля людьми (ч.4 ст.128);
- вовлечение несовершеннолетнего в совершение уголовных правонарушений (ч.5 ст.132);
- торговля несовершеннолетними (ч.4 ст.135);
- наемничество (ст.170 за исключением ч.4);
- акт терроризма (ст.255 за исключением ч.4);
- создание и руководство преступным сообществом, а равно участие в нем (ст.263 за исключением ч.5);
- контрабанда изъятых из обращения предметов или предметов, обращение которых ограничено (ст.286 за исключением ч.4);
- незаконное изготовление, переработка, приобретение, хранение, перевозка в целях сбыта, пересылки либо сбыт наркотических средств, психотропных веществ, их аналогов (ст.298 за исключением ч.4);
- хищение либо вымогательство наркотических средств, психотропных веществ, их аналогов (ст.298 за исключением ч.4);
- склонение к потреблению наркотических средств, психотропных веществ, их аналогов (ст.299 за исключением ч.4);
- по уголовным делам об убийствах, совершенных в условиях чрезвычайной ситуации и в ходе массовых беспорядков, о воинских преступлениях, совершенных в военное время или боевой обстановке.

Ряд уголовных норм подпадает под признаки производства с участием присяжных заседателей при очень важном условии, а именно: за исключением тех частей соответствующих статей УК РК, по которым санкции предусматривают пожизненное лишение свободы или смертную казнь. Таких составов в ст.631 УПК РК указано 7. Кроме того, в перечень исключений включаются такие деяния, как:

- государственная измена (ст.175);
- посягательство на жизнь Первого Президента Республики Казахстан – Лидера Нации (ст.177);
- посягательство на жизнь Президента Республики Казахстан (ст.178);
- диверсия (ст.184).

В санкциях всех этих статей УК РК предусмотрены пожизненное лишение свободы или смертная казнь. Речь идет о таких уголовных правонарушениях, по которым в уголовном процессе участие защитника является обязательным. Таким образом, складывается ситуация, для которой характерны следующие установки уголовно-процессуального закона:

1) не подпадает ряд составов под условия производства с участием присяжных заседателей, но при этом участие защитника по таким делам является обязательным;

2) ряд составов подпадает под условия производства с участием присяжных заседателей, но при этом участие защитника по таким делам не является обязательным, носит факультативный характер.

Во-вторых, анализ п.5) ч.1 ст.67 УПК РК позволяет считать, что обязательное участие защитника по делам, по которым предусмотрено наказание в виде пожизненного лишения свободы или смертная казнь, не во всех случаях может рассматриваться в суде с участием присяжных заседателей.

Изложенное означает, что законодатель проявляет определенную непоследовательность в тех случаях, когда по ряду составов не разрешает рассматривать дела в суде с участием присяжных заседателей. В связи с этим полагаем целесообразным дополнение ст.67 УПК РК пунктом 12) об обязательном участии защитника по уголовным делам, рассматриваемым судом с участием присяжных заседателей.

Согласно п.3) ст.7 УПК РК присяжный заседатель – гражданин Республики Казахстан, призванный к участию в рассмотрении судом уголовного дела в установленном законом порядке и принявший присягу. Согласно конституционному закону РК

«О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан» присяжный заседатель приравнен к судьбе в той части, которая связана с определением его места в суде как носителя судебной власти. Задача коллегии присяжных заседателей – вынести вердикт о виновности или невиновности подсудимого. Вердикт является базовым документом для председательствующего в судебном заседании при решении вопроса о квалификации деяния по соответствующей статье УК РК и назначении наказания.

Ряд исследователей выделяет характерные черты производства в суде с участием присяжных заседателей, которые состоят в следующем:

1) присяжные заседатели образуют отдельную судебскую коллегию, которая так и называется «коллекцией присяжных заседателей»;

2) к ведению присяжных относятся только вопросы, связанные с доказанностью фактических обстоятельств дела;

3) свой вердикт присяжные выносят не сопровождая его какими-либо объяснениями мотивов своей оценки обстоятельств дела;

4) вердикт является неоспоримым актом по своему существу [1, с.323].

